On the basis of X-ray diffraction data obtained structural diagram of PEG - NaBPh₄ (Fig.1). As evidenced by the experimental data, a block diagram is characterized by five curves. In figure 2, curves 1 and 2 show changes in the content of the polymer and the salt in the system. The intensity of the crystalline PEG lines dramatically decreases with increasing content of the second component and SP/SS=1:1 crystalline polymer lines disappear. Crystalline salts are also reduced

reflections at a ratio of PEG : NaBPh₄ = 6:1, they are not observed. The other curves 3-5 refer to molecular complexes, characterized by interplanar spacing values $d=11.32, 7.36, 6.41, 5.60, 4.79, 4.69, 3.94, 3.70, 3.08 \text{ \AA}$ (curve 3), a set of values of interplanar distances $d = 6.80, 4.79, 4.69, 3.53 \text{ \AA}$ described by the curve 4 and the values $d=7.36, 6.41, 4.69, 3.53 \text{ \AA}$ refer to curve 5. As seen in Figure 1, these curves pass through a maximum and interrupted at certain ratios of PEG - NaBPh₄. Maxima on the curves φ PEG: NaBPh₄ indicate compositions of molecular complexes.

The state diagram constructed on the basis of the melting point of PEG ($M = 15000$) - NaBPh₄, presented in Figure 2.

Melting temperature obtained molecular complexes differ from mp starting components, indicating that the formation of new compounds. These results indicate that the phase diagram is characterized by a single point at distekticheskoy 4:1 (m.p. = 490K) and two points at the peritectic ratio of 9:1 (m.p. = 406K) and 7:1 (ie Sq. = 460K). The eutectic point observed in the ratio 15:1 (m.p. = 328 K). The melting temperature is 338 K. PEG

Liquidus curve and solidus phase diagram is divided into eight fields. Above the liquidus curve ER1R2M TPEG is the liquid phase of the field 1. Other areas have two phases - liquid and solid. In alloys of TPEG to point E liquid phase coexists with crystals PEG (field 2). Liquid phase coexists with crystals of a chemical compound MK1 (box 3). Through the point E A straight horizontal line to a vertical line drawn from a point P1, below it are crystals and crystals PEG chemical compound MK1 (box 4). From the point P1 is held horizontal to a vertical line, which is drawn from the point P2. Below this line (field 6), there are two solid phases-MK1 and MK2 crystals. Curve R1R2 separation of crystals and dissolve crystals MK2 MK1 (box 5). In this region, the liquid crystals coexist with MK2. Coming from the point P2 is held horizontal line to a straight line drawn from the point M. Below this line are MK2 and MK3 crystals (box 8). In the area below the curve P2M (field 7), the liquid crystal mixture coexists with MK2 and PEG. At M the product begins to char. Further, since the composition of 3:1 to 1:1, the melting temperature decreases. Below the curve coexists with liquid crystals MK3.

Compositions formulated for the complexes of the structure diagram (9:1 (MK1), 7:1 (MK2), 4:1 (MK3) coincide with those obtained from the phase diagram.

Complexes MK1 (m.p.=406K) and MK2 (m.p.=460K) incongruently melt and characterized by peritectic points P1 and P2, and the complex of MK3 (m.p.=490K) melts congruently, i.e. distekticheskim with maximum (M). Thus, when comparing the results of X-ray diffraction and optical microscopy revealed a complex three different compositions and structures formed in an aprotic solvent - DMSO. As already mentioned, one of the parameters characterizing the electron-donor solvent is donor number (DN), the proposed Gutman. For a more detailed study of the influence of this factor on the complexation process plotted the melting temperature of molecular complexes from donor number of aprotic solvents (Fig. 3) on the basis of our results 3 and 5.

The figure shows that the melting point of the eutectic and peritectic points does not change with donor numbers. Interesting results were obtained melting points (points distektiki) molecular complexes obtained in different aprotic solvents: here there is a linear relationship between the temperature of melting of the molecular complexes of donor number of solvent, the melting temperature values fall with its growth.

Earlier authors [4] in the allocation system LiBF₄ -PEO ($M= 5 - 106$) from chloroform-acetone obtained high melting product (433K) and from methanol solvating cations low melting (340K). High melting authors refer to continuous highly ordered double-helical segments and low to imperfect maloupyadochennoy their structure. This is confirmed by our data radiographs; Fig. 4. shows a linear dependence of the degree of crystallinity and amorphous complexes depending on the number of donor solvent.

The figure shows that the degree of crystallinity of the largest complexes, and the degree of the smallest in the formation of amorphous them in environments with low donor number.

In environments with low donor numbers, the formation of more complex structures ranked high melting PEG ($M = 15000$) - NaBPh₄ low melting disordered and defective structures in environments with high donor numbers.

REFERENCES

1. Fialkov Y.Y., Zhitomir A.N., Tarasenko Y.A., Physical chemistry of non-aqueous solutions. Khimiya, 1973. 376s.
2. Weisberger, E. Proskauer, J. Riddick, E. Stibbons. Organic solvents. Moscow: IL, 1958. 520.
3. Torebekov O.T., Dzhumadilov T.K., E.A. Bekturov // Bulletin of the KNU. Ser. chem. 2004. T. 35. Number 3. S.296 - 299.
4. Rayne D.R., Wright P.V. // Polymer.1982. V.23. P.690 - 697.

РЕЗЮМЕ

Нурбекова М.А., к.х.н.,

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Торбеков О.Т., Жумадилов Т.К.

(АО Институт химических наук имени А.Б.Бектурова)

ИССЛЕДОВАНИЕ ПОЛИЭТИЛЕНОВЫХ МОЛЕКУЛЯРНЫХ КОМПЛЕКСОВ (M = 15000) ТЕТРАФЕНИЛБОРАТА НАТРИЯ ИЗ ЧИСЛА АПРОТОННЫХ РАСТВОРИТЕЛЯХ

В средах с низкими донорными числами наблюдается образование более упорядоченных высокоплавких структур комплексов ПЭГ (M=15000) – NaBPh₄ и дефектных неупорядоченных низкоплавких структур в средах с высокими донорными числами.

Ключевые слова: донорные числа, высокоплавкие структуры, низкоплавкие

ТҮЙІНДЕМЕ

Нұрбекова М., х.ғ.к.,

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Торбеков О.Т., Жұмадилов Т.К.

(А.Б.Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты АҚ)

АПРОТОННОМ ЕРІТКІШТЕ НАТРИЙ ТЕТРАФЕНИЛБОРАТ САНЫ ПОЛИЭТИЛЕН МОЛЕКУЛАЛЫҚ КЕШЕНДЕРІН (M = 15000) ҮЙРЕНУДІ

Бұл мақалада төмен молекулалы тұздар мен жоғары молекулалы қосылыстардың арасындағы комплекстердің жоғары донорлы ортада түзілу ерекшеліктері жайлы талқыланған.

Түйін сөздер: төмен молекулалы тұздар, жоғары молекулалы қосылыстар, донорлы орта.

ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА
PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTERSCIENCE

ӘОЖ 378.0 16.026.1:53 (574)

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ КӘСІПТІК ОҚЫТУ
ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ – САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ

Г.Б. Алимбекова, п.ғ.д., профессор
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)
Л.Б. Стамбекова, магистрант
(Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Бұл мақалада еліміздің жоғары оқу орындарында білім мен ғылымдағы ең алуан түрлі және болашағы зор қазіргі заманғы білім беру технологиялары ендірілуде. Оқытудың кредиттік жүйесін, қашықтан оқыту формасын енгізуді, маман даярлаудың көпсатылы құрылымына көшуді, оқу үдерісінде қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен сабақ берудің озық әдістерін қолдануды атап айтуға болады.

Түйін сөздер: инновация, технология, үдеріс, қашықтан оқыту.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі білім беру саласына, оның ішінде жоғары оқу орындарында білім беру стратегияларына өзгерістер енгізуді талап етеді. Әртүрлі болжамдардың сан алуандығына қарамастан, қазіргі білім беру жүйесін дамыту үдерісінде жаңа оқыту үлгілеріне, мазмұнына, технологияларына, түрлері мен әдістеріне қатысты шығармашылық ізденістердің қарқындылығымен әрі көп түрлілігімен ерекшеленетінін мойындауға болады. Мұндай даму қоғамды ақпараттандыру технологиясын қарқынды дамыту аясында жүзеге асырылып отыр.

Жоғары оқу орнының *басты мақсаты* – алдыңғы қатарлы жастар тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, жоғары білімді маман иелерін қазіргі заман талабына сай дайындау.

Жоғары білім – маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлға қалыптастырады. Бүгінгі күнгі *педагогика ғылымының көкейкесті мәселелері* – әлемдік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, кәсіби қалыптастырудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық ғылымдарды ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «XXI ғасырда білім беру ісін дамыта білмеген мемлекет құрдымға кетері хақ. Сондықтан біз, болашақта жоғары технологиялық және білікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз қажет. Бұл орайда, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының міндеті – әлемдік стандартқа сай білім беру, ал олардан алынған дипломдар дүниежүзі мойындайтындай болуы қажет. Біз әрбір Қазақстан азаматтарының дұрыс мүмкіндіктермен жоғары білім алуына кепілдік беруіміз қажет», – деген болатын [1].

Бүгінгі күнгі *жоғары оқу орындарының басты міндеті* – білікті мамандарды дайындау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгереді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттің болашақ дамуына арналған «Қазақстан – 2030» бағдарламасында жоғары білімнің сапалылығы, адамсүйгіштігі және жаһандануы арқылы мәдениет жасаушылық,

интеграциялық рөліне ерекше мән берген болатын. Осыған байланысты елімізде жоғары білім беру саласы соңғы жылдары өзгерістерге ұшырап, жаңа бағыт іздеу жолында.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді сараптау нәтижелері «*новация*» мен «*инновация*» ұғымдарын жеке-жеке қарастыру керектігін көрсетті. Дегенмен, әдебиеттерде осы екі ұғымның әртүрлі анықтамалары кездеседі. Энциклопедиялар мен сөздіктерде инновация ұғымының әртүрлі анықтамаларын кездестіруге болады. *Инновация ұғымына* жалпы энциклопедияның жаңа басылымында «инновация, жаңалық, жаңару – техникалық және технологиялық жетістіктер мен ашылымдардың немесе жаңалықтардың іс жүзіндегі қолданысы» деген анықтама беріледі. Ал, сөздікте «новация – бар нәрсенің ішінара жаңаруы, яғни қандай да бір бөлігінің, қасиетінің, байланысының өзгеруі» делінсе, «инновация – мүлдем жаңа нәрсе, жаңалық» ретінде пайымдалады.

«Инновация» сөзі латын тіліндегі *in* (ішіне) *novus* (жаңа) сөздерінен құралып, жаңару, жаңалық, өзгеру деген мағынаны білдіреді. Білім берудегі жаңалықтарды жіктеу барысында *инновацияның* адам қызметінің ең маңызды түрлерінің бірі екендігін ескерген жөн. Бұл қызметті қатаң шектеуге және бөлшектеуге болмайды. Білім берудің барлық құрамдас бөліктері мен аспектілеріне жаңалық енгізу қиын, тіпті мүмкін емес болғанымен, оларды бір құрамдас бөлікке біріктіру одан сайын қиынға соғады. Сондықтан, білім беру мазмұнындағы жаңалықтар міндетті түрде ұйыммен және тиісінше, жұмыс істеу әдістемесімен өзара ықпалдасып отырады.

Инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың тиімділігін бағалау критерийлеріне инновациялық білім беру үдерісінің шынайылығы, жүзеге асырылғыштығы (ресурстық қамтамасыз етілу деңгейі), басқарылғыштығы, инновациялық деңгейі, гуманитарлығы, өңделгендігі және таралу мүмкіндігі жатады.

Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың *ұйымдық-педагогикалық шарттар жүйесі* [2]:

- инновациялық білім беру үдерістері жұмыс істейтін оқу және білім беру ортасының ғылыми әрі оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуін;

- жоғары оқу орындарының инновациялық құрылымын құру кезінде білім беру, ғылыми-зерттеу және коммерциялық (инновациялық білім беру үдерістеріне кететін шығынды өтеу және келешектегі инновациялық білім беру үдерістерін қаржыландыру әлеуетін қалыптастыру мақсатында) іс-әрекеттердің үйлесімділігінің орнатылуын;

- жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқару құрылымының инновациялық білім беру үдерісінің кезеңдерін жүзеге асыратын функциялармен сәйкестігін;

- оқу материалдарының көлемін және пәндік дайындықтың қысқартылған мерзімін ескере отырып, оқыту әдістері мен түрлерінің ең оңтайлы үйлесімділігін;

- оқу материалының кәсіптік бағдарлану, өзекті мәселеге бағытталу және мәселені ашып көрсету деңгейінің қамтамасыз етілуін еңбек нарығы мен білім беру қызметтері нарығының маркетингтік зерттелуін қамтиды.

Қазіргі кездегі жоғары білімнің мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары – өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, гуманистік ойлауы басым, инновациялық ілімімен қаруланған, адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру болып табылады.

Ал енді, жоғары кәсіби білім берудің алдында тұрған неғұрлым маңызды, мәнді міндеттерге келсек, мыналарды бөле-жара атаған жөн:

- *біріншіден*, білім жүйесін жетілдіру;

- *екіншіден*, оны үздіксіз әрі көпсатылы құрылым ретінде енгізу;

- *үшіншіден*, халықаралық білімі кеңістікке кіру.

Бүгінгі таңда бұрынғы жоғары білім беру жүйелерін осы заманғы әлеуметтік, экономикалық даму тұрғысынан жетілдіру талап етіледі. Ең *басты мәселе* – *білімді жетілдіру*, жаңа жүйеге көшу болып табылады.

Еліміздегі жоғары оқу орындарында білім мен ғылымдағы ең алуан түрлі және болашағы зор қазіргі заманғы білім беру технологиялары ендірілуде. Оқытудың кредиттік жүйесін, қашықтан оқыту формасын енгізуді, маман даярлаудың көпсатылы құрылымына көшуді, оқу үдерісінде қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен сабақ берудің озық әдістерін қолдануды атап айтуға болады.

Білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін оны халықаралық стандарттар деңгейіне шығару қажет, бұл бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Болашақ мамандардың шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына, олардың білім беруде кредиттік жүйені енгізу жағдайларында кәсіби хабардарлығының бейімделуі жоғары оқу орындарында оқу үдерістерін ұйымдастыруда сапалы өзгерістердің қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысымызда инновациялық білім берудің өзекті мәселелерін зерттеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін, білім берудегі жаңалықтардың түрлерін, инновациялық үдерістің кезеңдерінің мазмұнын негіздей отырып, тақырыбымызға сәйкес жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың анықтамасын беруге мүмкіндік берді.

Сонымен, *жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастыру дегеніміз* – қазіргі талаптарға сай білім беру саласына жаңа оқу әдістерін ендіру арқылы жеке тұлғаның кәсіби білімі мен біліктілігін жетілдіре отырып, кәсіби қызметке қажетті білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Жоғары оқу орындарындағы *инновациялық білім беру* үдерісін және оның құрамдас бөліктері саналатын оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуын жобалау, қадағалау, реттеу, түзету және ғылыми пайдалылығын анықтау мен сыналған тәжірибені тарату мәселелерін жан-жақты зерттеуге қажеттілік туындайды.

Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісін негізге ала отырып, жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастыру деңгейін анықтауға болады, оларға мыналар жатады [3]: *төмен, орта, жеткілікті, жоғары*.

Төмен деңгей: инновациялық жобаның теориялық жүйесін біледі, бірақ оның тиімділігін жүзеге асыруда ұтқырлық танытпайды; жобаның құрылымдық бөліктерінің үйлесімділігін іске асыруында нақтылық байқалмайды; жобалық идея мен мақсат-міндеттердің нақты білім беру жағдайы мен қолдағы бар ресурстарға сәйкестігін көрсететін инновациялық жобаның шынайылығын анықтай білмейді; инновациялық білім беру үдерісінің келешектегі әрбір қадамы туралы болжамдары мен мәселелерін жүзеге асыруға ынталанбайды.

Орта деңгей: инновациялық білім беру үдерісінің іске асушылығын, яғни ресурстық қамтамасыз етушілігін тануы орта деңгейде; жобаны жүзеге асыру барысындағы өзге де субъектілердің қатысуы, тартылуы, үйлесе жұмыс істеу деңгейін көрсеткенімен, инновациялық жобаның іске асырушылығын толық меңгере алмайды; жобаның басқарылғыштығы, яғни жобаны жүзеге асырудың ұйымдық түрлері мен тәсілдерін таба білуге ұмтылғанымен, белсенділік танытпайды.

Жеткілікті деңгей: инновациялық іс-әрекетке қатысушыларды жаңалық жасауға және өзгерістер енгізуге ынтасы бар; инновациялық жобаның жаңашылдық деңгейін және оның қаншалықты жаңалық әкелетіндігін анықтай біледі; инновациялық үдерістің, яғни жобаның шынайылығын ажырата біледі; инновациялық іс-әрекетке қатысушылардың бойына инновацияларды жүзеге асыруға қажетті білім мен қабілетті жеткілікті дәрежеде меңгереді.

Жоғары деңгей: инновациялық үдерістің, яғни жобаның қаншалықты шынайы өмір сүре алатындығын анықтай біледі; жобаның құрылымдық бөліктерінің үйлесімділігін, ұйымдық, технологиялық, кәсіптік, қаржылық, материалды-техникалық ресурстарын бір-бірімен байланыстыра отырып, сауалға жауап бере алады; инновациялық жобаның өңделгендік деңгейін және инновациялық идеяның ғылыми негіздемесін жоғары деңгейде

жүзеге асыра алады; инновациялық білім беру үдерісінің топтағы адамдардың әрқайсысына нақты қызметтік міндеттемелерді жүктеп, идеяны жүзеге асыра алады.

Жоғары оқу орындарында кең мағынада инновация ұғымының маңызды бағыттарын меңзейтін бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулар және оқулықтар мен әдебиеттердің тапшылығынан көптеген қиыншылықтар кездеседі. Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастыру мәселелері келешекте жан-жақты зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе екендігін айту орынды.

Мұғалім үшін кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін біз жақсы түсінуіміз керек және өмір бойы ізденушілікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін анық аңғарғанда ғана толық нәтижеге жете аламыз. Мұғалімнің әрбір сөзі мен ісі, қимылы, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегінен үлкен орын алады. Сондықтан, әрбір ұстаз үшін оқу мен тәрбие үдерісін ұйымдастыруда мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдануды қажет етеді. Инновациялық білім берудің негізгі мақсаты – еліміздегі білім беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнын толықтай өзгерте отырып, заманына сай мектеп құру және шәкірттер тәрбиелеу деп есептейміз. Қорыта келе, мұғалім – білім саласындағы басты тұлға. Ы.Алтынсарин сөзімен айтқанда «*мектептің жұмыскер жүрегі*». Оларды заман талабына орай даярлау, шеберліктерін шыңдау, біліктілігін арттыруда мұғалімнің кәсіптік деңгейін анықтаудың орны ерекше деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында //Егемен Қазақстан. 14 желтоқсан 2012.
2. Керімбаева Б.Т. Инновациялық білім беру үрдістерінің мәні, түрлері және құрылымы //Ізденіс. – Алматы, 2005. № 3 (2). – Б.303-306.
3. Наин А.Я. Инновации в образовании // Монография. – Челябинск: ЧФ ИРО МО РФ, 1995. – С.288.

РЕЗЮМЕ

*Алимбаева Г.Б., д.п.н., профессор,
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)
Стамбекова Л.Б., магистрант
(г. Алматы, Казахский Национальный педагогический университет им. Абая)*

ПРОЦЕСС ПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ В ИННОВАЦИОННОЙ ТЕХНОЛОГИИ-КАЧЕСТВО ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Главной целью высшего учебного заведения является подготовка образованных и высококвалифицированных специалистов и формирование личности, способной активизироваться в обществе, реагировать на все изменения в нем.

Ключевые слова: инновация, технология, процесс, дистанционное обучение.

SUMMARY

*Alimbekova G.B., d.ped.sc., professor,
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)
Stambekova L.B., master,
(city Almaty, Kazakh State Pedagogical university named after Abay)*

THE PROCESS OF VOCATIONAL TRAINING IN THE USE OF INNOVATIVE TECHNOLOGY, THE QUALITY OF HIGHER EDUCATION

The main purpose of higher educational institutions is training of educated and highly skilled specialists, and forming of personality who is able to survive in modern society and to respond to all its changes.

Keywords: innovation, technology, process, remote learning.

ӘОЖ 517.09

КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ ТҰРАҚТЫ БІРІНШІ ТЕКТІ АБЕЛЬ ТЕНДЕУІНІҢ ЖАЛПЫ ШЕШІМІН ҚҰРУ

А.Ә. Жармағанбетова, магистрант

Б.С. Ханжарова, п.ғ.к., доцент

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Бұл мақалада коэффициенттері тұрақты бірінші текті Абель теңдеуінің жалпы шешімін құру қарастырылады.

Түйін сөздер: Абель теңдеуі, Кардано формуласы, дербес шешім, жалпы шешім.

Коэффициенттері нақты сандар болып келетін бірінші текті Абель теңдеуін қарастырайық

$$y' = y^3 + ay^2 + by + c \quad (1)$$

Бұл теңдеу – бірінші ретті айнымалылары ажыратылып бөлінетін, сызықты емес, квадратурада шешілетін дифференциалдық теңдеу. Солай бола тұра, мұндай теңдеудің жалпы шешімін құру оңай шаруа емес, себебі мына түрдегі интегралды $\int \frac{dy}{y^3 + ay^2 + by + c}$

есептеу, яғни $f(y) = \frac{1}{y^3 + ay^2 + by + c}$ функциясының алғашқы функциясын анықтау,

біршама талқылаулармен талдауларға соқтыратыны белгілі [1].

Сондай-ақ, егер (1) теңдеудің оң жағындағы үшінші дәрежелі төртмүшеліктің түбірлері белгілі болса, онда ол түбірлер аталмыш теңдеудің дербес шешімдері болатынын аңғару қиын емес.

Олай болса, коэффициенттері тұрақты бірінші текті Абель теңдеуінің дербес шешімдері, яғни (1) теңдеудің оң жағын нөлге теңестіргенде шығатын үшінші дәрежелі алгебралық теңдеудің түбірлері Кардано формуласы арқылы қалай анықталатындықтарына тоқталайық [2].

Сонымен

$$y^3 + ay^2 + by + c = 0, \quad (2)$$

теңдеуіне $y = z - \frac{a}{3}$ сызықты алмастыруын енгіземіз.

Нәтижесінде

$$z^3 + pz + q = 0, \quad (3)$$

түріндегі толымсыз кубтық теңдеуге келеміз. Мұндағы

$$p = \frac{a}{3} - \frac{2a^2}{3} + b; \quad q = \frac{a}{9} - \frac{a^3}{27} - \frac{ab}{3} + c.$$

(3) теңдеудің түбірін $z = \alpha + \beta$ түрінде, Кардано формуласы бойынша табамыз.

$$z = \sqrt[3]{-\frac{q}{2} + \sqrt{\frac{q^2}{4} + \frac{p^3}{27}}} + \sqrt[3]{-\frac{q}{2} - \sqrt{\frac{q^2}{4} + \frac{p^3}{27}}} \quad (4)$$

демек,

$$\sqrt[3]{-\frac{q}{2} + \sqrt{\frac{q^2}{4} + \frac{p^3}{27}}} = \alpha; \sqrt[3]{-\frac{q}{2} - \sqrt{\frac{q^2}{4} + \frac{p^3}{27}}} = \beta \quad (5)$$

Ендеше, (3) теңдеудің құрамындағы p және q коэффициенттері үшін α_1, β_1 мәндері және де бұларға сәйкес келетін z_1 шешімі табылады. (3) теңдеудің қалған екі шешімі $\alpha \cdot \beta = -\frac{p}{3}$ шарты орындалатындай, [2] ұсынылған формулалар бойынша анықталады.

Мәселен,

$$\alpha_2 = \alpha_1 \left(-\frac{1}{2} + \frac{\sqrt{3}}{2} i \right); \beta_2 = \beta_1 \left(-\frac{1}{2} - \frac{\sqrt{3}}{2} i \right); z_2 = \alpha_2 + \beta_2,$$

$$\alpha_3 = \alpha_1 \left(-\frac{1}{2} - \frac{\sqrt{3}}{2} i \right); \beta_3 = \beta_1 \left(-\frac{1}{2} + \frac{\sqrt{3}}{2} i \right); z_3 = \alpha_3 + \beta_3.$$

Жалпы (3) теңдеудің шешімдері, дискриминанты деп аталатын мына шамаға $D = -4p^2 - 27q^3$ байланысты $D < 0$, $D = 0$ және $D > 0$ болған жағдайда табылатындықтары, [2] басылымда мейлінше айқындалған түрде, мысалдарды шешу арқылы нақтыланып көрсетілген.

Енді осы айтылғандарды ескере отырып, Абель теңдеуінің дербес шешімдерін табу жолдарын және жалпы шешімінің (интегралының) құрылымын мысалдар шеңберінде көрсетейік.

1-мысал. $y' = y^3 + 3y^2 - 6y - 36$ түріндегі бірінші текті Абель теңдеуін шешу.

Шешуі. Қарастырылған теңдеудің дербес шешімдерін табу үшін, алдымен мына $y^3 + 3y^2 - 6y - 36 = 0$ кубтық теңдеуді шешу керек. [2] көрсетілген $y = z - 1$ алмастыруынан кейін, $z^3 - 9z - 28 = 0$ теңдеуін аламыз.

Теңдеудің дискриминанты:

$$D = -4(-9)^2 - 27(-28)^2 = -18252 < 0.$$

(5) формулалар бойынша сәйкесінше:

$$\alpha = \sqrt[3]{\frac{28}{2} + \sqrt{\frac{28^2}{4} + \frac{9^3}{27}}} = 3; \beta = \sqrt[3]{\frac{28}{2} - \sqrt{\frac{28^2}{4} + \frac{9^3}{27}}} = 1.$$

$$z_1 = \alpha_1 + \beta_1 = 4 \Rightarrow y_1 = z_1 - 1 = 3.$$

$$z_{2,3} = -\frac{3+1}{2} \pm i \frac{3-1}{2} \sqrt{3} = -2 \pm i\sqrt{3} \Rightarrow y_{2,3} = -3 \pm i\sqrt{3}.$$

Бұл анықталған түбірлер Абель теңдеуінің дербес шешімдері, сондықтан бастапқы теңдеуді келесі түрде жазуға болады

$$y' = (y-3)[y - (-3+i\sqrt{3})][y - (-3-i\sqrt{3})] = (y-3)(y+3-i\sqrt{3})(y+3+i\sqrt{3}).$$

Соңғы теңдеуді квадратурада шешу арқылы жалпы шешімнің құрылымын анықтаймыз.

$$\frac{dy}{(y-3)(y+3-i\sqrt{3})(y+3+i\sqrt{3})} = dx \Rightarrow$$

$$\int \frac{A}{(y-3)} dy + \int \frac{B}{(y+3-i\sqrt{3})} dy + \int \frac{C}{(y+3+i\sqrt{3})} dy = x + C_1 \Rightarrow$$

$$A \ln(y-3) + B \ln(y+3-i\sqrt{3}) + C \ln(y+3+i\sqrt{3}) = x + C_1 \Rightarrow$$

$$(y-3)^A (y+3-i\sqrt{3})^B (y+3+i\sqrt{3})^C = C_2 e^x.$$

Жалпы шешімнің құрылымы, жалпы интеграл түрінде анықталды. Мұндағы A , B және C белгісіз коэффициенттер тәсілімен анықталатын шамалар.

2-мысал. $y' = y^3 + 9y^2 - 48y + 52$ теңдеуін шешу.

Шешуі. Бірінші кезекте $y^3 + 9y^2 - 48y + 52 = 0$ теңдеуін шешеміз. Теңдеуге $y = z - 3$ алмастыруын енгізгеннен кейін шығатыны:

$$z^3 - 75z + 250 = 0.$$

Дискриминант: $D = -4(-75)^3 - 27(250)^2 = 1687500 - 1687500 = 0$, демек бұл теңдеудің үш түбірі де нақты сандар [2].

$$z_1 = \frac{3q}{p} = \frac{3 \cdot 250}{-75} = -10; \quad z_2 = z_3 = -\frac{3 \cdot 250}{2(-75)} = 5.$$

Қарастырылған Абель теңдеуінің дербес шешімдері:

$$y_1 = z_1 - 3 = -10 - 3 = -13; \quad y_{2,3} = z_{2,3} - 3 = 5 - 3 = 2.$$

Ендеше:

$$y' = (y+13)(y-2)^2 \Rightarrow \frac{dy}{dx} = (y+13)(y-2)^2 \Rightarrow$$

$$\frac{dy}{(y+13)(y-2)^2} = dx \Rightarrow \int \frac{dy}{(y+13)(y-2)^2} = x + C_3 \Rightarrow$$

$$\int \frac{A dy}{y+13} + \int \frac{(By+C)}{(y-2)^2} = x + C_3 \left\{ \begin{array}{l} 4A + 13C = 1 \\ -4A + C + 13B = 0 \\ A + B = 0 \end{array} \right. \Rightarrow \left. \begin{array}{l} A = \frac{1}{225} \\ B = -\frac{1}{225} \\ C = \frac{17}{225} \end{array} \right\}$$

$$\frac{1}{225} \int \frac{dy}{y+13} - \frac{1}{225} \int \frac{y-17}{(y-2)^2} dy = x + C_3$$

$$\frac{1}{225} \int \frac{dy}{y+13} - \frac{1}{225} \int \frac{(y-2)dy}{(y-2)^2} + \frac{1}{225} \int \frac{15dy}{(y-2)^2} = x + C_3$$

$$\frac{1}{225} \ln(y+13) - \frac{1}{225} \ln(y-2) - \frac{15}{225} \cdot \frac{1}{y-2} = x + C_3$$

$\ln \frac{y+13}{y-2} = \frac{15}{y-2} + 225x + C_4$ – бұл, қарастырылған Абель теңдеуінің жалпы интегралы.

Осылайша, [2] мақалада көрсетілген формулалар негізінде $D > 0$ болған жағдай үшін де, коэффициенттері тұрақты бірінші текті Абель теңдеуінің дербес шешімдерін анықтауға, сонан соң жалпы шешімін (интегралын) құруға әрдайым болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыдыков А.А., Жармағамбетова А.Ә. Абель теңдеуінің қарапайым түрлерін шешудің бір тәсілі, Изденіс-Поиск, №4.– 2013.

2. Хисамиев З.Г., Нұрпейісова М.А. Алгебралық бикуб теңдеуінің шешімділігі, Изденіс-Поиск, №4(2).– 2012.

РЕЗЮМЕ

*Жармағанбетова А.Ә., к.п.н., доцент, Ханжарова Б.С., магистрант
(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

СОСТАВЛЕНИЕ ОБЩЕГО РЕШЕНИЯ УРАВНЕНИЙ АБЕЛЯ ПОСТОЯННЫМИ КОЭФФИЦИЕНТАМИ ПЕРВОЙ СТЕПЕНИ

В данной статье показаны способы определения частных решений и общего решения уравнения Абеля первого рода с постоянными коэффициентами с помощью формулы Кардано.

Ключевые слова: Уравнения Абеля, формула Кардано, однородные решение, общее решение.

SUMMARY

*Zharmaganbetova A.A., cand.ped.sc., associate professor, Hanzharova B.S., master
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

SETTING UP THE SOLUTION ABEL EQUATION BY CONSTANT COEFFICIENTS OF THE FIRST DEGREE

In this article the methods of determination of particular solutions and general decision of equalization of Abel are shown the first family with permanent coefficients with a help formula of Cardano.

Keywords: Abel equation, Cardano formula, general solution, homogeneous solution.

UDC 624.131

NEWLY DEVELOPED METHOD TO PREDICT SLOPE COLLAPSE PLACES INDUCED BY FAULTS COMBINED WITH GAMMA-RAY SURVEY AND AIRBORNE TERRAIN MAPPING

*Naozo FUKUDA, prof.
Tatsuro YOSHIMURA, prof.
Hideki ODA, Consulting Engineers,
Kazuo KAWAMURA
(Japan, Asia Air Survey Co., Ltd)*

Abstract: Many slope collapses were induced by existence of faults in top area of slope zones from geological and topographic surveys. However it is difficult to find the places of fault before

landslide disaster because of round surface conditions. Then the accuracy to find practical fault places from geological and topographic survey was a few meters to several tens of meters. The easy and simple method to determine the size and direction of faults have been developed by authors combined with gamma-ray and magnetic susceptibility survey with 10cm accuracy. Case studies of slope failed places induced by faults by the proposed method are introduced. The usefulness of combined method between airborne laser terrain mapping method and gamma-ray survey method is also introduced.

Key words: Slope failure, Fault, Gamma-ray survey, Magnetic susceptibility, Airborne laser terrain mapping

1. INTRODUCTION

After experiences of the east Japan huge earthquake catastrophe 11 May 2011, prediction of disasters of earthquakes and/or heavy rainfalls are requested more and more for safety and security life for residents. Many slope collapses were induced by existence of fault in top area of slope zones from geological and topographic surveys. To find the places of fault from field survey is difficult before disaster, because almost surfaces are covered by sediments, plants and trees or slope protection works. Then the accuracy to find practical fault places from geological and topographic map was a few meters to several tens of meters. The easy and simple method to determine the size and direction of faults have been developed by authors combined with gamma-ray and magnetic susceptibility survey as 10cm accuracy using scintillation measurement¹⁾ as shown in Fig.1. Case studies of determination of slope-collapse places related with the predicted faults by the method are introduced. In addition to that the usefulness of combined method between airborne laser terrain mapping method and gamma ray survey is also introduced.

2. GAMMA-RAY INTENSITY IN FAULTS

Weak intensity of natural radioactive isotopes such as uranium series elements (^{239}U), and thorium series elements (^{232}Th) are including in rocks and minerals. Gamma-ray can be measured from natural ground and faults. Second author have applied the measuring gamma-ray for the faults appeared on surface after earthquakes as Neodani (Noubi EQ, 1891, M8.0), Satomura (Kita-tango EQ, 1927, M7.3), Tanna (Kitaizu EQ, 1930, M7.3) and Nojima (Hanshin-Awaji EQ, 1995, M7.2). The widths of faults were very narrow as about 10cm from abnormal intensity of gamma-ray just on fault appeared on surface²⁾. From gamma-ray and magnetic susceptibility measurement, abnormal low intensity of gamma-ray intensity was measured in case of high magnetic susceptibility. The magnetic susceptibility is affected by the amount of magnetic mineral. Iron and lead of high atomic number are hard through gamma-ray that means screening effect. From the point of view, low gamma-ray intensity in the faults can be explained as the effect of shielding by containing materials of high magnetic susceptibility as shown in Fig.2³⁾.




Fig.1– Measuring apparatus of gamma-ray Fig. 2– Model of gamma-ray screening effect

3. DETERMINATION OF THE PLACE OF FAULTS BY GAMMA-RAY

Intensity of gamma-ray can be measured by scintillation survey meter TCS-151 (Aloka products, Fig.1). The intensity of gamma-ray can be shown in the unit of $10^{-2}\mu\text{Sv/h}$ and the minimum error is less than 3%. Measurement line (A) is set on about 90 degree against estimated fault direction that is determined from properties by topographical and geological maps. Interval of measuring points was set as 2m-5m in first stage as shown in Fig.3. After finding abnormal intensity of gamma-ray, the interval of measuring points are narrowed up to 10cm and determined

the boundary (pt. a1, a2) between normal and abnormal intensity of gamma ray as shown in Fig. 3. Same procedure is applied in parallel measurement line (B) apart about 1m from measurement line (A) to determine the boundary pt. b1 and b2. The width and direction of abnormal intensity of gamma-ray can be determined from extrapolation between pt.a1 to b1 and a2 to b2. The method should be applied on mountain ridge that the thickness of covered soil or weathered rock is estimated negligible thin. The width and direction of the faults are determined based on the method. However three dimensional properties of the faults in slope should be determined by additional geological survey such as core boring survey or geophysical exploration and so on.




Fig.3– Width and direction of fault determined by gamma-ray survey

4. EVALUATION OF SLOPE FAILURE INDUCED BY FAULTS

Large landslide as about 60m width and 100m length had taken place next to highway by heavy rainfall in July 2009 in Fukuoka Prefecture. Small scale of landslide next to the place had also taken place in 2003 in advance. Granite rock is distributed in this area and fault was estimated the direction of NNE east side of the failure place by geological map and NNE lineament structure was confirmed near failed place by topographic map. Therefore measurement lines of gamma-ray were set on mountain ridge 700m apart from southern direction of failed place as shown in Fig. 4. Fig.5 shows the distribution of measured gamma-ray intensity on the measure line as 9.3-9.2 in average in stable granite rock and 8.5 in fault zone. The direction and width of the fault found to be N17E and 22.2m. Extrapolation of the measured fault was just coincided with failed place that means the slope failure was induced by heavy rainfall in the degraded fault zone.




Fig.4– Relation between fault direction measured by Gamma-ray method and collapsed area at Onojo




Fig.5– Result of gamma-ray survey at Onojo

5. UNSTABLE SLOPE EXTRAPORATED FROM ACTIVE FAULT BY GAMMA-RAY METHOD

Active fault is defined as a fault that is expected to induce an earthquake on the order of 1000 years. In the geological survey on the active fault named Hinatatoge that was shown the direction WNW from geological map along the prefectural road No. 49 in Fukuoka. Two measurement lines of gamma-ray were set 80m length and 3m space on the mountain ridge based on an aerial photo interpretation that was placed on the boundary of rocks between granite and granodiorite. The direction and the width of the active fault was found to be N60W and 19.1m, and intensity in average of gamma-ray in the active fault was 6.86 in granite rock and 3.23 in granodiorite rock as shown in Figs.6 and 7. Slope protection works were found to be applied just the extrapolation of the measured faults as shown in Fig. 8. It suggests slope instability was induced by the active fault named Hinatatoge.

Fig.9 shows the linear relationship between fault width and fault length⁴⁾. By measuring width of faults by gamma-ray for previously reported faults that can be obtain the length of faults. The width of fault can be determined by proposed gamma-ray method. And hence, the effect of faults can be predict for any constructions as slope protection works or foundation works for structures by this linear relationship.




Fig.6– Direction of active fault determined by gamma- Fig.7– Result of gamma-ray intensity in Hinatatoge fault ray in Hinatatoge.




Fig. 8– Slope protection works on the end of extra- Fig. 9– Relationship between width and length polation of active fault estimated gamma-ray survey. for previously reported faults.

5. FAULTS SURVAY BYAIRBORNE TERRAIN MAPPING

There exist difficulty to find the location of the fault affected to slope collapse, because of ground surface covering condition as trees, vegetations, weathered soil or slope protection works as previously mentioned. In case of wide areas survey to find landslide places adjacent to roads or houses, establishment of the system that can be surveyed quickly and efficiently is important. The airborne terrain mapping by three dimensional laser is applicable and efficient to find topographic characteristics of mountain area. The vast increase of the volume of three dimensional topographic data acquired by airborne LIDAR extends the possibility of the visualization method. The

maximum laser pulse frequency of modern LIDAR system has reached more than 250 kHz. In addition to such high reputation rate, multiple surveys over same area achieve 0.3 to 0.5 meters per point data resolution. High resolution three dimensional topographic data potentially holds useful information which cannot be expressed by ordinal visualization method. The new visualization method, Red Relief Image Map (RRIM) is based on multi-layered topographic information computed from gridded three dimensional data (DEM).

Fig.10 shows the example of comparison of color level slice (contour lines) and Red Relief Image Map (RRIM) from airborne terrain laser survey⁵⁾.




Fig.10– Comparison of color level slice (contour, left) and Red Relief Image Map (RRIM, right) from airborne terrain laser survey

By using the system topographic characteristics can be easy-to-understand of three dimensional excluding tree conditions. The figure shows fault existence. Combined this system and gamma-ray survey method can be efficient for prediction of landslide occurrence.

6. CONCLUSIONS

The easy and simple method to find the existences and determine the size of faults was developed by combining with gamma-ray and magnetic susceptibility survey. The method is applied on mountain ridges without thick sediments or weathered layers. Checking intervals points of gamma-ray intensities on the survey line can be narrowed to 10 cm. From two survey lines the width and direction of the faults can be determined.

Case studies of gamma-ray survey to determination of slope-collapse places related with the predicted faults were introduced. Another case study of airborne terrain mapping by three dimensional laser was introduced with Red Relief Image Map (RRIM). Easy and simple method and easy-to-understand presentation of tree dimensional can be efficient to prediction of landslide occurrence affected by fault existences .

REFERENCES

1. Yoshimura T. Fukuda N Method of predicting slope collapse places combined by gamma-ray and magnetic susceptibility survey. International Symposium on Advanved Technology of Preventive Measures against Landslides FUKUOKA, 2011.– P. 273-277
2. Yoshimura T. The method of gamma-ray Survey to investigate active fault, Active Fault Research 10. 1992. –P. 73-83 (in Japanese)
3. Yoshimura T. Magnetic susceptibility affecting gamma-ray around fault. GET Kyushu 33: in printing (in Japanese). 2012.
4. Yoshimura T. Activity level evaluation of active fault by fracture width - Relational expression of fracture width and fault length -, Active Fault Research 33. 2010. – P. 39-49 (in Japanese).
5. Chiba T., Kaneta S., Suzuki Y. Red Relief Image Map: New visualization method for three dimensional data. International Achieves of the Photogrammetry, Remote Sensing and Spatial Information Sciences, Vol. XXXVII. Part B2, Beijing. 2008. – P. 1071-1076.

РЕЗЮМЕ

*Наозо Фукуда, профессор, Татсуро Иошимура, профессор,
Хидеки Ода, Инженер-консультант, Казуо Кашамура
(Япония, Обследование воздуха Азии, Лтд)*

МЕТОД ПРЕДВАРИТЕЛЬНОГО РАСЧЕТА ЛИНИИ ОБВАЛА ЗЕМЛИ С ОБЗОРОМ ГАММА-ЛУЧА

В этой статье были рассмотрены легкий и простой метод для определения размера и направления разломов, который был разработан авторами в сочетании с гамма-излучениями и магнитной съемки восприимчивости с 10 см точности. Также были рассмотрены и введены полезность комбинированного метода между бортового лазерного метода отображения местности и методом гамма-съемки.

Ключевые слова: Наклонная неудача, ошибка, обзор гамма-луча, магнитная восприимчивость, бортовое лазерное отображение ландшафта.

ТҮЙІНДЕМЕ

*Наозо Фукуда, профессор, Татсуро Иошимура, профессор
Хидеки Ода, Инженер-консультант, Казуо Кашамура
(Жапония, Азия ауа зерттеу компаниясы)*

ГАММА-СӘУЛЕСІМЕН ЖЕРДІҢ ОПЫРЫЛУ ҚИСЫҒЫН АЛДЫН АЛА ЕСЕПТЕУ ӘДІСІ

Бұл мақалада автор 10 см дәлдіктен магниттік түсірілім мен гамма сәулелердің сәйкестігін, күйреу бағыттары мен мөлшерін анықтаудың қарапайым әрі жеңіл әдістерін қарастырады. Сондай-ақ, гамма-түсірілім әдісі мен борттық лазерлік әдістің жердегі шағылысы арасындағы аралас әдістің пайдасы мен оны енгізу жайы қарастырылған.

Түйін сөздер: Қисық сәтсіздік, қате, гамма-түсірілімі шолуының, магниттік ұғымдылық, ландшафттың бүйір лазер кескіні.

ФИЛОЛОГИЯ–PHILOLOGY

ӘОЖ 82(091)

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

*Л.М. Әділбекова, ф.ғ.к. профессор м.а.
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Белгілі бір қоғамда өмір сүріп, одан тысқары ойлау мүмкін еместігі сынды, қызмет аясына қарамастан сол қоғамның мүшесі ретіндегі әр адамның азаматтық позициясын анықтайтын, көрсететін де публицистика саласы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда кенес қазақ журналистикасының көш басында тұрған қайраткерлердің бірі немесе бірегейі – қазақ поэзиясының Құлагері, ақын Ілияс Жансүгіровтің публицистикалық мұрасын арнайы сараптап, оқырманға ұсыну әдебиет тарихы мен қазақ көсемсөзінің даму барысын зерттеушілерге де, ілиястанушыларға да игілікті іс болары анық.

Түйін сөздер: қазақ көсемсөзі, публицистика, Ілияс Жансүгіров, өнертану, музыка, фельетон, әдебиет, журналистика.

Кез келген мемлекеттегі төртінші билік өкілдері саналатын журналистердің бүгінгідей ақпарат ағымының әлемдік өркениетті интернет арқылы алқымға алған дәуірінде алқалы жиынға салып, ақылға салар өзекті мәселелерінің бірі, әлбетте, отандық журналистиканың кешегісін түгендеп, бүгінгісін саралап, болашағын түзеу, ұлтқа, мемлекетке қызметі тұрғысынан сара жолын айқындау болып табылары анық. Қай кезеңде болмасын өз уақытындағы қоғамның тыныс-тіршілігінің айна-қатесіз көрінісі болып табылатын журналистиканың салмағы батпан, сұрауы мың сан сала екендігін де мойындайық. Белгілі бір қоғамда өмір сүріп, одан тысқары ойлау мүмкін еместігі сынды, қызмет аясына қарамастан сол қоғамның мүшесі ретіндегі әр адамның азаматтық позициясын анықтайтын, көрсететін де осы сала. Бұл тұрғыда, бүгінгі ой өзегі де, кеңес қазақ журналистикасының көш басында тұрған қайраткерлердің бірі немесе бірегейі – қазақ поэзиясының Құлагері, ақын Ілияс Жансүгіровтің публицистикалық мұрасы турасында болмақ.

1925-1928 жылдар аралығында Мәскеу журналистика институтын тәмамдаған ақынды алғашқы қазақ кәсіби журналисі ретінде қабылдауға да болар. Ұлы ақынның қаламгерлік көп қыры оқушысын тамсандырған сұлу поэзиясының көлеңкесінде қалып қойғандығы белгілі. Соның бірі – ақынның публицистикалық бай мұрасы. Бұл мұра – әртүрлі жанрды қамтитын, тақырыптық ауқымы кең, тілі құнарлы, арнайы ой жүгіртуді сұранып тұрған еңбектер. Әсіресе, талантты жазушы арнайы оқуды аяқтаған соң, қазақ әдебиеті тарихының белесті кезеңінде, отызыншы жылдар публицистикасының түрлі жанрында тамаша туындыларды дүниеге әкелді. Олар Ілиястың уытты фельетондары, әдебиет, өнертану, музыка саласындағы өзіндік ой-талғам, ізденістерге толы мақалалары, білікті журналистің ел өмірінен жазған тамаша очерктері, Қазақстан Жазушылар Одағын басқарған қоғам қайраткерінің қоғамға, әдебиетке қатысты жасаған баяндамалары, сын-пікірлері тағы басқалар. Түйінін айтсақ, қазақ шежіресі, ел, жер тарихы, құнарлы тілі, дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, бай ауыз әдебиетінің інжу-маржандары сынды бір ұлттың бар байлығын барынша нар бойына сіңірген, тума дарын мен сұңғыла білім иесінің, кемел таланттың өзін қоршаған ортадағы түрлі жайттарға қарата айтқан парасатты ойлары, тегеурінді пікірлері, көркем бейнелі очерктері мен ақынның азаматтық тұлғасын айқындайтын сан салалы мақалалары.

Ілияс публицистикасы тақырыбы сан тарау, танымдық мәні терең әрі жан-жақты шығармалар. Ілияс очерктері – сол дәуірдің айнасы іспетті болып келсе, оның мақалалары – оның әдебиеті мен мәдениетінің, әлеуметтік өмірінің дамуында елеулі үлесі бар, қала берді сол кездегі қазақ зиялылары мен қалың оқырманға, әлеуметтік ой-пікір ағымына өзінің жүйелі ойлары, саналы пікірлері мен тұжырымдары арқылы қозғау салған, тіпті негіз болған әрі ғылыми, әрі әдеби-көркем, әрі тарихи мәні мол туындылар. Бұған қоса, публицистика дегеніміз – сол кезеңдегі ұлт қайраткерлерінің еңбегі мен өмір жолынан мол мәлімет беретін, құнды деректерге толы дүниелер болатындығы да ақиқат.

Жалпы ақынның мақалалары 1923 жылдан бастап өмірінің ақырғы сәтіне дейін мерзімді баспасөзде жарық көріп, өмірдегі азамат, қоғам, қалам қайраткері Ілиястың өзіндік үнін, жүрекжарды сырын танытып отырған шығармалар. Ақынның өз қолымен жазған өмірбаянына кезек берсек. «1920 жыл ақтар жеңіліп, алаштар тарады. Кеңес өкіметі орнады. Ел аш. Жұттан шыққан жұрт. Аштарға бидай үлестіретін ауылдағы комитетінің мүшесі болып қызмет істедім. Алғашқы әлеумет қызметім осы. ...Күзге ...оқу іздеп, Тәшкенге келдім. ...Тәшкенде алғаш қазақ-қырғыз оқу институты ашылған екен. Көзтаным таба алмай, көп қиындықпен соның оқытушылар дайындайтын екі жылдық курсына кірдім... Қазақ ана тілін, орыс таңбасын содан бастап оқыдым. ...Театрда роль алып ойнадық. «Ақ жол» газетіне корректор боп кірдім. Кейін Мұратбайұлы Ғанидың ұйыстыруымен «Жас алаш» газетін шығардық. Оның алғашқы нөмірінің бас мақаласын жаздым. Ол нөмірде «Жалпы жасқа» деген үгіт өлеңім басылды. Алғашқы басылған өлеңім осы шығар деймін. (Айта кету керек: «Жыл құсы» деген журналдың алғашқы санында Бәйділдәұлының мені ұлтшыл деп көлденең тартатын өлеңі осы. Ол күндегі менің саяси сауатым анау болатын. Жалғыз мен емес, ол уақытты талай қазақтың тап мәнісін ұғына қоймаған кезі еді. «Жас алаш» деген газетінің атынан да тануға болады. Осылай өсу қазаққа табиғи жол еді. Іштен туа интернационалист

едім деген құр жанғайла. Өтірік. Қазақтың тарихи өсуінің шеңберіне сыймайтын алыпсатарлық. Ондай жолдастар өзін де, өзгені де алдайды, ол қиянат» [1]. Әдебиеттегі алғашқы қадамын осылайша журналист қаламымен қатар бастаған қарымды ақын келе-келе сол кезеңдегі кеңестік өмір көріністері мен әдебиет, өнер, театр мәселелеріне қатысты келелі ой, сындарлы соны пікір айта білген ұлт қайраткеріне айналды.

Мысалы, Ілиястың Абай шығармаларына қатысты айтқан пікірлері күні бүгін де бағасын жойған жоқ. Ұлы ақынның шығармаларын тереңнен зерделей келе, Ілияс, Абайды жазба әдебиеттің басы деп санауға іңкәр етіп отырған оның тек жаңашылдығы, қазақ өлең құрылысына кіргізген жаңалықтары ғана емес, сонымен қатар, «Абайдың жалпы өлеңінің дені сау, тілі таза. Абайдың өлеңі таудан тасыған бұлақтай сарқырап жатса, сөздері сол бұлақтың түрлі тасындай жарқырап жатады. Абайдың тарихи зор еңбегі «тіл өнерін жасап, қазақтың жабайы тілінен үлгілі, өнер әдебиет тілін жасағандығы» [2,61б.] деп толымды қорытынды жасайды. Осы ойын дәлелдей түсу үшін Абайдың қазақ өлеңіне 14 түрлі өлең өрнегін қосқанын айта келе, «Абай өлең түрін жасауға қызмет еткен жазушы. Абай бұрынғы қазақтағы өлең, жырлардың өлшеу үлгілерін кеңітудің үстіне араб, парсы, шағатай, орыс өлеңдерінің үлгісін кіргізіп, қазақ әдебиетін жаңалаған адам» [2,62 б.] деп тарихи мәнді қорытынды жасайды. Оның шығармаларынан, өлеңінің әуез ырғағынан күйлі, ырғақты, сорғалап келетін талай өлеңдерді тауып, «Абайдың жыры ырғақ, музыка дыбысы құрылысы жағынан төгіліп кетеді. Өлең ұйқасындағы етістіктердің сайдың тасындай ірі, қимылды, қозғалысты көрсетудегі жандылығы» [2,64 б.] ақындық шеберліктің, талант қуаттылығының, өлең көркемдігінің белгісі деп айрықша қадірлейді.

Профессор Т.Кәкішевтің қазақ әдеби сынының тарихын зерттей келе көрсеткеніндей: «Ілияс Жансүгіровтің Абай жинағына жазған алғы сөзі ұлы дарынның ерекшелігін бірқыдыру аңғарған, кезеңдік эстетикалық талап-талғамның ауыр жүктерін көтерген еңбек болды. Осындай еңбектердің дүниеге келуі Абайды дұрыс тануға жаңа кілт, жаңаша көзқарас тауып, нақты жүзеге асыру қажеттігі аңғарылып, мәнді сыни-ғылыми ой-пікірге үлкен арна дайындады. Көптеген мақалалар мен еңбектердің осындай ерекшелігі де, қате-кемшілігі де Абайдың алғашқы кезеңінің 1918 – 1933 жылдарға тұспа-тұс келеді. Сөйтіп сыншылық ой соны арна тауып, ғылыми процеске ұласа бастады» [3]. Сұлулық пен тазалықты, даналық пен жаңалықты көзімен ғана емес, көңілмен де көре біліп, әсемдіктің нәзік қауыздарын таңғы күн шапағындай аша біліп, әуенді сым пернелерін жүрек дүрсілімен баса білген Ілияс ақынның сөз дүлдүлі Абай туралы сыни ойлары қай қырынан алсақтағы ұлттық ақыл-ой қазынасының асыл мұрасынан табылары анық.

Отандық көсемсөз қоржынындағы Ілиястың қазақтың күйлерін жинау, әндерін сақтау, өнерін бағалау, жаңа театрларының жұмысын жандандыру мен артистерінің қабілетін лайықты бағалау турасындағы жазған өзекті мақалалары күні бүгін де шұрайлы тілімен де, тура айтқан соны ойларымен де бағасын жойған жоқ.

Ілияс Жансүгіровтың 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің 18 июль күнгі санында жарияланған «Қазақ күйлері жиналсын», осы газетте 1931 жылы жарық көрген «Ән, әншілер жайында» деген көлемді мақалаларын алсақ, әлбетте, поэзияда «Күй» (1929ж.), «Күйші» (1935 ж.), «Құлагер» (1936 ж.), «Көбік шашқан» (1937 ж.) сынды поэтикалық пафосы биік өнер тақырыбындағы шығармаларды дүниеге әкелген ақынның музыканың тілін, ұлттың өнерін, қазақтың қанымен келген асыл мұрасын терең білгендігі, терең түсінгендігі анық. Өнер, өнер адамының жан дүниесі мен табиғатын, тарихтағы, қоғамдағы рөлін тани біліп, терең көрегендікпен түсініп:

Қобызшы Молықбай шал Матайдағы,
Матайда – Кенже, Тұңғат Сақайдағы.
Қазақта қобызшының қалғаны сол,

Жорға еді маймаңдаған бақайшағы,- деп басталатын «Күй» поэмасын алсақ та, ақынның «Күйші» поэмасындағы сол тарлан таланттың тамаша дүниелерінің тыңдаушы құлаққа әсерін, тоқсан ауыз сөзбен жеткізуге қиналатын қасиетін табиғаттың тілсіз үн, ойшыл әуенімен жеткізе білген тыңдаушыға әсерін табиғатпен тілдестіріп:

Күн тыңдап, кірмей тұрды ұясына,
 Бұлт тыңдап мінбей тұрды тау басына.
 Мақұлық жерде, көкте маужырады,
 Қараған бір жан болмай шаруасына.
 Су ақпай жатты тоқтап арнасында,
 Қарғалар қалқып қалды жар басында.
 Сүйсініп домбыраны тыңдады жұрт,
 Тырп етпей, тілеулес боп зарласынға.
 Қалмақтың қақты қара жорғасына,
 Айналды ақ алмастар қорғасынға.
 Мәжіліс, міне, осындай болып жатты,

Бір кеште хан Кененің ордасында, – деп тамаша суреттейді. Күй мен күйші қадірін білген ақын қазақтың құдіретті күйі мен тарлан күйшілерін, олардың асыл бағасын ерте түсініп, ол мұраның бүгіні мен ертеңі үшін аянбай еңбек етті. Ел өнерінің кәусар бұлақтарының бірі – қазақ күйлері, күй өнері халқымыздың мәдениетінде қызыл тілден кейінгі алдыңғы орынды алса керек-ті. Тіпті тілмен жеткізе алмаған сәтті күймен жеткізген сәттер тарихымызда аз ба? Қасиетті домбыра мен қоңыр қобыз үні – халық үні емес пе еді? Қара қазақтың мұңдасы да, сырласы да күйі емес пе еді? Күйді ұмыту – күйді түсінбеуге, күйді түсінбеу – ата-дәстүр, салт-санадан қол үзіп, кей ұрпақтың мәңгүрттенуіне әкелмей ме сынды ақынның жанайқайы мақалаларынан көрініс тапты.

Қазақ музыка қорының алғашқы қарлығашындай сол жылдары жарық көрген Затаевичтің «1000 әнін» қуана қолдаған Ілияс, барша жұртқа осы кітапты үлгі ете отырып, тез арада қазақтың бар күйлерін жинауға, Затаевич сынды мамандарды пайдаланып қалуға шақырады. «Қазақта күй көп» деп мамыражай жүре бермей, барды қастерлеп, сақтап қалуға шақырды. Жаңа заман ағымымен, ойын-сауықтан гөрі елдің жан бағу жайымен шаруадарлыққа ойысып бара жатқанын ерте түсінген Ілияс, қазақта әрбір рудың, әрбір жер мөлшеріне сәйкес елдің өзіндік күйі, ол күйдің өзіндік мазмұны мен мәнері бар екендігін айта отырып «бүкіл қазақ күй мұрасы атаусыз, атқарусыз жатқан мол қазына, қалай да қазақ күйлерін жинау керек» деп бебеу қағады. Мақалада: «Елдегі ескі күйші шалдар өлген сайын күйлеріміз көрге көмілуде. Біздің елде ертеректе Тойтан деген бір шал қырық күй тартады екен. Ол күйлердің бұл күнде біреуін де ешкім білмейді, тек күй аттарын айтып аңыз қылысады. Сүйтіп Тойтан өлімі қырық күйді ала кетіп отыр. Жалғыз Тойтан емес, толып жатқан домбырашылар, күйшілер күйімен бірге зым-зия жоғалып жатыр. Елден жастан домбыра шығу, жаңадан күй шығу өте сирек» [2,319 б.] – дей отырып, барлық газет-журналдарды, тілшілерді жер-жердегі күй аттарын жинауға, олардың мазмұндарын, білетін күйшілердің аты-жөндерін жазып алып, жинап, жариялауға шақырды. Осы істің көшбасшысы ретінде Ілияс осы мақалада Жетісудың Талдықорған уезіндегі Ақсу болысындағы домбырашылардың күйлері мен Қарқаралының арғын Манас-Мандар руынан Алматыға келген домбырашы бала Манарбектің білетін отыз күйі деп, барлығы 68 күйдің атын тізіп жазған. Мақаласында автор газет бетінің күйлердің мазмұнын да көрсете кеткенге тарлық еткенін ескерте кетеді. Бұл Ілиястың айтқан күйлерін жақсы білгендігін көрсетсе керек.

Ілиястың өнер тақырыбындағы, мәдениеттану саласындағы құнды бір еңбегі – оның «Ән, әншілер жайында» деген мақаласы. Мақаланың 1931 жылы жазылғанын ескерсек, бұл уақытта қазақ арасынан қазақ әндерін жинап, зерттеген білікті музыка мамандарының әлі шыға қоймаған кезі. Қазақ әндерін ұлт мәдениеті, ұлт өнері деген кең ұғымда түсініп, сол кездегі қолда бар ел әндерінің қандай күйде, қалай туған, заманымызға лайық па, жоқ па деген сияқты салалы сұрақтарына жаны ауыра жауап іздеп, оларды өз ой елегінен өткізе отырып, ақынның қазақ әндеріне жасаған өзіндік классификациясы тілге тартымдылығымен, ойға қонымдылығымен, ғылыми тұжырымдарының дәлдігімен, пікір дәмділігімен толғантады. Әрбір халықтың өзінің қанымен келген, тағдырына семген, табиғатынан туған, дәстүрлерін қуған, тек сол ұлтқа ғана тән әуені, әндері болатыны әркімге аян. Сондықтан да

болар, бұл әндер, бұл әуендер ешбір бақырма, секірмесіз-ақ жүрек қылдарын дәл тауып, алпыс екі тамырыңды иітіп жатады. Мұның себебін сыншы былай түсіндіреді: «...Бір елдің шаруа күйі, қоғам құрылысы өзінше күйді, әнді, ырғақты тілейді. Ән-күй сол елдің әлеумет-шаруа (социал-эконом) тұқым (антропол) жүйесінің жемісі болды... Осы екі жүйе әр елдің ән-күйіне өзінше таңба салады, мөр басады». Ойымыз түсінікті болуы үшін Илиястың мына бір сөздерін де келтіре кетейік: «...Ән туу үшін алдымен әнші туады. Әнді шығарушыны әнді тыңдаушы тудырады. Тыңдаушы дегеніміз – әр дәуірдегі ел, соның ішінара табы, тобы болады [2,327-328б.]. Илияс ел музыкасын, яғни қазақ әндерін үлкен-үлкен үш салаға топтайды, олар – ой музыкасы, сөз музыкасы, қимыл музыкасы.

Құлақтан кіріп бойды алар,

Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең – менше сүй...- деген Абай сөздерін Илияс осы салаға жататын әндерге лайық айтылған дей отырып, бұл топтағы әндердің басты ерекшелігі сарынында, әуенінде екендігін, өздеріне лайық сөздері болғанымен, негізгі салмақ әуеніне түсіп, сөздің тек көмекші құрал ретінде ғана қолданатындығын тілге тиек етеді. Себебі, бұл ойлы әндерді ...сөзсіз ыңыранып айтса да сарынды ой салады, – деп тұжырымдай отырып, мұндай ой әндерінің орындаушыларына – Қали, Әміре, Манарбек т.б. жатқызады.

Екінші үлкен сала – өзіндік әуені, ырғағы бар, сөз музыкасына жататын әндер тобы. Ақынның бұл саладағы негізгі критерийі – айтылған әнде сөздің, айтылған ойдың негізгі басым рөл атқарып, ал айтылу сарынының тек қосымша рөлді ғана алатындығында. Мұнда ән сарыны тұйықтау, үн мен ой салатын ырғақтан гөрі сөз салмағы басым болады. Ән сөзге еріп, сөз әнге жетекші болады. Біздің ел әніндегі жыраулардың, ел ақындарының қолданысы осы үлгі болады, – деп қорытындылайды Илияс. Бұл топқа зерттеуші қазақ тарихында аты қалған жырауларды, ақындардың әндерін, сонымен қатар ақынның замандасы Исаның «Желдірмесін» қосқан.

Үшінші үлкен сала – қимыл музыкасы. Атауының өзі айтып тұрғандай, бұл жердегі басты критерий – қимыл-қозғалыстың, яғни бидің рөл атқаруы. Домбырамен қосылып, биін тамашалау болмаса, жалпы би өнерінің о кезде көмескі тартқан кезеңі екендігі белгілі жайт. Мұндай әндердің де әлі қазақ музыкасында аздығын ескере отырып (сол кездегі – Л.Ә.) Елубай, Құрманбек сияқты әншілер іздене түссе, қазақтар қала тұрмысына үйрене түссе, бұл саладағы әндер де көбейе түсіп, халыққа қызмет етер дегендей ой айтады көреген ақын. Журналист Жансүгіров бұл мақаласында қазақ әндерінің табиғаты туралы да кесек-кесек келелі ойлар айтқан. Қазақ халқының көшпелі, ұлан-байтақ кең даласы, тұрмыс-тіршілігі өз әндеріне де таңбасын салған дедік. Бұл жағдай қазақ әндерінің өзіндік түрі мен композициясын дүниеге әкелді. Кең-байтақ далада, сұлу табиғат аясында төрт түлікпен бірге өріп, бірге жусаған, малмен кіндіктес, кентсіз (қаласыз) елдің әндерінің ырғағы, сарыны өзгеше. Бұны Илияс: «Қазақтың әндерінде кең даланың, ертеңгі-кешті, ұзақ күннің, күзеткен сары таңның, шусыз тыныш табиғаттың, баяу, жуас айналаның, жалқаулықтың, сылбыр өнімсіз еңбектің, ұзын сонарлы күштің сарыны басым болатындығы – сол қазақтың қоныс, шаруа, әлеумет жағдайларынан болу керек», – деп түсіндіреді. Илияс қазақ әндерінің көпшілігі мұңмен сарындас, күйінді, зарлы келеді, мұның себебі, табиғатпен тағдырлас елдің жұт, боран, қасқыр, ауру сықылды алғалы тұрған табиғат жаулары алдындағы тәуелділіктен туса керек деген ой айтады. Оның үстіне «бір-бірімен шабысқан қазақ, жауынгершілік заманы, азың әлсіздігі, әлсіздің қорғансыздығы, әдеттің күштілігі, әйелдің теңсіздігі, жүрек демінің іштен, тыстан еріксіздігі, еңбекке қырсыздығы – осының бәрі азап, бәрі мұң емес пе еді? Ендеше, тіршілік сарыны – әндегі сарын мұң басым болмай, не болатын еді?» – деген сынды зерделі пікірге келеді.

Илияс қазақ әндерінің сарынына географиялық ортаның да әсері барын айта келіп, бірнеше мысал келтірген. Арқа әндерінің аспанға өрлеп басталып, созылып, неше қайырып, толқып-толқып тоқталатыны – Арқа жеріндегі айдала, құба-құба жон, қырқа-қырқалатып барып тастағаны сықылды. Қарқаралы, Баян, Көкшетау, Ертіс бойы асқақтатып шырқап

салса, Орал, Бөкей жағы қоңыр жыраулатып, құба жондатып, ыңыранып келеді. Жетісу жеңіл-желпілете аяң жорғалау келсе, Сырдария мыңқылдайды. Қойшының «әлаулайы», «Алпамыс» эпостық жырындағы «Шөре-ай, шөре-ай» да қазақ тіршілігінің бір көрінісі іспеттес. Қаламгер әрбір ой тұжырымында бұлардың өз болжамдары екенін, тексеруді тілейтінін ескертуді де айтып отыруды ұмытпайды.

Ілияс көрсеткен ел музыкасының екі түрлі қасиетіне де толық қосылуға болады. Оның бірі – халық әндерінің түбінде бір адам шығарғанын мойындай отырып, ауыздан-ауызға, құлақтан-құлаққа иесін керек қылмай көшіп отырып, ауыз әдебиетіндей ортақ мұраға айналып кеткендігі де, екіншісі – көп әндердің бірсарындас келетіндігі. Әсем әнді шығарушы шын талант сирек те, әнді үйренуші, салушы, тіпті жаңғыртушы көп. Осындай өзгертіп, өңдеп салушылардың көптігінің де әсері болса керек. Әннің, әуеннің бойына сол әнді шығарушының қоғамдағы орны, ой-санасы, табиғи тұрпаты да таңбасын салады. Бұған Ілияс Бұхар жырау әндерінің толғау ырғағында, дүниені кезіп, жер жаннатын іздеген Асан қайғы әндерінің безілдеу, зарлау сарындас келетінін, бұған Біржан мен Әсеттің өрлемпаз келетін, Жаяу Мұсаның жаңа сарынын мысалға келтіреді. «Бұхар жырау әнін толғау ырғағына қарай бұқараға түсініксіз ханға, биге, батырға арналған түйткілдеу, сұрай тастау ырғағына салса, Асан Қайғы ашықтан-ашық зарлау, қоныс іздеу, дағдару, безілдеу сарынымен кетсе, қу тілді ақын Құлдың (кісі аты) әні моқалдау, ақырын ыбыр, шымшымалау келеді». Ілияс сол кездегі қазақ әншілерін екі топқа жіктеген. Бірінші топқа, дала музыкасының әрі актеры (салушысы), әрі авторы (шығарушысы) бола білген музыка таланттары, ән шығарушылар – Біржан, Ақан, Әсет, Жаяу Мұсаларды кіргізеді. Артына тамаша ән мұрасын қалдырған бұл дала композиторларын ақын «әнді тыңнан салу» қасиетіне қарай топтаса, екінші бөлегін әнді «тыңнан салмай, бар арнаны қолдай салушылар» деген айдармен Әміре, Қали, Балабек, Пысмылда, Манарбек сияқты әншілерді атайды. Әйтсе де, әрқайсысы ән салатын, қоржынынан ел әндерінің небір сирек нұсқаларын табуға болатын тігінші емес, бүтінші болса да, жасаушы емес, жамаушы болса да, елден-елге кезіп жүрген әндердің ең асылдары осыларда болатынын Ілияс ескерте кетеді. Қазақ музыка өнерінің шын жанашыры бола білген Ілиястың әндер, әншілер туралы бұл мақаласының да қазақ әдебиеті мен қазақ өнері тарихынан алатын орны ерекше екендігі анық.

Тыңнан тұжырым жасап, баянды ойға бастау бола білген, өнер тілін өз тіліндей жеткізе білген Ілияс Жансүгіровтің өнер, мәдениет, әдебиет тақырыптарындағы публицистикалық мақалалары отандық көсемсөз антологиясынан өзіндік орны бар лайықты мұра болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ілияс Жансүгіров. Алматы облысының мемлекеттік мұрағаты. – Алматы: Үш қиян. 2006. – Б. 17-23.
2. Ілияс Жансүгіров. Бесінші том. – Алматы: Жазушы, 1988. – 368 б.
3. Кәкішев Т. Қазақ әдеби сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – Б. 413-416.

РЕЗЮМЕ

Адилбекова Л.М., к.ф.н., и.о. профессора

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ПУБЛИЦИСТИЧЕСКОЕ ДОСТОЯНИЕ ИЛИЯСА ЖАНСУГУРОВА

Публицистика является инструментом самовыражения и отражает гражданскую позицию человека. Изучение публицистики Кулагера казахской поэзии Илияса Жансугурова имеет особое значение для исследователей истории казахской литературы и публицистики.

Ключевые слова: публицистика, Илияс Жансугуров, искусствоведение, музыка, фельетон, литература, журналистика.

SUMMARY

*Adilbekova L.M., candidate of philological sciences, acting professor,
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

PUBLICISTIC HERITAGE OF ILIAS ZHANSUGUROV

Journalism is a tool of expression and reflects the citizenship position of human. Studying journalism of Kulager Kazakh poetry Ilias Zhansugurov has a particular importance for researchers of history of Kazakh literature and journalism.

Keywords: publicism, Ilias Zhansugurov, art studies, music, satirical article, literature, journalism.

ӘОЖ 372.8:811.111

ИНТЕРАКТИВТІК ОҚЫТУ – ОҚУ ҮРДІСІНІҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІНІҢ БІРІ

*Л.А. Исембаева, аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану ғасыры екенін айта келіп, қазіргі кезде «Қоғамды ақпараттандыру», «Білім беруді ақпараттандыру» деген сөз заманауи технологияларды көптеп және оларды тиімді пайдалану жайы айтылған. Сондықтан білімді мықты тұғырлы етіп қалыптастыру үшін интерактивті тақталар мен компьютерлік бағдарламалардың және интерактивті оқытудың білім беру ісіне тигізер ықпалының маңыздылығы зор. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдануы туралы сөз етіледі.

Түйін сөздер: техникалық құралдар, жаңа тәсілдер, ақпараттық қоғам, педагогикалық технология, кейс әдісі, модерация.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңі Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың негізі болып отыр және басты мәселелердің бірі де осы. Бұл ХХІ ғасыр – ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет пен интерактивті ресурстармен жұмыс жасайтын ғасыр. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану ғасыры. Сол білімді мықты тұғырлы етіп ұйымдастыру мен қалыптастыру үшін интерактивті оқытудың білім беру ісіне тигізер ықпалы мол. Сондықтан мұғалімдер оқытудың қазіргі педагогикалық технологиялардың мән-мағынасын терең түсініп, өз тәжірибесінде қолданудың маңызы өте зор.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Қазіргі мектептердің практикалық қызметіне жинақталған барлық игіліктердің сақталуы. Қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық-қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып, жұмылдыру мақсатын көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практика, жаңа қарым-қатынас жасаулары қажет» деп атап көрсетілуі мұғалім іс-әрекетіне жаңа бағыт сілтейді. Кез келген педагогикалық технология әдіснамалық, философиялық теория негізінде дайындалады. Қазіргі кезеңде педагогикалық технологиялардың көпшілігі оқушылардың тұлғасын жоғары құндылық ретінде жағымды қабылдауға, өзара әрекеттестікте теңдік қалыпта сенімге кіруде көрінетін ізгілікті бағытты бейнелейді. Дұрыс құрастырылған технологияның маңызына көңіл аударсақ, ол педагогикалық үрдістің тұжырымдамасына

сәйкес болу керек және оқу-тәрбие үрдісінің ерекшелігін жүзеге асыруға арнап және тиімділігін, педагог пен оқушының шығармашылығын арттыруға тиісті. Мұғалімдердің педагогикалық технологияны тиімді қолдануы оның кәсіби іс-әрекет объектісінің заңдары мен заңдылықтарын, қозғаушы күші мен механизмдердің терең және негізгі түрде білінуіне тікелей байланысты.

Мұғалім педагогикалық үрдісті жүзеге асыру теориясы мен технологиясын меңгере отырып, іс-әрекет пен қатынасты алдын ала дайындалған оқушылармен ғана емес, бүкіл сыныппен (топшамен) ұйымдастыра алады. Басқа қазіргі педагогикалық технологиялар мұғалімдер арқылы проблемалық оқыту және т.б. технологияларға негізделіп «құрастырылуы» мүмкін. Жалпы, педагогикалық технология түрлерін таңдау білім беру саясатына, білім беру реформасына, дидактикалық тұжырымдамаларға немесе оқыту теориясы, мақсат пен тәрбиелеу және оқыту міндеттеріне, педагогтық кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттеріне, әдіснамалық бағытына байланысты жүзеге асырылады. Оқытудың жаңа технологиясы – алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс-құрал және түрлерінің жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолы. Сөйтіп, оқыту технологиясында мазмұн, әдіс және құралдардың өзара байланысы мен себептілігі жатыр, ал қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты. Ғылыми әдебиеттерге берілген анықтамалардан біз «технология» – *techné* – өнер, шеберлік және *logos* – ғылым, заң, бір сөзбен айтқанда, технология дегеніміз – шеберлік туралы ғылым екенін көреміз. Жалпы алғанда, оқу мазмұнының мақсаты – оқушының қабілеттілігі мен табиғи алғырлығын, ынтасын дамыту, мүддесі мен қызығуын жүзеге асыруын қамтамасыз ету, шығармашылық ойын қалыптастыруға қажетті білім, білік және дағдыларымен қаруландыру арқылы кез келген салада қызмет етуге және тез өзгеріп отыратын заман талабына бейімделе алатын түлектерді тәрбиелеу. Оқытудың жаңа технологиясы оқыту теориясын бейнелейді және оқытудың технологиялық деңгейін көрсететін стратегиясы мен тактикасы болып табылады.

Мектептің білім беру үрдісінде ұжымдық оқыту ерекше орын алады. Ұжымдық оқыту білімді жеке тұлғаға қарай бағыттай беру технологиясына жатады. Ұжымдық атқарудың негізі 1930 жылдары еңбек еткен практик-мұғалім А.Ривиннің ізденісінен туған. Ұжымдық оқыту технологиясының маңызын ұлы педагог Я.Коменский дәлелдеген. Жалпы педагогикалық технологияларға тиесілі мынадай маңызды белгілері бар: жүйелілік, стандарттау, педагог пен оқушылардың біріккен іс-әрекеттері, адамзаттың тарихи ресурстарының оңтайлылығы мен бірлігі. Білім берудің бүгінгі бағдары – шығармашылық қабілеті бар адамдардың жаңа генерациясын, дамыған дүниетанымдық мәдениеті бар, дүниеге этикалық жауапкершілікпен қарайтын ұшқыр ойлы, қиындықтарға төтеп бере алатын ұрпақты қалыптастыру. Аталған қасиеттер оқушылардың танымдық мотивациялары мен белсенділіктеріне ықпал ететін оқытудың интерактивтік әдістерін тиімді әрі шеберлікпен қолдану арқылы қалыптасады. Н.Ярошенко, С.Смирнов, Л.Семушина, В.Лядис, А.Смалкин сияқты ғалымдар өз еңбектерінде оқу үрдісінде оқушылардың белсенділігін арттыруда оқытудың белсенді әдістерін қолданудың маңыздылығын атайды. Оқытудың белсенді әдістеріне бағдарлап оқыту, проблемалық оқыту, интерактивтік оқыту жатады.

Интерактивтік оқыту – ақпараттық технологиялармен, дистанттық білім берумен, интернет ресурстарын қолданумен, электрондық оқулықтар мен анықтамаларды, онлайн режиміндегі еңбектерді пайдаланумен байланысты. Қазіргі интерактивтік оқыту әдістері мен формаларына төмендегілер жатады: кейс әдісі (нақты өндірістік жағдайларды талдау); дербес және топтық тәжірибелік жаттығулар; жағдайларды моделдеу; эвристикалық әңгіме; дискуссия (пікірталас); бизнес – жоспар және әртүрлі бағдарламаларды жобалау.

Интерактивтік оқыту әдістері мен түрлерінің ішінде кейс әдісі мен модерациялық оқыту түрі білім беру жүйесінде қолданылып жүр. «Кейс» сөзі ағылшынша «case» – «жағдай» дегенді білдіреді. Кейс әдісі – нақты экономикалық және әлеуметтік жағдайларды сипаттауда қолданылатын оқыту техникасы. Ең алғаш «Кейс – стади» 1924 жылы Гарвард

университетінде қолданылды. Кейс әдісіне моделдеу, жүйелі талдау, проблемалық әдіс, ойша эксперимент, сипаттау әдісі, топтастыру, пікірталас, ойын әдісі кіреді. Бұл әдістерді, әсіресе, шет тілі сабағында көп қолданып жүр.

Модерация – латын тілінде «реттеу», «басқару», «жетекшілік ету» дегенді білдіреді. Модерация оқытуда инновациялық және интерактивтік оқыту әдістерін қолдану арқылы жүргізіледі. Модерация ең алғаш рет XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында Германияда экономика мен саясат саласына демократиялық жағдайларды енгізу мақсатында қолданылды. Қазіргі кездері Еуропа елдеріндегі мектеп ісін ұйымдастыру мен басшылық етуде қолданылады. Модерацияның негізгі элементтеріне жетекшілік және көмек көрсетушілік, білімді жетілдіру курстары визуализация, білім беру үрдісінің ұйымдастырылған құрылымы (дербес жұмыс, жұптасқан жұмыс, топтық жұмыс, кері байланыс, ұжымдық жұмыс), шағын топтардағы жұмыс, кері байланыс орнату, жағымды климат орнату жатады.

Заман талабына қарай әр мұғалім өз іс-әрекетіне қажетті өзгерістерге сай әртүрлі тәжірибелер жөніндегі мәліметтерде жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар, мектептегі оқу-тәрбие жүйесі, мұғалім – оқушы арасындағы қарым-қатынас, жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр. Сондықтан келесі ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің қызметін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жолдардың бірі – педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдіру болып табылады.

Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық мәселені шешуге көмектеседі. Яғни, базалық білімді меңгеру, алған білімді жүйелеу, өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру, оқуға деген ынтасын арттыру, оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істеуге әдістемелік көмек беру, ақпаратты меңгеруін тексеру. Сонымен, интерактивтік тақта сабаққа қатысушылардың барлығының ойын бір ортаға жинақтауға көмектеседі. Сабақ уақытын үнемдеу, демонстрациялық материалдар даярлау мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланудың қажеттілігі жоғары. Ол оқыту мазмұны, әдісі мен ұйымдастыру түрлерінің өзгерісін тездетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан 2030» бағдарламасы. – Алматы, 1998.– 140 б.
2. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жолдары. – Алматы, 2006. – 241 б.
3. Қадірқайырұлы Қ., Монахов В.М., Оразбекова Л., Әлдібаева Т. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы, 1999. – 196 б.
4. Оспанбекова Н.Ж., Чанбаева М.Қ. Болашақ мұғалімдерді дайындауда ақпараттық технологияларды пайдалану. – Алматы, 2013. – 245 б.
5. Авдарсолқызы С., Авдарсолұлы М. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқыту. – Алматы, 2013. –198 б.
6. Қармысова Л. Интерактивтік оқыту // Қазақстан мектебі. 3/2011.

РЕЗЮМЕ

Исембаева Л.А., старший преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ИНТЕРАКТИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ – ОДИН ИЗ НОВЫХ МЕТОДОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

В данной статье рассматриваются методы преподавания иностранного языка с помощью инновационных и информационных технологий. В статье разработаны полезные методики развивающего обучения на уроке иностранного языка. И указываются пути их введения в учебный процесс.

Ключевые слова: технические инструменты, новые методы, информационное общество, педагогическая технология, метод кейс, модерация.

SUMMARY

Issembayeva L.A., senior teacher

(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

INTERACTIVE TRAINING – ONE OF THE NEW METHODS IN THE TEACHING PROCESS

This article deals with the methods of teaching a foreign language with the help of innovative and informational technologies. Also the ways of using useful techniques of developing teaching at the lessons of foreign languages are designed.

Keywords: technical instruments, new technologies, information society, educational technology, case method, moderation.

ӘОЖ.811.111 (075.8)К88

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Д.Т. Кушанбаева, магистрант

*(Алматы қ., Шет тілдер және
карьера университеті)*

Аңдатпа: Қазіргі таңда елімізде білім беру мазмұнын жаңарту мәселесіне ерекше мән беріліп, оқытудың ерекше тәсілдерімен жаңаша оқыту технологиясын енгізіп, оқушылардың білім сапасын көтеру – басты міндеттердің бірі болып отыр, яғни білім беру алдындағы басты міндет – қазіргі қоғамға жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті, өзгермелі жағдайда өз іс-әрекеттерін шығармашылықпен ұйымдастыра алатын тұлғалар дайындау, заман талабына сай құзіретті тұлға қалыптастыру. Мақалада шетел тілі сабақтарында коммуникативті құзіреттілікті дамыту мәселесіне, коммуникативті сабақ түрлеріне анықтама берілді және оны сабақ барысында қолдану жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: коммуникативті құзіреттілік, коммуникативті сабақ, шетел тілі, рөлдік ойындар.

Қазіргі таңда елімізде білім беру мазмұнын жаңарту мәселесіне ерекше мән беріліп, оқытудың ерекше тәсілдерімен жаңаша оқыту технологиясын енгізіп, оқушылардың білім сапасын көтеру басты міндеттердің бірі болып отыр, яғни білім беру алдындағы басты міндет – қазіргі қоғамға жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті, өзгермелі жағдайда өз іс-

әрекеттерін шығармашылықпен ұйымдастыра алатын тұлғалар дайындау. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделген, жан-жақты, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру – біздің басты мақсатымыз» деп өзінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында тұжырым жасады.* Қазіргі педагогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «күзиреттілік» болып отыр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды күзиреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген [1]. Күзиреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Күзиреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Күзиреттілік дегеніміз – тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік, күш-жігердің болуы. Ол ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады [2]. Күзиреттілік – оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі. Сонымен, оқытудағы күзиреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Күзиреттілік тәсіл бірінші орынға оқушының хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіңдерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады. Шетел тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативтік күзиреттіліктерін қалыптастыру мен дамытудың маңызы зор. Оқушылар қарым-қатынас моделдерін, мәдениеттік стереотиптерді, мәдениет образдары мен символдарын білулері керек. Бұл оқушылардың шетел тілінде ерін-еркін сөйлесуін қамтамасыз ете алады. Ахмет Байтұрсынұлы: «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» дегендей, мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы айтылып кеткен күзиреттілік арқылы айқындалады.

«Коммуникативтік күзиреттілік» (латынның «competere» – қол жеткізу, сәйкес келу сөзінен шыққан) – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Оқушы хат жаза, анкета толтыра, арыз жаза, сұрақ қоя, пікір таластыра т.б. білуі тиіс. Коммуникативтік күзиреттілік – екінші тілді үйренуші оқушыларға тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстыру. Коммуникативтік күзиреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі [3]. Білім берудің негізгі нәтижесі ретінде мектеп түлегі оқушыда, яғни жеке тұлғада төмендегі күзиреттіліктер болуы тиіс: құндылықтарды бағалау қасиеті – жаңа қоғам өмірінде өз рөлін таба білу біліктілігі, азаматтық белсенділігі, саяси жүйені түсіну, ең алдымен өз жерінің, Отанының патриоты болу. Өз халқының және әлем елдерінің мәдениетін түсіну, білу, бағалау, жалпы адамзаттық мәдениеттің жетістіктері мен этномәдени құбылыстарды тану. Адамдар мен өзара іс-әрекет және қарым-қатынас жасау тәсілдерін білу, түрлі әлеуметтік топтармен жұмыс істеу. Өз бетінше іздей білу, талдау, таңдап алып өзгерте білу, ақпараттық технологияны игеру. Жанұяда, еңбекте, экономикада, саяси, қоғамдық азаматтық тәжірибе мен білімге ие болу. Әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасап, шешім қабылдай білу. Өзіндік қадір-қасиет сезімін ұйымдастыра білу, өз мүмкіндігін нақты даму жоспарларымен салыстыра білу. Оқыту үрдісінде оқушының өз еркімен білім алуына, материалды ойлау қабілетіне бағыттауға, оқытуды жаттанды түрде емес, шығармашылықпен меңгертуге көңіл бөлу қажет. Оқушы қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, өзін қызықтырған істе белсенді, ақыл-қабілеті

дамыған, сондықтан шығармашылық оған шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Оқушылардың шығармашылығын дамыту жолдарын ақпараттық және коммуникативтік құзіреттіліктер арқылы іске асыруға болады. Осыған орай заманауи шетел тілі сабағы оқушылардың бойында коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыруға және дамытуға бағытталған болуы қажет. Ең алдымен оқушылардың тілдік құзіреттілігін дамытуға көңіл бөліну керек, атап айтқанда берілген тақырып көлемінде оқу, сөйлеу, жазу және тындап түсінуде мәдениетаралық қарым қатынас құруға жаттықтыру. Осы мақсатқа жету үшін коммуникативтік үлгідегі сабақтарды ұйымдастыруға үлкен мән берілуі тиіс. Олар төмендегідей сабақ түрлерін өткізу:

- конференция сабақ
- жарыс сабақ
- дөңгелек үстел сабағы
- сынақ сабақ
- экскурсия сабақ
- музыкалық калейдоскоп сабағы
- хайуанаттар әлеміне саяхат сабағы
- спектакль сабағы және т.б.

Жоғарыда аталған коммуникативтік үлгідегі сабақтар дәстүрлі сабақтарға қарағанда оқушылардың бойындағы адамгершілік қасиеттерін оятып, оларды тәрбиелік пен жолдастыққа, саналылыққа, әлеуметтік негіздердің қалыптасуына, халықтар арасындағы ынтымақтастық пен достыққа, сыйласымдыққа әсерін тигізеді. Мұндай сабақтарда оқушылардың ұжымдық ой-пікірлері қалыптасып, сыныптағылардың пікірі бойынша тұжырым жасауды, ортақ іске өз үлестерін қосуды, жолдастарының жауаптарына пікір айтуды, әртүрлі ойларды сын елегінен өткізуді, дұрыс ұсыныс жасай алуды үйренеді. Сабақта ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттердің мәдениеті мен өз елінің мәдениетін қатар қарастыру оқушылардың әлеуметті мәдениеттілік құзіреттілігін дамытуға ықпал етеді. Мысалы: сабақта оқушылар Ұлыбритания мен Қазақстанның мерекелері жайлы өтеді. Осы тақырыптарды өту барысында ағылшын тілінде мерекелерге байланысты бейнефильмдер көрсетіп, оларды талдау, біздің мемлекетімізде тойланатын мерекелермен салыстыру. Венн диаграммасы арқылы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Сонымен қатар коммуникативті құзіреттілікті дамыту үшін тақырыпқа байланысты диалог, қойылымдар әзірлеу, рөлдік ойындар ойнау т.с.с. тапсырмаларды орындатуға болады. Коммуникативті біліктілікті дамытуда үлес қосатын сабақтың бірі конференция сабағына тоқтала кетейік. Конференция сабағы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, олардың ағылшын тілінде коммуникация жасай алуына мүмкіндік туғызады. Конференцияға дайындық кезінде оқушылар өз бетімен баяндама тақырыптарын таңдайды, зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында алынған нәтижелер бойынша есеп беруге дайындалады. Конференцияны арнайы бір сыныпта немесе мектепшілік сипатта да өткізуге болады. Конференцияны өткізудің бір түріне симпозиум жатады. Симпозиумда мұғалім жалпыға ортақ бір мәселені дайындап, ал оқушылар сол мәселе төңірегінде өз ойларын жазбаша және ауызша даярлайды. Конференция сабағын ұйымдастыруда оқушылардың сабаққа белсенділігі мен әр оқушының білімін жеке бағалауға мүмкіндік береді [4].

Жалпы коммуникативті құзіреттілікті дамытуда рөлдік ойындардың орны ерекше. Себебі, ойын оқушылардың бір-бірімен, мұғаліммен әрекеттесуге деген талпынысын жандандырады және әңгімелесу барысында теңдік шартын тудыру арқылы мұғалім мен оқушы арасындағы дәстүрлі кедергіні жояды. Ойын өз-өзіне сенімсіз, ұялшақ балаларға сөйлеу арқылы сенімсіздік кедергісін жоюға көмектеседі. Ойын арқылы оқушылар әңгімені бастау, оған ілесу, қолдау, әңгімелесушінің сөзін бөлу, оның ойымен келісу немесе келіспеу, сұрақтар қою сияқты қарым-қатынас элементтерін меңгереді. Рөлдік ойын шетел тілінің әлеуметтік қолдануына сезімтал болуды үйретеді. Жақсы әңгімелесуші көбіне тілдік құрылымдарды дұрыс қолданатын адам емес, серіктестердің түскен жағдайын талдап, түсіне алатын және бар мәліметтерді ескере отырып, әрекеттесу үшін ең қолайлы лингвистикалық

тәсілдерді қолдана алатын адам болып табылады. Жалпы ойын оқушылардың танымдық мүддесінің қалыптасуына жағымды әсер етіп, шетел тілін жақсы игеруіне әсерін тигізеді. Және олар оқушының бойындағы дербестік, талапшылдық сияқты қасиеттерді дамытып, ұжымшылдық сезімін тәрбиелейді. Оқушылар белсене жұмыс істеп, бір-біріне көмектесіп, жолдастарын мұқият тыңдайды, ал мұғалім тек бақылаушы, оқу қызметін басқарушы болады. Рөлдік ойынға қойылатын негізгі талаптарды атап көрсетуге болады:

- Ойын оқушыларды ынталандырып, тапсырманы дұрыс орындауға деген ниеті мен қызығушылығын тудыруы керек және оны адекваттық шынайы қарым-қатынастық жағдаяттар негізінде құрастыру керек.

- Рөлдік ойынды мазмұны жағынан да, формасы жағынан да жақсылап ойластырып, нақты ұйымдастыру қажет. Оқушылардың берілген рөлді жақсы сомдаудың қажеттілігіне сенімді болуы керек. Сонда ғана олардың сөздері шынайы және сенімді болады.

- Рөлдік ойын бүкіл топпен қабылдануы керек.

- Ол міндетті түрде мейірбандық, шығармашылық атмосферасында өтіп, оқушылардың бойында қуаныш және қанағаттану сезімін тудыруы керек.

- Оқушы рөлдік ойын барысында өзін неғұрлым еркін сезінсе, әңгіме барысында ол соғұрлым белсенді және бастамашыл болады. Уақыт өте оның кез келген рөлді сомдай алатынына деген сенімділігі арта түседі.

- Ойын оқушылар белсенді тілдік қатынаста өтіп жатқан тілдік материалды анағұрлым тиімді қолдана алатындай етіп ұйымдастырылуы керек.

- Мұғалімнің өзі міндетті түрде рөлдік ойынға және оның тиімділігіне сенімді болуы қажет. Тек сонда ғана ол жақсы нәтижеге қол жеткізе алады. Ойынға дайындық кезеңінде және ойынның өту барысында мұғалімнің рөлі үнемі ауысып отырады. Бастапқы кезеңде ол оқушылардың әрекетін белсенді түрде бақылап отырса, кейін ол тек сырттан бақылайтын болады.

- Сабақта жанға жайлы жағдай жасап, мейірбандық атмосферасын тудырудың маңызы өте зор [5].

Ойын барысында мұғалім өзіне бір рөлді алуына болады, бірақ ол басты рөл болмауы керек. Ондай жағдайда бұл кәдімгі мұғалімнің басқаруымен іске асатын жұмыс формасы болып қалады. Ойын барысында мықты оқушылар нашар оқитын оқушыларға көмектеседі. Ал мұғалім көмегі қажет болған балаларға жақындап әңгімелесу үрдісін басқарады және керек болған жағдайда түзету жасап отырады. Ағылшын тілі сабақтарында рөлдік ойындарды жиі қолдану – практикалық міндеттермен қоса білімділік және тәрбиелік міндеттерді де шешуге ықпал етеді. Оқушылар өздерін еркін ұстап, кез келген тапсырмаларды орындауда белсенділік танытады. Тіпті нашар оқитын, өз-өзіне сенімділігі төмен балалардың да белсенділігі, өзіне деген сенімділігі артады. Оқушылар тіл тасушылармен қарым-қатынас жасауға қорықпай, тіпті бастамашылдық пен белсенділік танытады. Тіл тасушымен әрекеттесудің өзі коммуникативтік құзіреттілікті дамытуда өте маңызды қадам, өйткені тіпті тілді білетін ересектердің өзі көп уақытта тіл тасушымен тілдесуге бата алмайды. Оның себебі, бойында қате сөйлеп қалу, түсіне алмау сияқты үрейдің болуы, яғни уақытында коммуникативті құзіреттілігін дұрыс дамытпаған деп білемін. Сондықтан оқушыларымыз жаңа заман талабына сай білімді, жан-жақты, мәдениетті, өмірге икемделген тұлға болуы үшін оның бойында жоғарыда аталып кеткен жеті құзіреттілікті дамыту мұғалімнің қолында.

Қорыта келгенде, шетел тілін үйретуде коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру – заман талабы. Сондықтан оқушыларымыз жаңа заман талабына сай білімді, жан-жақты, шетел тілінде өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, мәдениетті, өмірге икемделген тұлға болуы қажет. Ал жоғарыда аталып кеткен коммуникативті үлгідегі сабақтар оқушылардың оқу-танымдық ынтасын, белсендіру міндеттерін шығармашылықпен шешуге, өз көзқарастарын қалыптастыруға, ойлауға, тұжырым жасай алуға, білімдерін жүйелі түрде толықтыруға, тереңдетуге, ағылшын тілінде қатесіз еркін сөйлеу дағдыларын дамытуға жағдай туғызады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
2. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М., 1991.–189 с.
3. Левитан К.М. О содержании понятия «коммуникативная компетентность». Перевод и межкультурная коммуникация. / К.М. Левитан. – Екатеринбург: АБМ, 2001. №.2. – С.89-91.
4. Сысоев П.В. Развитие умений учащихся воспринимать текст на средней и старшей ступенях общего среднего образования // Иностранные языки в школе, 2007.
5. Филатов В.М. Методическая типология ролевой игры // Иностранные языки в школе, 1989.

РЕЗЮМЕ

Кушанбаева Д.Т., магистрант

(г.Алматы, Университет иностранных языков и деловой карьеры)

ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

В статье говорится о формировании коммуникативной компетенции у школьников среднего образования на уроках английского языка. Определены виды коммуникативных занятий и использования их на уроках английского языка. На сегодняшний день, процесс обучения изменился в соответствии с социальным заказом общества, как и его цели и задачи. В частности, большое внимание уделяется развитию учебного процесса, ведутся новые технологий. Главная задача государственной образовательной системы формирование языковой и речевой компетенции учащихся понимание образцов и умение строить высказывание по аналогии, решать реальные задачи общения средствами иностранного языка, формирование коммуникативной компетенции.

Ключевые слова: компетентность, коммуникативный урок, иностранный язык, ролевые игры.

SUMMARY

Kushanbayeva D.T., master

(University of foreign languages and professional career)

WAYS OF FORMING AND IMPROVING STUDENTS' COMMUNICATIVE COMPETENCE AT THE LESSONS OF FOREIGN LANGUAGE

The article describes the formation of students' communicative competence of secondary education at the English lessons. Describes the types of communicative activities and use them at the English lessons. Nowadays, the learning process has changed according to the social order of society, as well as its goals and objectives. In particular, much attention is paid to the development of the educational process, being new learning technologies. The main task of the state educational systems formation language and speech competence of students – understanding the patterns and the ability to build a statement by analogy, to solve real problems of communication, the formation of communicative competence.

Keywords: competence, communicative lesson, foreign language, role-playing games.

UDC 821.11

**INFLUENCE OF SMS ABBREVIATIONS UPON THE LANGUAGE:
PRONUNCIATION AND SPELLING OF THE WORDS IN ENGLISH,
KAZAKH AND RUSSIAN**

*Sh.K. Shameyeva, English language
teacher, master
(c. Almaty, Kazakh State Women's
Teacher Training University)*

Abstract: In Modern English many new abbreviations, acronyms, initials, blends are formed because the tempo of life is increasing and it becomes necessary to give more and more information in the shortest possible time. Nowadays exist 3 types of abbreviations: 1. Graphical abbreviations- shortening of words and word – groups only in written speech while orally the corresponding full forms are used: e.g. for example, i.e. – that is, No – number, ect. 2. Lexical abbreviations – classified according to the part of the word which is clipped (beginning or ending of the word): copter (helicopter), disco (dicotheque), expo (exposition) etc. 3. Initial abbreviations - the bordering case between graphical and lexical abbreviations, they are closer to graphical abbreviations because orally full forms are used, e.g. J.V. - joint venture

Keywords: abbreviation, SMS, spelling, pronunciation, parasite words.

In the process of communication words and word-groups can be shortened. From the course of Modern English Language Lexicology we know that one of the productive ways of word formation is abbreviation. Abbreviation of words consists in clipping a part of a word. As a result we get a new lexical unit where either the lexical meaning or the style is different from the full form of the word. In such cases as «fantasy» and «fancy», «fence» and «defense» we have different lexical meanings. In such cases as «laboratory» and «lab», we have different styles. The causes of shortening can be linguistic and extra-linguistic. By extra- linguistic causes changes in the life of people are meant. In Modern English many new abbreviations, acronyms, initials, blends are formed because the tempo of life is increasing and it becomes necessary to give more and more information in the shortest possible time. Nowadays exist 3 types of abbreviations: 1. Graphical abbreviations- shortening of words and word- groups only in written speech while orally the corresponding full forms are used: e.g. for example, i. e. - that is, No – number, ect. 2. Lexical abbreviations - classified according to the part of the word which is clipped (beginning or ending of the word): copter (helicopter), disco (dicotheque), expo (exposition) etc. 3. Initial abbreviations - the bordering case between graphical and lexical abbreviations, they are closer to graphical abbreviations because orally full forms are used, e.g. J.V. - joint venture.[1].

This way of word building is famous among youth nowadays. You shouldn't be surprised because abbreviation is the most popular way of communication used by teenagers. Especially it is used as a tool of communication in the process of conveying information through the SMS. SMS are the abbreviations of Short Message Services and is a protocol that has been standardized for short messages delivery from mobile telephones it can be up to 160 characters of length. [2] SMS has been popular in Europe and parts of Asia since 1991. Europeans are said to pass more than two billion text messages across cell phone networks each month. [3] SMS is one of the functions of modern mobile phones which became inseparable part of our life. This is the cause of developing such new style of communication with its own language. We call this language – SMS language. The main questions are, is it harmless to our language to use SMS abbreviations? What are the leading consequences of using SMS abbreviations?

SMS language (also known as chatspeak, txt, txtspk, texting language or txt talk) is the English language slang used in mobile phone SMS. It is an abbreviated form of English similar to a rebus. With predictive text input increasingly being used, it is becoming less common. This type of language has been alleged to not obey or follow standard English grammar; furthermore, the words

used in the writing system can't be found in standard dictionaries. The invention of mobile phone messages may be considered as its source, although elliptical styles of writing dating back to at least the days of telegraphese.

It is similar to Internet slang and Telex speak, and has evolved from the shorthand use in Internet chat rooms to accommodate the small number of characters allowed (early SMS permitted only 160 characters and some carriers charge messages by the number of characters sent), and as a convenient language for the small keyboards on mobile phones.

The objective of SMS Language is to use the fewest number of characters needed to convey a comprehensible message. Hence, punctuation and grammar are largely ignored.[4]

SMS language is used in all three languages, English, Russian and Kazakh. You can see it in the table-1 below.

Table 1– The same ways of words or letters replacement in English Russian and Kazakh languages

English language

SINGLE LETTERS CAN REPLACE WORDS	
Are	r
You	u
Why	y
SINGLE DIGITS CAN REPLACE WORDS	
Ate	8
For	4
To, too	2
A SINGLE LETTER OR DIGIT CAN REPLACE A SYLLABLE	
<i>ate</i> becomes 8 , so: activate	<i>activ8</i>
great	<i>GR8</i>
later	<i>l8r</i> or <i>l8a</i>
<i>For</i> or <i>Fore</i> becomes 4 , so: before	<i>b4</i>
therefore	<i>th4</i>
<i>Orr</i> becomes <i>or</i> , so: Sorry	<i>Sry</i>
Tomorrow	<i>2moro, 2mro, 2mr, 2m</i>

Russian language

SINGLE DIGITS CAN REPLACE WORDS	
Я	9
Example:	9 prishla. (mostly its written like this: 9 priwla)
LETTERS CAN BE REPLACED BY ENGLISH LETTERS ACCORDING TO THE PHOBETIC PRONUNCIATION	
Ю	U
Example:	Ya tebya lublu (with the mixture of the first replacement it can be written like this: 9 teb9 lublu)
LETTERS CAN BE REPLACED BY NUMBERS ACCORDING TO THEIR PHONETIC PRONUNCIATION	
Ч	4
Example:	4to delaesh? or 4to delaew?
Ш	6
Example:	U menya vse horo6o. or U men9 vse horo6o
LETTERS CAN BE REPLACED BY LATIN LETTERS ACCORDING TO THEIR GRAPHICAL SIMILARITIES	
Я	9
Example:	9 seichas podoidu. or 9 sei4as priwlu smskoi.
Ш	W
Example:	Priwla v wkolu a tut nikogo bol'we netu.

Kazakh language

LETTERS CAN BE REPLACED BY LATIN LETTERS ACCORDING TO THEIR GRAPHICAL SIMILARITIES

III Example:	W Bugin bizdin uige kelwiw. Kewke seni Wyngys ekeuimiz wygaryp salamyz.
-----------------	---

CHARACTERS AND PUNCTUATION ARE REMOVED TO SHORTEN MESSAGES:		
	LANGUAGE	EXAMPLES
Vowels are removed such that the sequence of consonants remain and the word is still recognisable.	ENGLISH	<i>between</i> becomes <i>btwn</i> and <i>yearbook</i> becomes <i>yrbk</i> .
	RUSSIAN	<i>Привет</i> becomes <i>прв</i> , <i>Спасибо</i> becomes <i>спс</i>
	KAZAKH	<i>Сәлем</i> becomes <i>слм</i> <i>Қалайсын?</i> becomes <i>Қалйсн?</i>
Punctuation may be removed; only question mark and exclamation marks are generally used. The space and capital letter is often omitted after a period.	ENGLISH	<i>Hi how r u?wat r u doing? Im ok just come from school waiting u in the evening</i>
	RUSSIAN	<i>Прв как ты?4то дел?Жду тя вечером Чн, мест. Что-нибудь. Если долго делать чн, и это чн не очень получается, в итоге надоедает. Дгвр, гл. Сокр. от «договорились». Завр, нареч. Сокр. от «завтра». Ок, дгвр, до завр</i>
	KAZAKH	<i>Слм қалйсн?қели бугн әнгме айтайк</i>
“/” signifies abbreviation	ENGLISH	<i>«w/» for with and «s/t» for something.</i>
	RUSSIAN	<i>Тя, shortened from «тебя». Видала, как она на тя посмотрела?</i>
	KAZAKH	<i>к/к shortened from керек маган оның телефон нөмері к/к боп тур.</i>
Other transcriptions of slang or dialect terms can be used if shorter than the original words	ENGLISH	<i>cos</i> with fewer letters than <i>because</i>
	RUSSIAN	<i>Пжлста, частица. Сокр. от «пожалуйста». Захвати, пжлста, лекции. Мб, мод.слово. Сокр. от «может быть». Мб серв снова пропылесос или?))</i>

Now let's dwell on the question how do SMS shortenings effect upon our language?

We can confidently say that abbreviations which we use during sending messages have a great influence upon our language. Especially it is a cause of bad spelling. Let's have a look into following examples: again we will work with three languages English, Russian, Kazakh.

In Russian: Пжлста, Shortened from «пожалуйста». For example: *Захвати, пжлста, лекции*. In this case such kind of shortening lead to sad consequence, because person who usually uses such kind of abbreviation forget how to write this word in a right way. The same with the greeting word: ЗДР abbreviated from «здравствуйте». Research shows that 3 of 10 respondents who always shortened this words can not write it in right way. When we asked them to write this word on a sheet of paper they wrote it like this: «пажалуста», «здрасти».

The same problem can derived from SMS shortenings in English: people can forget spelling of the simple word «Please» because of using abbreviation «Plz». Research shows that nearly in all SMS which was written in Kazakh language person who is writing this message miss the vowels «ы» and «і», for instance he wrote: мен жай отырмн – while it must be отырмын, or the other sample: жанаг жгт км? – while it must be жанағы жігіт кім?, блтр шгам деп жур ед го? – while it must be былтыр шығамын деп жур еді ғой?

In this case we can see that SMS abbreviations can make bad influence upon written language. Then what about our speech, does it have any influence upon it or no? Of course it has. And the main is that parasite words appear in our speech, consequently it leads to damage of the language. What do we mean? Firstly, as nowadays nearly every second person knows such simple English words like thanks, sorry, hi, please, etc. people started to use these words during their speech in their mother tongue. For example: Маған өткендегі көйлегіңді бір күнге бере тұршы, pls! in this case speaker used the word please (by the way she used short form of this word pls) while her speech is in native language, the same in the following sample:

Hi! Are you-ың қалай? Thanks көйлекті әкелгеніңе! Again speaker used word of English origin during her speech. The same can be noticed in Russian language: ладно, я пошел, buy! We can say that these mentioned words are parasites which spoil the language and make it less colorful and less liberated. So what is the relation between word abbreviation and SMS, that is both of them means shortening. But we can call abbreviation as an equipment of SMS, because it is used in order to make your messages shorter and in order to economize the space in SMS, as we know from the abovementioned extracts that SMS can be up to 160 symbols, that is why shortening in the process of conveying information is so important.

It is obvious that coin has two sides: front and backside, so using SMS abbreviations has two sides good and bad. Firstly, about good sides, using this language economize our time, because it's quicker to write message with the help of shortenings, also it is beneficial for our balance, we can input much more information in one message if we shorten the words. Secondly, about disadvantages of frequently using such kind of shortcuts. Shortening users get used to abbreviated words and forget the right form of some words which is difficult to write: Пжлста shortened from «пожалуйста», ЗДР abbreviated from «здравствуйте», and Заре'гиться from the word «зарегистрироваться» in Russian language, the same in English: *Anything* - NTHING, please – plz, thank you – thnx, etc. In Kazakh language: қаз барам – қазір барамын, бгн сонг кн болу к/к – бүгін соңғы күн болу керек, etc.

Also it can lead to spoiling of native language, because words-parasites appear in the speech. For example, people start to mix two or more languages: Hi! Қалайсың? Мен кеше сенің құттықтауыңды алып қуанып қалдым. Thanks ұмытпағаның үшін. Or they can mix Russian with English: привет! Sorry, что опаздал! Buy, завтра увидимся!

To conclude I would like to say that it is good that we are acquainted with such a productive way of word formation like abbreviation, but we shouldn't forget about such notion like «measure» and try not to be abused with using it, and try not to spoil your speech and your native language with shortenings.

REFERENCES

1. Smirnitsky A.I. Лексикология английского языка. – М., 1956.
2. <http://www.answers.Com/library/dictionary>.
3. Cormos J. Speech production and language acquisition. Lawrence Erlbaum associates, 2006.
4. Baron N. Alphabet to E-Mail: How writing English involved and were its heading. London rout ledge, 2000.

ТҮЙІНДЕМЕ

*Шамеева Ш.Қ., магистр, ағылшын тілі оқытушысы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

СМС ҚЫСҚАРТУЛАРДЫҢ ТІЛГЕ ӘСЕРІ: СӨЗДЕРДІҢ АҒЫЛШЫН, ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ АЙТЫЛУЫ МЕН ЖАЗЫЛУЫ

Берілген мақалада қысқартылған сөздерге анықтама беріліп, олардың түрлері айтылып, мысалдар берілген. Сонымен қатар қазіргі уақытта жастар арасында жиі қолданыстағы СМС

хабарламалардағы қысқартулардың ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі ерекшеліктері мен олардың ауызекі және жазбаша тілге әсері баяндалған.

Түйін сөздер: қысқарған сөздер, СМС, орфография, дыбысталу, жаргон сөздер.

РЕЗЮМЕ

*Шамеева Ш.К., магистр, преподаватель английского языка
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

ВЛИЯНИЕ СМС СОКРАЩЕНИЙ: ПРОИЗНОШЕНИЕ И НАПИСАНИЕ СЛОВ НА АНГЛИЙСКОМ, КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ

В данной статье дается определение аббревиатуре. Даются примеры на виды сокращений. Также рассказывается об особенностях и влиянии часто используемых СМС аббревиатур на английском, казахском и русском языках среди молодежи.

Ключевые слова: сокращенные слова, SMS, орфография, произношение, слова – жаргоны.

ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО HISTORY, ECONOMY AND LAW

ӘОЖ:346:316,652 Б.575

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

*Е.Т. Берлібаев, т.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)
М.У. Еркінбекова, оқытушы
Г.В. Қабдиева, оқытушы
(Алматы қ., № 173 лицей)*

Аңдатпа: КСРО құрамында болған тұста біздің республиканың Сыртқы істер министрлігі болды. Бірақ бұл мекеме елдің дербес сыртқы саясатын жүргізуге ешқандай құзыры болған жоқ. Шетелдерде еліміздің бірде-бір дипломатиялық өкілдігі болмағандықтан, бұл салада тәжірибе мүлде жоқтың қасы болды. 1991 жылдары халықаралық қатынаста бұрынғы ұстанымдар түбірімен өзгерді. Қазақстан егемендіктің алғашқы жылдарының өзінде халықаралық саяси жүйеде өзінің бағыт-бағдарын анықтауды батыл алға қойды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін халықаралық құқық субъектісі ретінде дүниежүзілік қатынастар аренасына шықты. Қазақстан егемендіктің алғашқы жылдарынан-ақ халықаралық саяси жүйеде өзінің бағыт-бағдарын анықтау мәселесін қойды. Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымы ТМД мемлекеттерімен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және АҚШ-пен дипломатиялық қатынасты өркендетіп, мәдени-экономикалық байланысты күшейту арқылы өркениетті елдердің қатарына еніп, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау мақсаты алға қойылды. Осыған орай, мақалада Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі сыртқы саясатының басым бағыттары аясында атқарылған іс-шаралар, әлемдік қауымдастықтағы рөлі мен нәтижелері баяндалған.

Түйін сөздер: Егемендік, дипломатия, әлемдік қауымдастық, сыртқы саясат, Еуропа, Азия, Таяу Шығыс, Шанхай бестігі, АҚШ, ТМД елдері, ынтымақтастық, саудаайналымы.

1990 жылдың 25 қазанында Қазақстан аумағының тұтастығы мен мызғымастығын бекіткен егемендік туралы Декларацияның қабылдануы дербес ел ретінде дипломатиялық қатынастардың қалыптасуына жол ашты. Тарихи құжатта Қазақ КСР-нің халықаралық дербес субъектісі болуға, сыртқы саясатты өз мүдделеріне сай белгілеуге, дипломатиялық және консулдық өкілдіктер алмасуға, халықаралық ұйымдардың, оның ішінде БҰҰ-ның және оның мекемелерінің қызметіне қатысуға құқығы бар екені жан- жақты айтылған. КСРО құрамында болған тұста біздің республиканың Сыртқы істер министрлігі болды. Бірақ бұл мекеме елдің дербес сыртқы саясатын жүргізуге ешқандай құзыры болған жоқ. Шетелдерде еліміздің бірде-бір дипломатиялық өкілдігі болмағандықтан, бұл салада тәжірибе мүлде жоқтың қасында болды. 1991 жылдары халықаралық қатынаста бұрынғы ұстанымдар түбірімен өзгерді. Қазақстан егемендіктің алғашқы жылдарының өзінде халықаралық саяси жүйеде өзінің бағыт-бағдарын анықтауды батыл алға қойды. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тұжырымдамасын Президент Н.Ә. Назарбаев 1992 жылы мамыр айында «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен стратегиясы» еңбегінде жан-жақты атап кәрсетті [1]. Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасуы мына аталған міндеттерді жүзеге асырудан басталды:

- Қазақстан Республикасының жаңа сипатын тану;
- Қазақстанды халықаралық дәрежеде мойындау;
- Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету;
- Әлемдік деңгейдегі шаруашылық жүргізу және экономикалық байланыстарға белсене араласу.

Тәуелсіздік алған кезде алғашқылардың бірі болып Қазақстанды тәуелсіз егемен мемлекет ретінде танығандардың бірі – Түркия болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін екі айдың ішінде Қазақстанды әлемнің 92 мемлекеті таныды. 1992 жылдың 2 шілдесінде Республика Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы Ереже» қабылданды. Сыртқы істер министрлігін құру оңай болған жоқ, жоқтан бар жасауға тура келді. Алғашқы кезеңде КСРО Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратында істеген және шетелдерде жұмыс істеп жүрген қазақстандықтар елімізге қызметке шақырылды. Қазақстанның Сыртқы істер министрлігінде алғашқылар болып А.Арыстанбекова, Т.Сүлейменов, Қ.Саудабаев, Қ.Тоқаев т.б. қызмет атқарды.

Егемендік алғаннан бері Қазақстан Республикасының дербес сыртқы саясаты берік орнығып, байыпты бағдарламалардың негізінде ұстанған бағдарламалардың дұрыстығын дәлелдеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан қаланған сыртқы саяси келісімдер Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігу үдерісін жеңілдетіп, егемендігі, қауіпсіздігі, аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету жолында маңызды рөл атқарды. Қазақстанның сыртқы саяси ұстанымы бүгінгі күнге дейін елдің ішкі экономикалық-әлеуметтік реформаларына оң ықпал етуде.

Отандық дипломатияның негізін салуда әзіндік орны бар қоғам қайраткері Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының дипломатиясы» деген еңбегінде Қазақстан Республикасының дипломатиясының дамуын бірнеше кезеңдерге: 1991–1993 жылдар, 1994–1997 жылдар және үшінші кезең 1997 жылдан басталатындығын айтып, 3 кезеңге бөлген. Ал Қазақстан тарихының 5 томында да (көне заманнан бүгінге дейін) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының дамуын 3 кезеңге бөлген, олар: бірінші – 1990– 1993 жылдар, екінші – 1994–1996 жылдар, үшінші – 1996–2005 жылдар. Қазақстан Республикасының СІМ-і ҚР-ның дипломатиялық қызметінің орталық органы болып табылады және сыртқы саясатын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиялық қатынастары жоғарыда көрсетілген кезеңдерде қалыптасып, даму үстінде. Сол кезеңдердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты (1990- 1993 ж.ж.) мен дипломатиясының (1991-1993 ж.ж.) дамуына талдау жасасақ, соның ішінде бірінші аралығындағы кезеңінде әлемдік қоғамдастықтың тәуелсіз жас мемлекетті мойындауы барысында басқа мемлекеттермен ынтымақтастықтың халықаралық- құқықтық базасын екі

жақты негізде және халықаралық форумдар шеңберінде қалыптастыру болды. Қазақстанның бұрынғы КСРО-ның құқықтық мирасқорлары арасындағы, ең алдымен халықаралық қауіпсіздік саласындағы міндеттемелерді бөлісу жәніндегі шарттық үрдіске қатысуымен қатар жүрді. Тәуелсіз жас мемлекеттің ішіндегі әлеуметтік-экономикалық қиындықтармен қатар жас мемлекеттің халықаралық қоғамдастықпен өзара іс-қимылының тиісті заң жүзіндегі базасының болмауына да байланысты туындады. КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстанның сыртқы саясаты мен оны жүргізу жолдары ауыр болды. Қазақстанның әлемдік қоғамдастық елдерімен ынтымақтастығының шарттық-құқықтық базасын құру кезеңі дипломатиялық қызметтің қажетті инфрақұрылымын құрумен қатар жүрді. Әлемнің түрлі елдерінде қазақстандық, шетелдік өкілділіктер-елшіліктер, консулдықтар пайда болды.

Бүгінгі өркениетті замандағы мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарында, әсіресе олардың екі жақты саяси байланыстарында дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің қызметінің маңызы зор екендігі белгілі. Осы өкілділіктердің шетелдік мемлекеттер аумағында еркін, ірі қауіпсіз қызмет етуінің басты кепілі оларға халықаралық құқық тарапынан тиісті дипломатиялық және консулдық иммунитеттер мен артықшылықтардың берілуінде.

Еліміздің сыртқы саясаты принциптерінің, басымдықтарының және міндеттерінің анағұрлым айқын сипат алуының маңызы аз емес. Қазақстан дипломатиясының көп векторлық сипаты қалыптасты, бүгінгі күні ол еліміздің сыртқы саясатының өзегі болып табылады [2,446 б.].

Егеменді мемлекеттің 1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда КСРО құрамына кіретін он бір мемлекет басшыларының келіссөзі нәтижесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды. Бұрынғы КСРО-ның ыдырауы әлемнің геосаяси жағдайын өзгертті. Кеңестер Одағының күйреуі салдарынан жаңа егеменді мемлекеттер құрылды. Соның бірі – Тәуелсіз Қазақстан Республикасы болды. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты еліміздің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге аса бастады. Егеменді мемлекеттің алғашқы сыртқы қадамдарын жасау тарихына үңілсек, Қазақстанның шет мемлекеттермен жасалған халықаралық құжаттар қатарында Қазақ КСР-і мен Түркия үкіметтері арасындағы Ниеттестік туралы хаттама және Қазақ КСР-і мен Түркия Республикасы СІМ-і арасындағы Кеңес берушілік туралы хаттама. 1991 жылы 15 наурызда кең көлемді екі жақты ынтымақтастық туралы ресми құжатқа Қазақ КСР-і мен Түркия Республикасы арасында келісім жасалып, құжатқа қол қойылды. Құжатта екі мемлекет саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық, мәдени, гуманитарлық, ақпараттық және басқа салаларда ұзақ мерзімді негізде өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге және тереңдетуге ұмтылыс білдірді.

1991 жылғы шілдеде Н.Ә.Назарбаев Қазақ КСР-ның Президенті ретінде Қытайға алғашқы сапарын жасады. Тарихта бұл сапар болашақтағы Қытай-Қазақстан қатынастарының орнатылуына өте үлкен үлесін тигізді деп санауға болады. Екі жақты жүргізілген келіссөздер барысында маңызды құжатқа – Қазақ КСР мен ҚХР-ның арасындағы ынтымақтастықтың даму принциптері мен негізгі бағыттары туралы Келісімге қол қойылды. Келісім бойынша байланыс Қазақ КСР мен Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр Автономиялық ауданы арасында орнатылып, екі жақты тауарлардың, қызметтердің және капиталдардың алмасуына барынша жағдай жасалынатына, экономика саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға келісілді. Шыңжаңның барлық халқының 60 пайызы діндар мұсылмандар не исламмен дәстүрлі қауымдасқан ұлттар. Орталық Азия елдерінде исламның барған сайын ықпалының күшеюі, сондай-ақ Орталық Азия республика халықтарымен этникалық жақындығы мен тіл тұтастығын ескере отырып, Қытай олардың ішінен ШҰАА-дағы жағдайды тұрақсыздандыруға қабілетті сепаратистік, пантүріктік және исламдық ықпалдың таралу мүмкіндіктеріне сақтықпен қарайды. Нақ осыған орай жасалған «Қытайдың Орталық Азиямен қатынастарды дамыту жоспарына» сәйкес Пекин КСРО ыдырағаннан кейін аймақта құралған стратегиялық вакуумды толтыруға және мұнда Түркия

мен Иран позицияларының күшеюіне жол бермеуге тырысатын болады [3,107-110б.б.]. Сондықтан да, Қытай Орталық Азия республикаларына қатысты, бірінші кезекте Қазақстанға байланысты белсенді саясат жүргізуге мүдделі. Қазақстанмен жақсы қатынас Шыңжаңдағы жағдайды бірқалыпты ұстау үшін де барынша мәнді. 1991 жылғы тамыздағы бүлік құлағаннан кейін Қазақстанға жоғары лауазымды меймандар бірінен соң бірі келе бастады. Ұлыбританияның Премьер-министрі Маргарет Тэтчер бірінші болып Алматыға жол-жөнекей соқты, сонан соң АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер, Францияның Сыртқы істер министрі Ролан Дюма және Германияның сыртқы істер министрі Ганс Дитрих Геншер, америка сенаторлары-әскери істер жөніндегі комитеттің басшысы Сэм Нанн және Сыртқы байланыстар жөніндегі комитеттің мүшесі Ричард Лугар, АҚШ-тың жаңа мемлекеттік хатшысы Уоррен Кристофер, АҚШ-тың вице-президенті Альберт Гор т.б. келді. Соншалықты қысқа мерзімде саяси көшбасшылардың мұндай ағылуын Қазақстан, тегінде, Қазан төңкерісінен кейінгі бүкіл тарихында кездестірмеген еді [4, 336 б.].

1991 жылғы 1 қарашада егеменді Қазақстанның Тұңғыш Президентін сайлауда 8 миллионнан астам қазақстандық Н.Назарбаевты жақтап өздерінің дауысын берді. Мемлекет басшысы ол кезде жас мемлекеттің таяудағы болашақта шешуі керек болатын алғашқы сыртқы саяси міндеттерін жалпы жағдайда сипаттады. Егеменді Қазақстанның алдында халықаралық қатынастарды іс жүзінде дербес нысанға, халықаралық экономикалық кеңістіктің белсенді әрекет етуші тұлғасына айналдыру міндеті тұрғаны атап көрсетілді.

1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заңға қол қойды. 1991 ж. 16 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы Конституциялық заңда төмендегідей мәлімделген: «Қазақстан Республикасы халықаралық құқық субъектісі болып табылады, дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасады, халықаралық ұйымдарға, ұжымдық қауіпсіздік жүйесіне кіре алады және олардың қызметіне қатыса алады (13 бап)» [5]. Тәуелсіз мемлекетті әлемдік қоғамдастықтың да таныған күні де осы күннен басталды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан тәуелсіз және егемен мемлекет ретінде құрылды. Ол, бейнелеп айтқанда, әлемнің саяси картасынан өз орнын алды. Белсенді және нысаналы сыртқы саясатты жүргізудің нәтижесінде біз әлемдік қоғамдастыққа сан қырлы халықаралық проблемалар бойынша берік айқындамасы бар, мүдделерін қорғауға ғана емес, сонымен бірге Еуразия құрлығы мен бүкіл дүниежүзінде өзара түсіністікті нығайтуға, тұрақтылыққа, сенім ахуалына қол жеткізуге бағытталған ірі сыртқы саяси бастамаларға қабілетті ел ретінде қабылдандық», – деп баға берді [6, 489-490 б.].

1991 жылғы 16 желтоқсанда Түрік Республикасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін таныған тұңғыш шет мемлекет болғандығы жайында осы уақытқа шейін бұқаралық ақпарат құралдары мен қазақ тарихына қатысты еңбектерде жазылған. Ал Қырбасов Әуесхан өзінің берген сұхбатында: «Біздің ел тәуелсіздігін жариялаған соң, оны арада 10 күн өткенде, 26 желтоқсанда бірінші болып дүниежүзінің ең беделді мемлекеті АҚШ мойындады... Ал Сыртқы істер министрлігінің құжат тәртібі бойынша, ондай жағдайда нота, протокол болмаса басқаша құжаттар тіркелуі керек еді. Сол құжаттарға жүгінсек, Түркия біздің тәуелсіздігімізді ресми түрде он бесінші болып мойындап, соған қатысты протоколға 1992 жылдың 2 наурызы күні қол қойған екен. Біздің тәуелсіздігімізді АҚШ-тан кейін екінші болып тағы бір ірі мемлекеттің бірі Қытай Халық Республикасы мойындады. Одан кейін үшінші болып Ұлыбритания, төртінші – Моңғолия, бесінші – Франция және алтыншы болып беделді елдің бірі – Жапония, айналасы бір айдың ішінде Қазақ елінің тәуелсіздігін мойындайтындығынан құлағдар етті».

Елдің Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заңы қабылданғаннан кейінгі 1991 жылғы желтоқсанның он бес күні ішінде жалпы жиыны 19 шет мемлекет Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігін таныды. Қазақстан Республикасын егеменді мемлекет ретінде АҚШ-тың 1991 жылдың 25 желтоқсанында ресми түрде мойындауы

Қазақстан – АҚШ қатынастарының қалыптасуына негіз болды. Екі жақты қатынастардың іргетасы ресми мойындауға дейін, 1990 жылдың 16-25 шілде аралығындағы Қазақ КСР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың АҚШ-қа іскерлік сапары және 1991 жылдың 16 қыркүйегіндегі және 17 желтоқсанындағы Н. Назарбаевтың және АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкердің кездесуі барысында қаланды. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында Еуропалық Одақтың алатын орны ерекше. Ең алғаш бұл одақпен 1993 жылы 2 ақпанда дипломатиялық қатынас орнатылды. Қазақстан Республикасының стратегиялық басым бағыттарының бірі Ресей Федерациясымен сан салалы қарым-қатынастарды дамыту. Қытаймен дипломатиялық қатынас 1992 ж. 3 қаңтарынан орныға бастады. Бүгінгі таңда Қазақстан АҚШ-пен, Еуропа елдерімен, ТМД-мен Азия елдерімен ынтымақтастықты нығайтуда. Қазақстан Республикасы әлемнің 100-ден астам мемлекеттеріне танылып, олармен дипломатиялық қатынас орнатты. БҰҰ-ның және оның құрылымдарының толық құқықты әрі белсенді мүшесі болып табылады. Бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев әлемнің барлық іргелі елдеріне Ресей мен АҚШ, ҚХР, Ұлыбритания, Франция, Италия, Испания, Швецария мен Австрия және басқа да мемлекеттерге мемлекеттік ресми және жұмыс сапарларын жасады. Сауд Арабиясында исламның екі қасиетті орнының сақтаушысы король Фахпен кездесу мен ислам әлемінің киелі жерлері

– Мұхамед пайғамбардың кесенесі мешітіне зиярат ету рәсімі жасалды. Ватиканда Қазақстан жетекшісі Н.Ә.Назарбаев римдік католиктік шіркеудің басшысы болған Иоанн Павел II-нің екі рет кездесуі болды. Әлемдік саясатта біздің еліміз талассыз халықаралық беделге ие жауапты да сенімді серіктес елге айналды. Біз жаһандық қауіпсіздікті нығайту ісінде маңызды рөл атқарамыз, халықаралық терроризмге, экстремизмге және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте әлемдік қауымдастықты қолдаймыз. Әлемде алғашқы болып Семей ядролық полигонын жауып және атом қаруынан бас тарта отырып, біз жетекші ядролық державалардан – АҚШ-тан, Ресейден, Ұлыбританиядан, Франциядан және Қытайдан қауіпсіздігімізге берік халықаралық кепілдік алдық. Табысты да жемісті осы саясат Елбасының 2050 стратегиялық бағдарламасында да жалғасын тауып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен стратегиясы». 1992 ж., мамыр.
2. Тоқаев Қ. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. 2002. –Б. 44.
3. Потапов М. Открытая политика Китая: опыт для нас // Мировая экономика и международное отношения. 1993, №1.– Б. 107-110.
4. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін) 5 том. – Алматы, 2010. – Б. 336.
5. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы // Казахстанская правда. – 18 декабря 1991 г.
6. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. – Алматы, 1996. – Б: 489-490.
7. Қырбасов С. Қазақ атын паш еткен тәуелсіздік халықаралық құқықтың субъектісі бола білген Қазақ хандығынан басталады <http://www.inform.kz/articlekaz?sel..> 13 желтоқсан, 2006.

РЕЗЮМЕ

Берлибаев Е.Т., к.и.н., доцент,

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Еркинбекова М. У., учительница, Кабдиева Г.В., учительница

(г. Алматы, № 173 лицей)

ПЕРИОД ФОРМИРОВАНИЯ ДИПЛОМАТИИ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

Во время СССР Министерство иностранных дел республики не был уполномочен выполнять персональную внешнюю политику государства. В связи с отсутствием

дипломатических представительств зарубежом практики не хватало. Принятая в Казахстане 25 октября 1990 года декларация о суверенитете открыла пути дипломатическим связям. В статье рассматривается роль Независимого Казахстана в мировом сообществе.

Ключевые слова: дипломатия, Европа, Азия, Ближний Восток, США, СНГ.

SUMMARY

*E.T. Berlibaev, Candidate of historical sciences, associate professor
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

*M.U. Erkinbekova, teacher, G.V. Kabdieva, teacher
(Almaty, № 173 lyceum)*

PERIOD OF FORMATION OF DIPLOMACY INDEPENDENT KAZAKHSTAN

During the USSR The Ministry of Foreign Deal hadn't any suffrage to conduct foreign politics practice because there wasn't any diplomatic representation in foreign countries. Enacting of Declaration of Independence of the Republic of Kazakhstan on the 25th of October In1990 opened the way for foundation of diplomatic relations. The article discusses the role of independent Kazakhstan in the international community.

Keywords: Diplomacy, Europe, Asia, Middle East, USA, CIS.

УДК 338.4 3- 21

ОСУЩЕСТВЛЕНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ НА ОСНОВЕ «СТРАТЕГИИ «КАЗАХСТАН – 2050»

*Ш.З. Заманбеков, к.э.н., доцент,
К.Г. Жунусов, к.э.н., доцент,
(г. Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: В статье рассматриваются проблемы осуществления в республике экономической модернизации, начатая в ходе реализации государственных программ по индустриально-инновационному развитию экономики страны на основе «Стратегии «Казахстан – 2050». В ней освещены виды экономической модернизации и дана им характеристика с учетом высказываний лауреатов Нобелевской премии У.А.Льюиса, Г.Мюрдаля, Т.Шульца. Особое внимание уделяется системной модернизации, которая при участии государства в ее осуществлении ускоряет процесса диверсификации экономики и производства продукции с высокой добавленной стоимостью. Дается обоснование осуществлению структурной и технологической модернизации для реализации в стране стратегии «Казахстан – 2050». Предлагается проведение единой стратегии модернизации, которая охватывает все сферы экономики и все этапы от создания до эксплуатации высокопроизводительной техники, что позволяет устранить причины технической отсталости страны и осуществить технологический прорыв для перехода к технологическому укладу. В связи с этим обращается внимание на необходимость увеличения инвестиции для осуществления ускоренной экономической модернизации.

Ключевые слова: Модернизация, инновация, инвестиция, потенциал, инфраструктура, диверсификация, технологическая модернизация, стратегия, приоритет, индустриализация.

Казахстан за годы своего независимого развития создал достаточно большой ресурсный потенциал и совершил на его основе характерный для центрально-азиатского барса рывок в своем развитии. Со дня принятия Стратегии «Казахстан-2030» валовый

внутренний продукт (ВВП) увеличился более чем в 16 раз и в расчете на душу населения республики составил 12 тыс. долл. США. Этот весовой показатель свидетельствует, что Казахстан в своем социально-экономическом развитии значительно продвинулся вперед. Как сказано в Послании Президента Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Казахстан- 2050» – новый политический курс состоявшегося государства», стратегия «Казахстан- 2030» по многим своим основным направлениям была выполнена. Благодаря этому республика значительно сократил существующий разрыв в уровне социально-экономического развития с развитыми странами Европы и Азии. По общему объему ВВП, произведенной в 2012 г., Казахстан вошел в число 50-ти развитых стран мира. Не останавливаясь на достигнутом, Казахстан сегодня прилагает все свои усилия, чтобы использовать свой растущий потенциал для дальнейшего подъема экономики и улучшения благосостояния народа. Сейчас в стране последовательно осуществляются мероприятия по выполнению предусмотренных задач в стратегии «Казахстан-2050», целью которых является вхождение Казахстана в предстоящие десятилетия в число 30-ти наиболее развитых стран мира. В нынешний год, когда некоторые страны Европы охвачены финансово-экономическим кризисом, темп роста экономики Казахстана составит согласно прогнозу Министерства экономического развития и торговли 6%, а номинальный объем ВВП при этом достигнет 36,6 трлн. тенге и через пять лет (2017 г.) – 65,3 трлн. тенге [3], в расчете на душу населения это составит 24 тыс. долл. США, что почти два раза больше суммы этого показателя за 2012 г.

Необходимые условия для достижения выше указанных успехов в ходе динамичного развития экономики Казахстана за короткий по историческим меркам период были созданы в результате успешного осуществления в стране все основные экономические реформы до и после переходного периода к рынку, создания инфраструктуры рыночной экономики, привлечения зарубежных инвестиций и укрепления на этой основе своей позиций для перехода в качественно новый этап развития, ориентированный на инновационный характер. При этом особое внимание уделялось экономической модернизации, которая позволила проводить в кратчайшие сроки с поэтапной конкретизацией трансформирующие процессы в экономике, направленные на ее обновление на основе инновации. Начиная с 2003 года в Казахстане в соответствии со стратегией «Казахстан-2030» стали реализовываться индустриально-инновационные программы развития страны, органически входящие в общую программу ускоренной экономической модернизации экономики страны.

Экономическая модернизация в Казахстане рассматривается как фундамент, вернее как фактор устойчивого экономического роста для совершенствования социально-экономической системы казахстанского общества и преодоления его отставания от развитых стран рыночной экономики. Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев еще в 2007 году в своем Послании народу Казахстана сказал, «что необходимо формировать темпы модернизации тех секторов, где у нас есть определенные успехи» [2].

Кардинальные изменения, произошедшие в Республике за последние годы создали необходимую предпосылку для осуществления ускоренной экономической модернизации в новой исторической ситуации, когда страна уже вошла в число наиболее конкурентноспособных и динамично развивающихся государств мира, которые вступили или вступают в новый этап своего развития, определяемый как постиндустриальное или информационное общество.

Необходимость ускорения экономической модернизации предполагает углубление существующих теоритических представлений о модернизации, ее связи с динамикой развития производства и структурной перестройкой экономики. Это нужно для разработки и реализации рациональной политики социально-экономического развития страны с учетом ее особенности и уровня достижений в сравнении с другими странами.

В современный период под влиянием происходящих изменений в жизнедеятельности общества теория и практика модернизации обогащается новыми положениями,

увеличиваются произносимые ее виды с конкретными характеристиками и усложняется взаимосвязь между ними, одним словом, повышается смысловая нагрузка этой важной экономической категории. Первоначально «теория модернизации» появилась в середине прошлого столетия и стала основой создания концепции по изучению последовательных стадий общественного развития и перехода к современному постиндустриальному обществу. В этой концепции модернизация представляет собой процесс унификации и постепенной конвергенции обществ в результате распространения по всему миру прогрессивных идей, технологий и институтов. Здесь нельзя не отметить комплексный характер процесса модернизации, охватывающий все сферы жизни общества. С этой отличительной чертой связано существования различных подходов к изучению процесса модернизации, проявляющегося в экономической, социальной и политической системе по демократизации общества.

Но для целей нашего исследования наибольший интерес представляет экономический подход, связанный с изучением институциональных технологических и общесистемных преобразований для прогресса страны. Впервые проблема ускоренного экономического развития стала активно разрабатываться еще во время второй мировой войны в связи с дискуссиями о послевоенном устройстве мира.

Становление теории экономической модернизации в те годы связаны с именами многих выдающихся ученых, включая лауреатов Нобелевской премии У.А.Льюиса, Г.Мюрдаля, Т.Шульца, которые являются представителями разных направлений теории экономической модернизации: неокейнсианского, неоклассического и институционального. Подобное разграничение мнений связано с содержательной составляющей теоритических воззрений этих ученых, ориентированных соответственно на проблематику государственного, рыночного или неформального институционального регулирования модернизационных процессов.

В современный период четко выделяются такие важные направления модернизации экономики, как *системная модернизация, институциональная модернизация и модернизация производительных сил*. *Системная модернизация* нацелена на обновление самих базовых принципов организации экономической деятельности с учетом требований глобализации и императива устойчивости развития как хозяйственного комплекса, так и экономической системы страны. В данном направлении модернизации можно выделять следующие две группы целей. Первое – совершенствование принципов организации экономической жизни общества, связанных с развитием конкурентной среды, т.е. либерализацией экономических процессов, поощрением частнопредпринимательской инициативы, деbüroкратизацией экономики, повышением качества жизни населения и т.д. Второе – усиление экономических основ жизнедеятельности общества путем установки более конкретного плана по совершенствованию экономики страны, в частности ее диверсификацию, повышение доли в ВВП отраслей, производящих продукцию с высокой добавленной стоимостью, структурные преобразования, направленные на приближение казахстанской экономики к стандартам, характерным для развитых индустриальных стран мира.

Институциональная модернизация экономики предполагает формирование новых для страны институтов социально-ориентированной рыночной экономики и развитие уже имеющихся институтов с повышением их роли в национальном экономическом комплексе до уровня, адекватного современным условиям глобализации.

Технологическая модернизация производительных сил направлена на решение задачи повышения уровня технологического уклада экономики: повышение доли в ВВП производств высоких переделов, развитие отраслей «новой экономики», обновления основных фондов в реальном секторе, снижение энерго и материалоемкости ВВП, повышение производительности труда, оживление инвестиционной активности хозяйствующих субъектов.

В рамках системной модернизации экономических отношений можно выделить отдельное направление – модернизацию структуры экономики, которое может стимулироваться конкретными методами государственного воздействия, преимущественно из области непромышленной и инновационно-структурной политики. Задачи в этой сфере связаны с оптимизацией структуры отечественной экономики и ВВП, направленной на снижение сырьевой ориентации и увелечение доли прогрессивных отраслей экономики или просто секторов, производящих продукцию с высокой добавленной стоимостью. Участие государства в этом процессе может осуществляться различными методами – от настройки традиционных механизмов регулирования до внедрения относительно новых методов стимулирования развития рыночных институтов, а также использования инструментария государственного предпринимательства. Здесь следует отметить, что рыночная экономика проявляет свои преимущества в зависимости от того, насколько развиты и настроены на эффективное хозяйствование ее институты. Поэтому трансформационные процессы экономики по адаптации и формированию требуемых пропорций воспроизводства подразумевают первоочередное осуществление институциональных преобразований, создающих благоприятный «экономический порядок», при котором хозяйствующие субъекты работают с прибылью и действуют не только сугубо в своих интересах, но и в интересах страны в целом.

Однако экономика страны может развиваться по инерции институционально доминирования. Но здесь необходимо обратить внимание на другие не менее значимые направления модернизации. Поскольку модернизация означает осовременивание, обновление экономики, то главная роль в ней несомненно должна отводиться высокоэффективным инновациям, используемым в практике производственной и коммерческой деятельности. И тем не менее осуществляя модернизацию экономики, необходимо придать ей комплексный характер для успешного проведения целенаправленных преобразований с учетом выдвигаемых экономической парадигмы на том или ином этапе развития. Если раньше в качестве приоритетов выступало в Казахстане решение вопросов макроэкономической стабилизации, создания институтов рыночных отношений и суверенного государства, восстановления единства воспроизводственного процесса, то сейчас выдвинута парадигма ускоренного, качественного, инновационного развития экономики.

В условиях, когда экономика страны выходит на траекторию устойчивого роста, его развитие на индустриально-инновационной основе имеет важное значение для повышения его роли в формировании динамических конкурентных преимуществ страны путем производства отечественной конкурентноспособной продукции. В связи с этим экономическая модернизация, осуществляемая в рамках реализации программы индустриально-инновационного развития, должна иметь две составляющие – институционально-структурную и технологическую, с доминированием последней. Осуществление модернизации в этом направлении обеспечит комплексное решение проблем всех сфер экономики, т.е. перевооружение ее на новой технической основе, создание прогрессивных организационно-правовых форм хозяйствования и рыночной инфраструктуры через развития финансовых, инвестиционных, страховых, информационных институтов и формирования отраслевых кластеров, а также обеспечения безопасности и качества продукции в соответствии с международными требованиями.

В связи с этим возникает необходимость проведения единой стратегии модернизации, охватывающей все сферы экономики и все этапы от создания до эксплуатации новых видов высокопроизводительной техники, что позволит устранить коренную причину технической отсталости страны и поднять степень самообеспеченности ее продукций машиностроения. В основу этой стратегии следует положить технологические и технические решения, относящиеся к пятому технологическому укладу, то есть базирующиеся на применении микропроцессоров, программного обеспечения, информационных технологий и т.д., что обеспечивает, одним словом, технический и технологический прорыв в плане преодоления

технологической отсталости страны и недопущения ее «догоняющего» характера развития. Исходя из такой стратегической задачи в Казахстане осуществляется экономическая модернизация, имеющая комплексный характер.

В планах мероприятий вышеуказанных государственных программ четко выражена система действий республиканских органов власти, которая направлена на перераспределение ресурсного потенциала страны для развития и качественного обновления базы экономического роста путем преимущественного развития семи основных национальных приоритетов структурных преобразований производства (АПК, металлургия, нефтепереработка, энергетика, химия и фармацевтика, строительство, транспорт и информационные коммуникации) и пяти дополнительных (машиностроение, урановая и легкая промышленность, туризм, космос).

Осуществление структурной перестройки производства сопровождается применением в нем ресурсосберегающих технологий для обеспечения конкурентоспособности национальной экономики через модернизацию существующих предприятий, создания новых высокопроизводительных предприятий, совершенствования номенклатуры выпускаемой продукции и ее качественных характеристик на основе разворачивания выпуска новой техники и оборудования на имеющихся и заново создаваемых производственных мощностях. В результате целенаправленных действий по реализации программы форсированного индустриально-инновационного развития экономики страны и других сопряженных государственных программ Казахстан рассчитывает к концу 2014 года увеличить свой ВВП на 50% от уровня 2008 года, что служить точкой отсчета поскольку предшествует мировому финансовому кризису, повысить при этом производительность труда на 50% в обрабатывающем секторе и на 100% в отдельных секторах экономики. А доля несырьевого экспорта должна составить 40%, энергоемкость снизиться на 10% от уровня 2008 года, удельный вес продукции инновационных предприятий в общем объеме валовой продукции должна вырасти до 10%. Возможность достижения республикой таких весомых показателей подтверждают конкретные результаты, полученное в первый пилотный год индустриальной стратегии, осуществляемой в рамках экономической модернизации экономики страны.

В 2010 году введено в действие 152 предприятия и в 2011 году – 71 предприятия, что обеспечило постоянной работой соответственно 24 и 18,5 тысяч казахстанцев, создано свыше 350 различных производств, положивших начало серьезным структурным изменениям. Растет ежегодный объем инвестиции, направляемый на осуществление ускоренной экономической модернизации, что позволит сохранить устойчивость экономического роста и обеспечить становление в Казахстане социально ориентированной, высокотехнологичной, конкурентоспособной диверсифицированной экономики в ближайшей перспективе. В целом по стране в соответствии с программой до 2014 года будет реализована 294 инвестиционных проекта на сумму 8,1 трлн. тенге, будет создано 161 тысяча постоянных рабочих мест [4]. Таким образом, успешное осуществление ускоренной экономической модернизации Казахстана обеспечить переход всей экономической и социальной сферы страны в новое качество в первой половине XXI века.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана «Казахстан-2050: новый политический курс состоящегося государства». – Астана, 2012.
2. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире». – Астана, 2007.
3. Газета «Республика» от 31 августа 2012 г.
4. Программа форсированного индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2010–2014 г. – Астана, 2010.

ТҮЙІНДЕМЕ

*Заманбеков Ш.З., э.э.к., доцент, Жүнісов К.Г., э.э.к., доцент
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

«ҚАЗАҚСТАН -2050» СТРАТЕГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Мақалада экономикалық жаңартуды республикада қалай жүзеге асыруға байланысты мәселелер түсіндіріледі. Бұл мақалада жаңарту түрлеріне және оларды жүргізу жағдайына ерекше көңіл бөлінеді. Ел экономикасының үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасына және «Қазақстан – 2050» стратегиясына сәйкес өндірістің диверсификациялау және оны жүзеге асыру мүмкіншілігі баяндалады.

Түйін сөздер: модернизация, инновация, инвестиция, потенциал, инфрақұрылым, диверсификация, технологиялық модернизация, стратегия, басымдылықтар, индустрияландыру.

SUMMARY

*Sh.Z. Zamanbek, candidate of economic sciences, associate professor
K.G. Zhunusov, candidate of economic sciences, associate professor
(Kazakh State Women's Teacher Training University)*

IMPLEMENTATION OF ECONOMIC MODERNIZATION ON THE BASIS «STRATEG KAZAKHSTAN-2050»

The article deals with the problems of implementing economic modernization in the republic. Special attention is given to types of modernization and conditions of its carrying out. Diversification of production and possibility of its implementation according to the program of forced industrial innovative development of national economy and strategy «Kazakhstan – 2050» is stated in article.

Keywords: modernization, innovation, investment, capacity, infrastructure.

ӘОЖ 74.26 Қ56

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРҒА ҚОРҒАНШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ ОРНАТУ

*А.Д. Қожабекова, т.э.к., доцент,
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)
С.Д. Сейполдаева, оқытушы
(Павлодар қ., №14 мектеп)*

Аңдатпа: Мақалада кәмелетке толмаған балалардың құқықтары туралы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған балалар туралы; ата-аналары қайтыс болған, ата-ана құқықтарынан айырылған, ата-ана құқықтары шектелген немесе ата-аналары әрекетке қабілетсіз деп танылған балаларға заңды тұрғыдан қорғаншылық және қамқоршылық жасау туралы айтылады.

Түйін сөздер: неке, әрекетсіздік, қамқоршы, қорғаншы, алимент.

Ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларды орналастыруды құқықтық реттеу сұрақтарының көне және қызықты тарихы бар. Тек бір маңызды жағдайды атап өтуге

болады. Тарих көрсетіп отырғандай қараусыз қалған балалардың болуы мен оларды орналастыру мәселесі – алаңдатушылықты тудыратыны белгілі, бұл – қоғамның дұрыс қалыптаспағандығы мен экономиканың төмендеуі, сондай-ақ моральдық жағдайдың да төмендеуінің дәлелі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша (2012 жылдың 14 шілдедегі № 2166-5-7415/02-4-1) республикада 79000 бала 660 интернат ұйымдарында тәрбиеленуде, олардың ішінде: жалпы және санаторий түріндегі мектеп-интернаттарда 15096 бала, балалар үйлері мен жетім балаларға және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттарда – 12574 бала, кемтар балаларға арналған түзеу мекемелерінде – 12599 бала, ерекше тәрбиелеу жағдайына мұқтаж балалар мен жасөспірімдерге, мінез-құлқы девиантты балаларға арналған мектеп-интернаттарда – 884 бала, отбасы үлгісіндегі балалар үйлерінде – 247 бала тәрбиеленуде.

Тұлғаның дұрыс қалыптасуы мен оның әлеуметке қатынасын қамтамасыз етуде баланың отбасында тәрбиеленуі неғұрлым артық тәсіл екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Бүгінгі таңда ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың жартысынан астамы отбасы деген не, жақын адам деген не екенін және отбасымен қалай қатынас орнату керек екендігін, әлеуметтік ортада қалай өмір сүру қажет және т.б. жағдайлар туралы кездеріне елестете де алмайды.

Ата-ана қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған балаларға ата-аналары қайтыс болған, ата-ана құқықтарынан айырылғандардың балалары, ата-ана құқықтары шектелген немесе ата-аналары әрекетке қабілетсіз деп танылғандардың балалары жатады. Сондай-ақ ата-аналарының қамқорлығының болмауына ата-аналарының сырқаттылығы, олардың ата-ана құқықтарынан айырылуы, ата-ана құқықтарының шектелуі, ата-аналарының әрекетке қабілетсіз деп танылуы, ата-аналарының ұзақ уақыт болмауы (іссапарға байланысты, жазасын өтеу мақсатында түзеу мекемелерінде мерзімін өткеріп жатқанда), ата-аналардың балаларын тәрбиелеуден немесе олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруы (соның ішінде ата-аналарының тәрбиелеу, емдеу және басқа да осыған ұқсас мекемелерден өз балаларын алудан бас тартуы), басқа да себептерге байланысты жағдайлар жатады [ҚР Неке және Отбасы туралы заңы 100- бап, 1-тар.].

Қорғаншылық және қамқоршылық институты тек отбасы нормасымен ғана құрылмаған, ол азаматтық құқықпен, сонымен қатар әкімшілік құқықпен де құрылған, яғни өзінің негізі бойынша кешенді болып келеді.

Балаға қорғаншылық пен қамқоршылықты орнатудың негізгі шарты болып олардың сол немесе басқа да себептерге байланысты өз ата-аналарының қамқорлығынан айырылулары жатады. Қорғаншылық пен қамқоршылықты ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға орнатуда көзделген негізгі екі мақсаты бар: а) ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды асырау, тәрбиелеу және білім беру; б) ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғау [ҚР Неке және Отбасы туралы заңы 103-бап,1-тар.].

Заңмен қорғаншылық он төрт жасқа толмаған балаларға [ҚР Неке және Отбасы туралы заңы 104-бап,1-тар; ҚР Балалардың құқықтары туралы заңы 27-бап.], ал қамқоршылық он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толғандарға [ҚР Неке және Отбасы туралы заңы 105-бап, 1-тар; ҚР Балалардың құқықтары туралы заңы 27-бап.] белгіленеді.

Қорғаншылық және қамқоршылық орган балаға қорғаншылық (қамқоршылық) орнату керек екендігі мәлім болған күннен бастап бір ай ішінде баланың тұрғылықты жері бойынша оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа орналастырады. Көңіл аударуды қажет ететін жағдайда (мысалға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа алуға тілек білдірушінің үйінде тұрып жатса) онда қорғаншы немесе қамқоршы қорғаншылық және қамқоршылық органмен, сондай-ақ қорғаншының (қамқоршының) тұрғылықты жері бойынша тағайындалуы мүмкін. Егер қамқоршылық пен қамқоршылықты қажет ететін балаға бір айдың ішінде қорғаншы немесе қамқоршы тағайындалмаса, қорғаншылықтың

немесе қамқоршылықтың қызметін уақытша қорғаншылық және қамқоршылық органдары атқарады.

Қорғаншы және қамқоршы тек оның келісімімен ғана тағайындалады. Бұл міндетті шарт, табиғи құбылыс, солай болғандықтан қорғаншылық және қамқоршылық қызметті мәжбүрлеп орындату бала мүддесіне сәйкес келмейді және қорғаншылықпен қамқоршылық орнатудың нағыз мақсатына жетуі екіталай. Мұндай келісушілік сәйкесінше қорғаныш және қамқоршы органдарына берілген арызда көрсетілуі керек.

Неке және Отбасы туралы заңда қорғаншылық немесе қамқоршылық тағайындалған тұлғаға белгілі талаптар орнатылған. Қорғаншы немесе қамқоршы болып тек кәмелетке толған әрекет қабілетті тұлғалар тағайындалуы мүмкін. Заңмен қорғаншы немесе қамқоршы болуға рұқсат етілмейтін себептер бар, балаға отбасылық тәрбие беру мүмкіндігі болмаған жағдайларда:

- а) кәмелетке толмаған тұлғаларға, олардың толық әрекетке қабілетті болуына қарамастан кәмелет жасқа толғанға дейін;
- б) әрекет қабілетсіз тұлғаларға;
- в) ата-ана құқықтарынан айырылған тұлғаларға;
- г) созылмалы ішімдік пен нашақорлықпен зардап шегушілерге;
- д) өзіне заңмен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншылық пен қамқоршылық қызметтен шеттетілген адамдар;
- е) балаларын сот ата-ана құқықтарын айырмастан алып қойған, яғни ата-ана құқықтары шектелгендер;
- ж) егер сот олардың кінәсінен бала асырап алудың күшін жойған болса, бұрын бала асырап алушылардың;
- и) денсаулығының жай-күйіне (бала алуға болмайтын адамның бойындағы аурулардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді) байланысты баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді атқара алмайтын адамдар [ҚР Неке және Отбасы туралы заңы 108-бап,1-тар.].

Қорғаншы және қамқоршы органдарының тұлғаны қамқоршы немесе қорғаншы міндетіне тағайындау сұрақтарын шешуде келесі жағдайларды ескеруі қажет:

- а) тұлғаның қорғаншылық немесе қамқоршылық міндеттерін орындай алу қабілеттілігін;
- б) оның адамгершілік және өзге де жеке қасиеттерін;
- в) қорғаншылықты немесе қамқоршылықты қажет ететін бала мен оның арасындағы қарым-қатынасты;
- г) қорғаншының немесе қамқоршының отбасы мүшелерінің балаға деген көзқарасы;
- д) егер бұл мүмкін болса, баланың өз тілегі ескеріледі [ҚР Неке және Отбасы туралы заңы 108-бап,1-тар.].

Қорғаншылықтың немесе қамқоршылықтың міндеті орындаудағы тұлғаның қабілетін бағалау өлшемдері «заңды» түрде әрбір нақты жағдайда берілген сұрақтарды жекеше шешу қажеттілігін болжау мен әртүрлі жағдайлардағы мінез-құлықты есепке ала отырып (қорғаншының немесе қамқоршының жасы, білімі, қандай іспен шұғылданатыны, т.б.) анықталмаған. Бала асырап алудың қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа беруден ерекшелігі. [ҚР Неке және Отбасы туралы заң 84 бап.1 тар.] баланы қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа беруде оның нақты бір адамды өзінің қорғаншысы немесе қамқоршысы болуына келісуінің немесе келіспеуінің құқықтық мәні жоқ, тіпті бала он жасқа толса да. Бірақ, мына жағдайда бала қорғаншы немесе қамқоршы болуға тілек білдірушілерге теріс (кері) қарым-қатынаста болса, бұндай қатынастың себебін анықтау қажет және мүмкіндігінше баланың пікірін есепке ала отырып шешім шығару өте маңызды.

Тәжірибеде көбіне қорғаншы немесе қамқоршы болып баланың жақын туыстары (атасы, апасы, ағасы, әпкесі, бауыры т.б.) тағайындалады, сонда қорғаншының немесе қамқоршының жеке басының талаптарын қолайлы түрде және баланың тілегін де ескеруге болады. Бірақ, бұл жағдайда да баланың туысқандарының қорғаншы немесе қамқоршы

болуға рұқсат ететін шешімді қабылдауда егер заңмен анықталған кедергілері бар болса, заңмен қандай да бір артықшылықтар берілмейді.

Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының балаға қорғаншыны немесе қамқоршыны баланың тәрбиесін қандайда бір жағдайлармен (ұзақ іссапар, ауыр сырқаттылық т.б.) жүзеге асыра алмайтын ата-аналардың өздерінің тілек білдіруімен де тағайындайды. Осы кезде ата-аналар қорғаншылық және қамқоршылық органдарына қорғаншыға немесе қамқоршыға өздерінің таңдаған адамдарын ұсына алады.

Қорғаншының немесе қамқоршының құқығы мен міндеттері қорғаншы және қамқоршы органдарының оларды тағайындау туралы шешімі шыққан уақыттан басталады. Қорғаншыға немесе қамқоршыға қорғаншылық куәлігі беріледі және оған құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, сонымен қатар қамқорлығына алған баланың қажетті құжаттары тапсырылады. Кейінгі уақытта да қорғаншылық және қамқоршылық органдары қорғаншылардың (қамқоршылардың) қызметтеріне тұрақты бақылау жүргізіп отыруға міндетті және оларға қамқорлығындағы балаларды тәрбиелеу мен басқа да сұрақтарын шешу үшін қажетті көмектер көрсетулері керек.

Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) балалардың құқығының тізімі Неке және Отбасы туралы заңның 109-бабында берілген және де ол сонымен қатар жеке мүліктік және мүліктік емес құқықтарды да өзіне қосады. Неке және Отбасы туралы заңда кәмелетке толмағандарға қандай құқықтар берілсе, қорғаншылықтағы балалар да тура сол құқықтарға ие. Қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған балалардың мынандай құқықтары бар:

- 1) Өздерінің адамдық қадір-қасиеттерінің құрметтелуіне;
- 2) Қорғаншы (қамқоршы) тарапынан қамқорлық көруге;
- 3) Қорғаншының (қамқоршының) отбасында тәрбиеленіп, онымен бірге тұруға;
- 4) Өздеріне тиесілі алименттерін, зейнетақыларын, жәрдемақыларын және басқа да әлеуметтік төлемдерді алуға;
- 5) Тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтауға;
- 6) Қорғаншы (қамқоршы) тарапынан қиянат етушіліктен қорғануға құқығы бар;
- 7) Оларды асырап-бағу, тәрбиелеу, білім беру және жан-жақты дамытуы үшін жағдайлардың қамтамасыз етілуі;
- 8) Тұрғын үй-жайы болмаған жағдайда тұрғын үй заңдарына сәйкес оны алу құқықтарына да;
- 9) Осы заңының 52-54, 59-баптарында көзделген құқықтарға ие болады (баланың отбасында өмір сүруі және тәрбиелену құқығы, баланың өз пікірін білдіру құқығы, баланың қорғалу құқығы). [ҚР Неке және Отбасы туралы заңы 109-бап, 1-2-тар.].

Кәмелетке толмаған қорғаншылыққа алынған балалардың өмір сүру тәсілдерінің қайнар көздеріне:

- а) ай сайынғы мемлекеттің қорғаншылыққа алынған балаларды асырау үшін бөлінетін ақшалай қаражаты;
- б) балалары бар азаматтарға төленетін мемлекеттік жәрдемақы туралы Заңға сәйкес мемлекеттің ай сайынғы бөлетін жәрдемақылары;
- в) кәмелетке толмаған қорғаншылыққа алынған балалардың мүлкін басқарудан түскен кіріс (банктағы салымдар бойынша пайыздар, акция бойынша дивиденттер және т.б.).
- г) алименттер, зейнетақылар, жәрдемақылар және тағы басқа әлеуметтік төлемдер, әрекеттегі заңға сәйкес қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) балаларға тиісті көмектер.

Балалардың қорғаншылыққа (қамқоршылықта) болу фактісі ата-аналарды оларды асырау міндеттерінен босатпайды. Бұл жағдайларда алимент ата-аналарынан өндіріліп алынады. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға алимент осы Заңның 125-127-баптарына сәйкес өндіріп алынады және балалардың қорғаншысына (қамқоршысына) немесе олардың патронат тәрбиешісіне төленеді [ҚР Неке және Отбасы туралы заңы 128-бап, 1-тар.].

Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың білім алуын қамтамасыз ету құқығы Балалар құқықтары туралы Конвенцияның 28-бабында, Қазақстан Республикасының

Конституциясының 30-бабымен Азаматтардың орта білім алу міндеттілігі және азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдікке беріледі. Қорғаншы (қамқоршы) баланың пікірін ескере отырып, ол орта білім алғанға дейін балаға білім беру мекемесі мен оқытудың нысанын таңдауға құқылы [ҚР Неке және Отбасы туралы заңы 112-бап, 1-тар.3-тармақша.].

Неке және Отбасы туралы заңның 109-бабында баланың тұрғын үйге меншік құқығы немесе тұрғын үйді пайдалану құқықтарын сақтау құқығы бар делінген. Меншік құқығын (пәтерге, пәтердің жартысына, тұрғын үйге) бала заң бойынша мұрагерлікпен немесе өсиетке қалдыру арқылы, приватизациялау арқылы, сыйға алу арқылы иеленуі мүмкін. Кәмелетке толмаған баланы қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) беруде оған тиісті мүлікке меншік құқығы тоқтатылмайды, сонымен қатар тұрғын үйге де қатысты құқығы күшін жоймайды.

Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) баланың маңызды құқығының бірі болып – баланың қорғаншының (қамқоршының) тарапынан жасалған қиянаттан қорғалуға құқығын айтамыз. Бұндай жағдайда баланың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау қорғаншы және қамқоршы органдармен жүзеге асырылады. Сотқа өзінің құқықтарын қорғау үшін өз бетінше өтініш жасауға бала он төрт жасқа толғанда құқылы. Қорғаншы және қамқоршы органдарының қорғаншылықтағы баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қажетті шартына негіз, баланың өзінің қорғаушысының немесе қамқоршысының тарапынан болған нақты қиянаттары (баламен қатал қарым-қатынас, балаға төленетін қаражатты өз мүддесіне пайдалану) туралы арызы (үндеуі) болуы мүмкін, сонымен қатар осы жайлы мәліметтер өзге де деректерден (бұған азаматтар мен заңды тұлғалардың хабарламалары) алынуы мүмкін. Қорғаншының (қамқоршының) тарапынан болған қиянаттар нақты түрде дәлелденсе қорғаншы және қамқоршы органдары арқылы соңғы адамдар бұл міндеттерден шеттетілуі мүмкін.

Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) бала өзінің ата-аналарымен (және басқа туыстарымен, егер оларды ата-ана құқықтарынан айырмаса қарым-қатынас жасауға құқылы. Қорғаншылар (қамқоршылар) қамқорлығындағы балалардың осы құқықтарын жүзеге асыруға қамқоршылық жасауға міндетті. Баланың өз ата-аналарымен және басқа жақын туыстарымен қарым-қатынас жасауына, мұндай қарым-қатынас баланың мүдделеріне сай келмеген жағдайларды қоспағанда, бөгет болуға қорғаншының (қамқоршының) құқығы жоқ. [ҚР Неке және Отбасы туралы заңы 112-бап,3-тар.]. Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) бала сонымен қатар өзіне қатысты сұрақтарды қорғаншы немесе қамқоршы шешуде және кез келген соттық немесе азаматтық істерде өз пікірін білдіре алады. Он жасқа толған бала пікірі, егер бұл пікір оның мүдделеріне қайшы келмейтін болса, ескерілуге міндетті. Осы Заңда (баланың аты мен тегін өзгерту, ата-ана құқықтарын қалпына келтіру, асырап алуға баланың келісімі, бала асырап алғандарды баланың ата-анасы ретінде жазу, бала асырап алудың күшін жою және т.б.) көзделген жағдайларда қорғаншы және қамқоршы органдар немесе сот он жасқа толған баланың келісімімен ғана шешім қабылдай алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995.
2. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана. 2014.
3. ҚР Неке және Отбасы туралы заңы, 2010.
4. ҚР Қылмыстық кодексі.
5. ҚР Бала құқықтары туралы Заңы, 2007.

РЕЗЮМЕ

Кожобекова А.Д., к.и.н., доцент

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Сейполдаева С.Д., учительница

(г. Павлодар, №14 школа)

УСТАНОВЛЕНИЕ ОПЕКУНСТВА И ЗАЩИТЫ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ ДЕТЕЙ

В статье рассматриваются права и обязанности органов опеки и попечительства по отношению к детям-сиротам, детям-инвалидам и к родителям, лишенным родительских прав в рамках Конституции РК, закона «О браке и семье», а также Декларации о защите прав детей.

Ключевые слова: брак, бездействие, опекун, защита, алимент.

SUMMARY

*A.D. Kozhabekova, Candidate of historical sciences, Associate Professor
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

*S.D. Seipoldeva, teacher
(city Pavlodar, №14 school)*

ESTABLISHMENT OF GUARDIANSHIP OF MINORS AND PROTECTION

In the article the right and duties organs of guardianship and patronage are examined in relation to orphans, to invalids and to the parents, deprived paternal rights with in the framework of Constitution of RK, law «On marriage and family», and also Declaration about the protection of rights of children.

Keywords: marriage, omissions, guardian, protection, alimony, diversification, technological modernization, strategy, priority, industrialize.

ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY

ӘОЖ 682.24

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

*Т.К. Ауелгазина, саяси ғыл. докт.,
Педагогикалық білімнің халықаралық
Ғылым Академиясының академигі,
(Алматы қ., «ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы) акционерлік қоғамының
филиалы, Алматы облысы бойынша
педагог қызметкерлердің біліктілігін
арттыру институты)*

Аңдатпа: Жеке тұлғаның жан-жақты тәрбие жүйесін құрайтын тәрбиенің бірі – құқықтық тәрбие болып табылады. Ол қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдарды аса жауапкершілікпен орындап отыруы талаптарымен тығыз байланысты. Сондықтан, бүгінгі қоғамның талабына орай мектеп оқушыларын жан-жақты тәрбиелеу үдерісінде мектеп алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі – оқу-тәрбие үдерісінің барлық

құрылымында құқықтық тәрбиеге айырықша мән беріп, оны ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін үнемі жетілдіру екендігі белгілі. Себебі, мектеп – өскелең ұрпақты қоғамға даярлау үдерісіндегі негізгі әлеуметтік мекеме. Сондықтан жалпы білім беру мекемелері әр оқушының санасына құқықтық нормаларды сіңіріп, оны күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыруы мен келеңсіз жат қылықтардан аулақ болуы үшін жүйелі құқықтық тәрбиені жүргізуі тиіс.

Түйін сөздер: Жеке тұлға, демократия, құқық, құқықтық мемлекет, қоғам, азаматтық құқықтар, табиғи құқықтар, құқықтық тәрбие, құқықтық білім, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқық нормалары, құқық бұзушылық.

Тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бірі – құқықтық тәрбие. Құқықтық тәрбие – бұл жеке тұлғаның құқықтық білімін, құқықтық санасы мен мәдениетін, олардың өзіндік құқықтары мен міндеттерін ұғынуын қалыптастыру негізінде мемлекеттік құрылымда жүйеленген әрекет. Ал, құқық дегеніміз – мемлекет белгілеген, қамтамасыз ететін, кепіл болатын және қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған жалпыға міндетті, формалды анықталған құқық нормаларының жүйесі. Жалпы алғанда, құқық ұғымы әлеуметтік және философиялық тұрғыдан алғанда өте ауқымды түсінік. Ол өз бойына тек құқықтық нормаларды ғана емес, сонымен қатар, құқықтық сананы, құқықтық мәдениет пен құқықтық қатынастарды да біріктіреді. Құқықтық тәрбие қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдарды аса жауапкершілікпен орындап отыруы талаптарымен тығыз байланысты. Жастарға құқықтық тәрбие беру үдерісіне көптеген құжаттар кешені қамтылады. Қазақстан Республикасының Конституциясының «Адам және адамзат» деп аталатын II бөлімінің 1-бабында көрсетілгендей: «Менің Отаным – Қазақстан Республикасы. Оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандығы» болып табылады [1]. Сондықтан ел көлемінде құқықтық тәрбиені жүргізуді жас жеткіншектердің санасына Конституцияның мазмұны мен ондағы құқықтық ұғымдардың мәнін түсіндіруден бастағанмыз жөн. Себебі, құқықтық ережелер әрбір адамның қоғамдағы тіршілік ету ортасындағы қарым-қатынасын және мінез-құлқын реттейді. Сонымен қатар, 1995 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Президентінің №2347 «Қазақстан Республикасында жалпылай құқықтық білім беру шараларын ұйымдастыру туралы» Қаулысында құқықтық білім берудің бағдарламалары мен міндеттері көрсетілген. Ел жастарына құқықтық тәрбие беру жолындағы қамтылған мәселелер кешеніне: тұлғаның құқықтық мәдениеті мен санасын қалыптастыру; саналы құқықтық білім беру; құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жатады.

Жалпы білім беру жүйелеріндегі құқықтық білім беру мақсатты әрі жүйелі түрде құқықтық мәдениетті көтеруге бағытталып, ал, құқықтық мәдениеттің өзі тұлғаның дамуының деңгейі ретінде қаралуы керек. Біз жастардың жүйелі құқықтық білімді меңгеруі, оны әлеуметтік құндылық ретінде қарастыруы және тұлғаның құқықтық тәртібі шеңберіне бағытталған әлеуметтік-құқықтық қалыптасуы ретінде қабылдауы үшін талпынуымыз керек. Өйткені тек құқықтық білімді тұлғаның ғана құқықтық санасы мен мәдениеті жоғары дәрежеде болатындығы анық.

Жастарға құқықтық тәрбие беруде жалпы білім беру мекемелері жетекші орын алады. Олар жас ұрпақты құқық туралы ғылым негіздерімен қаруландырып, олардың бойында алған білімдерін практикалық өмірде пайдалана білу дағдыларын, заңсыздықпен күресте қажет болатын психологиялық қасиеттерді қалыптастырады. Құқықтық мәдениетті дамыту еліміздің болашағын айқындаушы көрсеткіштердің бірі десек қателеспейміз. Өскелең ұрпаққа сапалы құқықтық білім мен саналы тәрбие беру ұстаздар қауымынан білімділікті, құқықтық білімдерін үнемі жетілдіруді, нормативтік-құқықтық құжаттармен үздіксіз танысып, жұмыс барысында оларды басшылыққа алуды үрдіске айналдыруды қажет етеді. Құқықтық тәрбиені ұстаздар қауымы ата-аналармен, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, спорттық ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп, тәрбиенің өзге түрлерімен байланыстырып, жүйелі жүргізер болса, нәтижелі болмақ.

Жас ұрпақтың бойында құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын жүргізу барысында төмендегідей жайттарға мән беру керек:

- жастар демократия негіздерін оқып-үйренулері тиіс;
- олар өз құқықтары мен міндеттерімен танысып қана қоймай, бостандық, тұлға, құқықтық мемлекет деген ұғымдардың мәнін жете ұғынуы керек;
- құқықтық тәрбие адамгершілік және эстетикалық тәрбиемен байланысты жүргізілуі міндетті;
- жас ұрпақ заңдылық нормаларын білгені дұрыс. Өскелең ұрпақтың жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың құқықтық жаңаруы мақсатында әртүрлі шығармашылық нысандарды қолдану қажет.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы егемен ел болып, тәуелсіздігін алғаннан кейін қоғамдық қатынастар Қазақстан Республикасының Конституциясының және өзге де құқықтық құжаттардың негізінде елдің мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, іске асырылады. Сондықтан бүгінгі таңдағы қазақстандық қоғамның мақсаты – демократиялық құндылықтарды нысана ететін, әлеуметтік тұрғыда белсенділігі зор, құқықтық сауатты жас ұрпақ өкілдерін қалыптастыру болып табылады. Өйткені қоғамдық жүйенің барлық салаларында демократиялық құрылымды орнықтыру міндеті әрбір ел азаматынан жоғары саналылықты, қоғамдық үдерістерге белсене қатысуды талап етеді. Осы орайда жастардың арасында «Қоғам мен адам және заң», «Сен өз құқығыңды білесің бе?», «Дала заңы мен Ата заң», «Сен және сенің құқықтарың», «Ата Заң – асыл мұраттар бастауы», «Жастарды қылмысқа баулитын не?», «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» және т.б. тақырыптарда дөңгелек үстелдер, пікірталастар өткізудің мәні зор. Себебі жеткіншек ұрпақты ХХІ ғасырдың лайықты азаматы етіп қалыптастыру ұстаздардан сындарлы жауапкершілікті талап етеді.

Әсіресе, құқықтық тәрбиенің елімізде жүріп жатқан демократиялық, құқықтық және зайырлы қоғам орнату үдерісімен байланысының маңызы ерекше. Осы орайда мектеп ұжымы құқықтық тәрбие жұмысын бірінші сыныптан бастап оқушының оқуды бітіргенге дейінгі аралығында белгілі бір жүйелілікпен ұйымдастырылған түрде жүргізуі қажет. Елімізде жеткіншек ұрпаққа құқықтық тәрбие беру барысы өз деңгейінде жүргізілсе, соғұрлым жастар мемлекетіміздің көркеюіне, дамуына зор үлесін қоса алатын болады. Сол себептен қазіргі уақытта өз Отанын сүйетін, құқықтық мәдениеті жоғары жеткіншектерді тәрбиелеу – мемлекеттің басты міндеті. Ал, жастарымыз ар-намыс пен борышқа деген адалдық сияқты Отанымыздың өркендеуі жолындағы жоғары құндылықтардың жолын ұстанып өсуі тиіс. Өйткені елімізде кәметке толмағандар арасындағы қылмысқа қарсы күрес және оның алдын алу мәселесі қалың көпшілікті алаңдатып отырған көкейкесті сұрақтардың біріне айналып отыр. Осы орайда құқық бұзушылық теріс әрекеттердің алдын алу мақсатымен жас ұрпаққа құқықтық тәрбие берудің мәні ерекше. Бұл ретте қоғамның әрбір мүшесінің саналы ұрпақты тәрбиелеуге зор жауапкершілікпен атсалысуы аса маңызды қажеттілік болып табылады. Соған байланысты ұлттық тәрбиенің басты құндылықтарын негізге ала отырып, оқушылардың құқықтық тәрбиесін жалпы білім беру мекемелеріндегі іс-шаралар мазмұнында жүзеге асырудың маңызы зор. Оқушылар өздерінің негізгі құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін біліп, қоғам алдындағы өз жауапкершілігін сезіне білуі құптарлық іс. Заңгер ғалымдар Ғ.Сапарғалиев, А.Ибраевалар атап көрсеткендей: «тұлғаның құқықтық мәдениеті – құқықты білу, ұғыну (түсіну) және құрметтеуден тұрады. Ал, мұның өзі құқықтық ұйғарымдарды жете түсініп барып орындаудан білінеді (көрінеді)» [2].

Айта кетерлік маңызды жайт, жас ұрпаққа құқықтық тәрбие беру барысында билер өнегесінің маңызы зор. Жастар арасында өріс алған қылмыс пен бұзақылыққа тұсау болар құқықтық тәрбиені күшейту үшін сан ғасырлық тарихы бар билер тәлім-тәрбиесін жалпы білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие ісінде қолданудың нәтижесі зор болары сөзсіз. Кезінде қазақ даласында құқықтық әдет-ғұрыптар қоғамдық қатынастардың негізгі реттеуші құралы болған. Қазақ қоғамындағы Майқы бидің «түгел сөзі», Өз Жәнібек ханның «әдет-ғұрыптары», Қасым ханның «қасқа жолы» (XV ғ.), Есім ханның «ескі жолы» (XVI ғ.) мен

Тәуке ханның «Жеті жарғысы» (XVIII ғ.) мемлекет атынан заң дәрежесінде қолданылатын маңызды ережелер ретінде қолданылған. Қазақ қоғамында түбегейлі өзгерістерді жүзеге асырушы ірі реформатор – Тәуке хан (1680-1718 жж.) болды. «Жеті жарғы» – бұл құқықтық, әдет-ғұрып ережелері жинақталған заңдар жүйесі. Онда қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымындағы басқару, билік, мүлік заңы, қылмыс заңы, елшілік, әскери, жұртшылық заңы, жер дауы, құн дауы жайындағы қарым-қатынастар мәселелері тұжырымдалған. Яғни, «Жеті жарғы» – қазақ әдет-ғұрып заңдарының жинағы. Тәуке хан «Халық кеңесі» мен «Билер кеңесін» тұрақты орган ретінде қалыптастырып, олардың мемлекеттік құрылымдағы рөлін арттырды. Сөйтіп, адам мен қоғамның арақатынасының негізгі ұстанымдарын айқындады. Қазақ елінің ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан мемлекеттік билігінің дамуы тарихында, ел басқаруда билер институтының алатын орны ерекше. Билер институты – шынайы халықтық үлгіде құрылып, ежелден елдік әдет-ғұрыпқа негізделген дәстүрлі құқық нормаларын берік ұстанған тәуелсіз сот жүйесі. Би – халыққа сот төрелігін турашылдықпен жүзеге асыруда әділ билігімен танылған, соттық функцияны атқаратын қызметші.

Қазақ қоғамында билердің үлгі шешімдері де қазақтың ұлттық құқықтық әдеттерін дамытқан. Қиыннан қиыстырып тапқан билердің шешімдері қазақ даласында құқықтық норма ретінде қолданылған. XIX ғасырда билер съезінде қабылданған ережелерде құқықтық нормалар жазылып, нормативті актілер ретінде пайдаланылған. Сонымен қатар, қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан құқықтық әдеттер де қоғамдық қатынастардың реттеушісі болып отырған. Қазақ қоғамында кез келген қоғам мүшесінің билеуші топтың алдында өз ой-пікірін еркін білдіру құқығы болған. Мәселен, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қазақ нақылы осының дәлелі. Яғни, қазақтардың дәстүрге негізделген қоғамдық өміріндегі билер соты өзіндік мәні бар, дәйекті әрі әділетті шешімдер қабылдаған институт болған.

Назар аударарлығы, бұрынғы билер бүгінгі мемлекеттік биліктің функциясын атқаруға қатысып, билік айтып, ел басқару қызметінің барлық түрлеріне араласқан. Олар қазақ еліндегі түрлі ұлыстар мен ру-тайпаларды басқару мен оларды билеуде, ел мүддесі мен бірлігін қамтамасыз етуде көшелі іс, даналық ойларымен хан, сұлтандар мен бектерге түзу бағыт беріп отырған. Осылайша, қазақ қоғамындағы мемлекеттік билік ісін жетілдірудегі, елдің ұлттық идеологиясын қалыптастырудағы, ел басқаруда туындаған күрделі шиеленістерді ақыл-парасатпен шешудегі және халықты отаншылдық рухта тәрбиелеудегі шешен-билердің зор маңызға ие болғандығы даусыз жайт. Билер ел басына қиыншылық туған кезеңдерде халыққа пана болып, қорғаушы әрі қолдаушы қызметін де абыроймен атқара білген. Бұған халық жадында сақталған «Елге бай құт емес, би – құт», «Қабырғадан қар жауса – атан менен нарға күш, ел шетіне жау келсе – қабырғалы биге күш», «Би – хан біткеннің қазығы, бұқара жұрттың азығы» - деген даналық сөздер дәлел. Сонымен, қазақ қоғамындағы билер институты – мемлекеттік мүдде үшін ежелгі антикалық дәуірден XX ғасырдың басына дейінгі аралықта мемлекеттік билік саласын және әділ сот жүйесін жүзеге асыру мен дамытуға өлшеусіз үлесін қосқан ірі орган болып табылады.

Республикамыздың қоғамдық, саяси және экономикалық өміріндегі қазіргі замандағы түбегейлі өзгерістер, жүзеге асырылып жатқан құқықтық реформа еліміздің әрбір азаматынан құқықтық сауаттылық пен мәдениеттілікті талап етеді. Еліміздегі елеулі өзгерістердің бірі – демократиялық құндылықтарға сүйене отырып, құқықтық мемлекет құру. Құқықтық мемлекет құрамыз деген әрбір адамның өз құқықтарын жете біліп, заң саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Сол себептен біздің заманымыздағы жас ұрпақ өкілдері сана-сезімі жоғары, өз іс-әрекетіне жауапты, әлеуметтік өзгерістерге тез бейімделе алатын, өз шешімін қабылдай алатын азамат болып өсуі тиіс.

Демек, тәрбие үдерісінің құрамдас бөлігі – адамның құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру болып табылады. Сол себептен еліміздің әрбір азаматының бойына құқықтық құндылықтарды сіңіріп, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру тәрбиенің негізгі мақсаты. Ал, жеткіншек ұрпақты бала кезінен мемлекеттің заңдары мен қоғамдық ортада өмір сүру ережелерін құрметтеуге, заңдылықтарды бұзуға төзбеушілікке, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу – құқықтық тәрбиенің негізгі басымдықтары екендігі белгілі. Осы

сапалар болашақ қоғам азаматының құқықтық мәдениетінің мәнін құрайды. Себебі, құқықтық мемлекетте азаматтардың жоғары деңгейдегі құқықтық білімділігі, құқық бұзушылыққа қарсы тұра білу қабілеттілігі, мемлекеттің заңымен өмір сүру дағдысы қалыптасуы тиіс. Ол үшін еліміздің әр азаматы республикамыздың Конституциясымен, соған сай келетін заңдармен, өзге де нормативтік-құқықтық актілермен жете танысуы тиіс.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығына аса назар аударып: «Өркениетті қоғамда құқықтық мәдениет әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылатын кәсіби талап болып табылады. Тиісті құқық тәртібін орнықтырмайынша, біздің экономиканы реформалауымыз, қоғам өмірінде демократиялық қалыпты өлшемдерді бекітуіміз неғайбыл», – деп ұйғарым жасаған. Сондықтан жалпы білім беру саласындағы оқу-тәрбие үдерісінде құқықтық мәдениетті қалыптастыру жастардың санасына құқықтық білім және түсініктерді сіңіруді және олардың бойына күнделікті мінез-құлық дағдыларын, біліктері мен ұстанымдарын дарытуды білдіреді. Демек, өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыру дегеніміз – олардың санасына құқықтық нормаларды жеткізу негізінде оны жастардың күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу және құқықтық мәдениет элементтерін қоғамдағы шынайы құбылыс ретінде қабылдатуды мақсат ететін арнайы ұйымдастырылған педагогикалық әрекет. Өйткені жастарға құқықтық тәрбие беру тұлғаның заңды білуіне, құқықтық нормаларды сыйлауына, ерікті түрде заң талабын орындауына және оны қорғауға ықпал етеді. Ал, біздің міндетіміз – өзінің қоғамдық парызын білетін, заң талаптарын орындайтын және құқық пен заң нормаларын сақтайтын саналы, әрі заңға бағынышты жас ұрпақты тәрбиелеу.

Кез келген қоғам мүшесі табиғи құқықтармен қатар, азаматтық құқықтарға ие. Азаматтың құқықтық мәртебесіне адамға табиғи түрде берілетін құқықтар, сондай-ақ, азамат пен мемлекет арасындағы ерекше билік қатынастарын қоғамдық шарттар түрінде белгілейтін саяси құқықтар мен міндеттер кешені кіреді. Азаматтың мәртебесі құқықтар ұғымымен қатар, міндеттер жүйесін да қамтиды. Демек, қоғамдық құрылымдағы әр азаматтың маңызды міндеті – заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау болып табылады. Мемлекеттегі заңның ең басты мақсатының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Міне, осылайша, жас ұрпаққа құқықтық тәрбие беру сан қырлы күрделі үдеріс, бұл жалпы және арнаулы шаралардың тұтас бір жүйесін қамтиды. Осы орайда жалпы білім беру жүйесінің маңызды міндеті – құқықтық тәрбиені аға ұрпақтың өзара қарым-қатынасы тәжірибесін негізге ала отырып, өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін жоғары деңгейге жеткізу болып табылады. Өйткені, бүгінгі қазақстандық қоғамда жастардың құқықтық тұрғыда сауатты болуы – заман талабы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 96 б.
2. Сапарғалиев Ғ., Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы, 2007. – 175 б.

РЕЗЮМЕ

Ауелгазина Т.К., д.соц.н. академик МАНПО,

(г. Алматы, филиал АО «НЦПК «Орлеу», Институт повышения квалификации педагогических работников по Алматинской области)

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ПРАВОВОГО ВОСПИТАНИЯ

Статья посвящена одной из актуальных проблем в обществе – правовому воспитанию подрастающего поколения. В современных условиях правовое воспитание необходимо для того, чтобы пропагандировать безопасный и здоровый образ жизни среди подростковой среды. Оно играет огромную роль в борьбе с детской преступностью, насилием, создает

благоприятные условия для индивидуального развития личности. Раскрытие механизмов правового воспитания личности способствуют формированию духовного сознания личности. А также в статье освещаются понятие и основные принципы правового воспитания. Автор дает научный анализ практических подходов к изучению данной проблемы.

Ключевые слова: личность, демократия, право, правовое государства, общества, гражданское право, естественное право, правовое воспитание, правовое знание, правовое сознание, правовая культура, нормы прав, правонарушение.

SUMMARY

*T.K. Auelgazina, doctor of political sciences, Academician of the International Academy of pedagogical education,
(city Almaty, branch of the joint-stock company of the Center of excellence «ORLEU»,
Institute of Center of excellence of the teachers in Almaty region)*

DIRECTIONS TO LEGAL EDUCATION

The article is devoted to one of the actual problems in society-civic education of the rising generation. In modern conditions of legal education is necessary in order to promote the safe and healthy way of life among the teenage environment. It plays a huge role in combating juvenile delinquency, violence, creates favourable conditions for individual personal development. Disclosure mechanisms for legal education of personality contributes to a spiritual consciousness of personality. As well as the article highlights concept and the basic principles of legal education. The author gives scientific analysis of practical approaches to the study of the problem.

Keywords: identity, democracy, the rule of law, the State, society, civil law, natural law, legal education, legal knowledge, legal consciousness and legal culture, rights, violation.

UDC 377.9

THE IMPORTANCE OF TEACHING A FOREIGN LANGUAGE TO PRESCHOOL CHILDREN

*S.K. Duisembaeva, 1st course of master
(Kazakh State Women's Teacher Training University)*

Annotation: This article deals the importance of learning a foreign language to children of preschool age. Learning a foreign language helps the multi-dimensional mental and spiritual development of children. And also in the article are the mental peculiarities of the language acquisition of children observed by psychologists and linguists.

Keywords: FL in kindergarten, bilingualism, multilingualism, trilingualism, language acquisition.

At the present time according to the strengthening of international relations teaching a foreign language to the children of preschool age increases a big interest. The issue is vital according to the message of the president in the strategy «Kazakhstan-2050» what says that it's important to create trilingual citizens by 2025, and in integration through education there the importance of English language was emphasized [1]. That's why the advantages were given to the creation of trilingual citizens. So the multicultural upbringing of the preschool children at the process of multilingual education and teaching English gains its momentum nowadays in Kazakhstan.

The methods of teaching foreign languages began to develop in XIX century. FLT is an intuitive-experimental teaching which goes through the birth of the child till his going to school. In many foreign countries (USA, UK, France) the importance of FLT of preschool children was been

proved and bilingual education is widely spread. Most children in the world learn to speak two languages. Bilingualism is present in just about every country around the world, in all classes of society, and in all age groups. «In the United States monolingualism traditionally has been the norm. Bilingualism was regarded as a social stigma and liability». Language represents culture, and the bilingual person is often a member of a minority group whose way of thinking and whose values are unfamiliar to the «majority». Language is something we can identify and try to eradicate without showing our distrust and fear of others [2;7;8]

According to John Amos Comenius it is important for a child to acquire his mother tongue first, and only then the foreign language could be taught. So it's important to observe the mother tongue acquisition in children because it has a great influence on learning other languages. It is clear that children must be exposed to language and be able to interact with others, but how that exposure and interaction occur is extremely variable. Even though young children are not formally taught language, language acquisition is part of the overall development of children physically, socially, and cognitively. There is strong evidence that children may never acquire a language if they have not been exposed to a language before they reach the age of 6 or 7. Children between the ages of 2 and 6 acquire language so rapidly that by 6 they are competent language users. By the time children are of school-age, they have an amazing language ability; it is a seemingly effortless acquisition [3; 4; 5:]

Children naturally obtain a «communicative competence», intrinsically understand the rules of grammar, and gain knowledge of the rules of using language. Virtually every child develops linguistic and communicative competence, and it is learned naturally and in context, not arranged in an easy-to-difficult sequence. The fact that both children and adults constantly communicate with a high degree of success is evidence that we are all following the same rules for appropriate communication behavior «Children who develop proficiency in using their native language to communicate, to gain information, to solve problems, and to think can easily learn to use a second language in similar ways» [10]. Young children may appear to be better second-language users because the language they are learning is less cognitively complex to learn and they can learn to speak a second language quickly and often with a native-like pronunciation. But research has shown that adolescents and young adults are actually better at acquiring a second language [2]. Children growing up in a well-rounded environment learn to speak at least 2,000 basic words by the time they are four years old. Simply observing how babies learn to talk proves that they are natural learners. During the first six months of life, babies babble using 70 sounds that make up all the languages in the world. They will then learn to talk using only the sounds and words they pick up from their environment, most importantly from their parents and caregivers. A baby's brain will then discard the ability to speak in languages he or she does not hear [7]. Infants can learn by listening, seeing, imitating, and practicing. So talk to them from the start. Tell them what you are doing. Introduce them to rhymes, songs, games, and counting in a second or third language. If you can't speak another language yourself, get plenty of tapes. Consider boarding a foreign student. Most importantly, make learning fun.

Psycho-pedagogical investigations show that there are factors what influence on person's development as environment, inheritance and upbringing so the preschool age is the sensitive age of foreign language learning (I.V.Vronskaya, N.D.Galskova), language environment and developing environment give opportunities for the development of personality (M.Montessori).

Research increasingly shows that most young children are capable of learning two languages and that bilingualism confers cognitive, cultural, and economic advantages [4;5]. Bilingualism has been associated with a greater awareness of and sensitivity to linguistic structure, an awareness that is transferred and generalized to certain early literacy and nonverbal skills. In the conclusion it's appropriate to state the use of learning a foreign language from early childhood. Foreign language acquisition is a background of further mental and spiritual development.

REFERENCES

1. <http://strategy2050.kz/>
2. Collier, V.P., & Thomas, W. (1995). Language minority student achievement and program effectiveness. Research summary on ongoing study. Fairfax, VA: George Mason University.
3. Cuevas, J. (1996). Educating limited-English proficient students: A review of the research on school programs and classroom practices. San Francisco: WestEd.
4. Cummins, J. (1976). The influence of bilingualism on cognitive growth: A synthesis of research findings and explanatory hypotheses. Working Papers on Bilingualism, 9, 1-43.
5. Grosjean, F. (1982). Life with two languages. Cambridge, MA: Harvard University Press.
6. Hakuta, K. (1986). Mirror of language: The debate on bilingualism. New York: Basic Books. (ERIC Document No. ED264326).
7. (Kotulak, 1996). Kotulak, R. (1996). *Inside the Brain*. Andrews and McMeel.
8. Lindfors, J. W. (1991). Children's language and learning (2nd ed.). Boston: Allyn and Bacon.
9. McLaughlin, B. (1984). Second language acquisition in childhood: Vol. 1. Preschool children (2nd ed.).
10. Pérez & Torres-Guzmán, 1996, p. 96.

ТҮЙІНДЕМЕ

*Дюсембаева С.К., 1-курс магистрі
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ШЕТ ТІЛІНЕ ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ

Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды шет тіліне үйретудің ақыл-ой дамуы мен рухани дамуының алғышарты болуы көрсетілген.

Түйін сөздер: балабақшадағы шет тілі, билингвизм, көптілділік, үштұғырлы тіл, тіл үйрену.

РЕЗЮМЕ

*Дюсембаева С.К., магистрант 1-курс
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

ВАЖНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Данная статья рассматривает важность обучения иностранному языку детей дошкольного возраста. Обучение иностранному языку способствует многогранному ментальному и духовному развитию детей. А также в статье указаны психические особенности освоения языка детьми наблюдаемые психологами и лингвистами.

Ключевые слова: обучение иностранному языку, духовное развитие, язык.

ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨЗІНДІК САНА ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Б.П. Мырзатаева, п.с.ғ.к.

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада өзіндік сана мәселесінің психология ғылымында талдану ерекшелігі мен әдіснамалық негіздері, сонымен қатар оның тұлға қалыптасуындағы рөлі қарастырылған. Бұл мәселенің өзектілігі үлкен практикалық мәнге ие болуымен себептеледі. Өйткені тұлғаның психикалық резервтерін жұмылдыру, оларды оңтайлы пайдалану оның мінез-құлқын өзі реттеу формаларын жетілдіруін талап етеді. Ал реттеудің бұл формалары өзін-өзі тану және өзін-өзі бағалау тәжірибесі мен нәтижесіне негізделеді. Осыған байланысты мақала мазмұнында өзіндік сананың құрылымы мен оны анықтайтын факторлар, қалыптасу механизмдері туралы озық психолог-ғалымдардың теориялары мен тұжырымдамалары қамтылған.

Түйін сөздер: тұлға, субъект, сана, өзіндік сана, іс-әрекет, өзін-өзі тану, Мен, өзіне эмоциялық-құндылық қатынас, эмоциялық қобалжулар, мінез-құлқын өзі реттеу.

Өзіндік сананы талдаудың психологиялық аспектісі философиялық аспектімен үздіксіз байланыста болады, және оны адам психикасының ерекше үрдісі ретінде қарастырады. Бұл үрдіс адамның өзін-өзі тануы мен өзіне эмоциялық-құндылықтық қатынасының негізінде өз әрекеттерін, мінез-құлқын, іс-әрекеттерін өзі реттеуіне бағытталады.

Сонымен қатар психология ғылымында өзіндік сананы талдауда оның сана мәселесімен тығыз байланысы негізге алынады. Ал оны түрлі аспектіде қарастыру - сана мен іс-әрекеттің бірлігінің әдіснамалық принципіне тіректеледі (С.Л.Рубинштейн [1], А.Н.Леонтьев [2], Б.Г.Ананьев [3] және т.б.). Өйткені сананың қалыптасуы мен дамуы адамдардың материалдық іс-әрекеті процесінде іске асып, адам сыртқы табиғатты өзгертумен қатар өзінің табиғатын да өзгертеді. Сонда сана мен іс-әрекеттің бірлігі неден көрінеді? Адам іс-әрекеті оның санасының, өзіндік санасының, психикалық процестерінің, қасиеттерінің қалыптасуына себеп болса, өз кезегінде соңғылары адамның іс-әрекетінің реттелуін іске асыра отырып, оның дұрыс орындалуының шарты болып табылатындығынан көрінеді.

Өзіндік санада индивид танымның субъектісі ретінде де, объектісі ретінде де көрінеді. Ғалымдар өзіндік сананың дамуы адамның практикалық іс-әрекетімен қатар өзге адамдармен өзара әрекеттесуі жағдайында да қалыптасатынын тұжырымдайды. Адам өзін өзгелер арқылы жанама түрде танитындықтан, өзіндік сананың пайда болып дамуында қоғамдық қатынастар саласы үлкен рөл атқарады [4].

Психолог-ғалымдар Л.С.Выготский [5], С.Л.Рубинштейн [1], А.Н.Леонтьев [2], А.Г.Спиркин [6], А.Р.Лурия [7], М.И.Лисина, А.И.Силвестру [8], Ж.Аймауытов [9], М.Жұмабаев [10], Т.Тәжібаев [11], М.Мұқанов [12] және т.б. өзіндік сананы адамның рухани дүниесіндегі ең жоғары және күрделі кіріктірілген құрылым, барлық саналы іске асырылған психикалық процестердің динамикалық жүйесі ретінде қарастырады. Олардың пікірі бойынша сана мен өзіндік сананың қалыптасуы адам тұлғасының қалану процесінің ажырамас компоненті. Бұл ғалымдар «Мен» және сана, өзіндік сананы тұлғаның біртұтас адамгершілік-психологиялық, сипаттамалық және дүниетанымдық өзегі деп есептейді. Адамның психикалық өмірінің реттеушілік қағидасы, өзін-өзі бақылап отыратын *рух күші* ретіндегі «Мен»-нің өзіндік санасы қалыптасқан тұлға болып табылатынын белгілейді.

С.Л.Рубинштейннің айтуынша, тұлға саналы субъект ретінде тек айналасын ғана түсініп қоймайды, оларға өзінің қатынасындағы өзін де саналы ұғынады. Тұлғаны психологиялық зерттеуде оның өзіндік санасын, тұлғаны Мен ретінде қарастыру мәселесі тұрады. Өйткені ол адамның істегендерінің бәрін өзіне саналы сіңіріп, одан шыққан барлық

іс-әрекеттер мен мінез-құлықтарды өзіне қатыстырып, олардың авторы және тудырушысы ретінде жауапкершілікті өзіне саналы қабылдайды. Л.С.Рубинштейн: «өзіндік сананың дамуының нағыз қайнар көзі мен қозғаушы күшін - оның айналасындағылармен өзара қатынасының өзгеруінде көрінетін индивидтің шын мәніндегі дербестігінен іздеу керек», – деген [1].

Алда мінез-құлық реттеушісі бола отырып, өзіндік сана тұлғаның әрі қарай дамуына әсер етеді, ал өзіндік сананың дамуындағы жағымсыз ауытқулар тұлғаның үйлесімді құрылымын бұзып, мінезінің бұрыс қалыптасуына алып келеді [8].

В.С.Мухинаның түсіндіруінде өзіндік сана әмбебап, тарихи қалыптасқан психологиялық құрылым. Ол әрбір әлеуметтенген индивидке тән және тұлғаның негізгі қобалжуларының мазмұнын құрады, оның өзіне, айналадағы дүниеге қатынас рефлексиясының ішкі факторлары ретінде көрінетін бөлімдерден тұрады [13]. Өзіндік сана құрылымдық бірліктердің тұтастай қатарынан тұратын күрделі психикалық феномен екені мәлім. Дегенмен, өзіндік сананың құрылымына енетін компоненттерге қатысты зерттеушілердің пікірлері бір-бірімен сәйкес келе бермейді.

М.Л.Лисина мен А.И.Силвестру (1983) өзіндік сананың негізгі екі компонентін - өзін білу және өзіне қатынасын – олардың бірлігінде бөліп көрсетсе [8], А.Г.Спиркин (1972) «өзіндік сана» өзара байланысты құбылыстарды: өзін-өзі бақылауды және өзін-өзі тануды, өзін-өзі бағалауды білдіреді дейді [6]. И.И.Чеснокова да (1977) өзіндік сананы үш компоненттің: *өзін-өзі тану, өзіне эмоциялық-құндылық қатынасы және өз мінез-құлқын өзі реттеуінің* бірлігі ретінде қарастыруды ұсынады. Ол өзін-өзі тануды өзіндік сананың көрінуі мен өмір сүруінің, мазмұнының орталығы ретінде белгілейді.

Адам сыртқы дүниемен өзара әрекеттесу процесінде белсенді әрекет етіп, оны таниды, онымен бірге өзін де таниды. Адамның *өзін-өзі тануы* оның өзге адамдарға қатынасы, *өзінің «Мені» мен өзгелердің «Менінің»* әртүрлі формадағы байланысы арқылы іске асады [4]. Өзгенің әрекеті мен жасаған істерінің сыртқы жағын бақылай отырып, адам белгілі бір дәрежеде осы сыртқы байқауларынан ішкі психологиялық мағынаны көреді. Осылай мінез-құлықтың түрлі формаларына, тұлғаның психикалық типінің ерекшеліктерімен байланысты жасырын себептеріне түсінік табады.

Сонымен, өзгенің таза сыртқы келбетін, оның айқындалған ерекшеліктерін жинақтау арқылы адам оның Менінің мәнін тани бастайды. Бұдан әрі «адамда өзге адамдар туралы ұғымдық білімдердің жинақталуы онда айыру процесіне, қабылдаудың жоғары дәрежеде қорытылуының дамуына алып келеді...» [14].

Өзін-өзі тануды шартты және жалпы формада 2 деңгейге бөлуге болады. Бірінші деңгейде өзін-өзі тану «*Мен – өзге адам*» шеңберінде, өзін өзгелермен салыстырмалы контексте ендіріп, сыртқы сәттерге сүйену арқылы іске асады. Мұндай өзін-өзі танудың негізгі ішкі тәсілі – өзін-өзі қабылдау мен өзін-өзі бақылау. Бір жағынан, адам балалық шақтан бастап тұлғааралық қатынастар жүйесінде болады, басқа адамдар үнемі оны бағалайды, ол ерікті немесе еріксіз түрде осы бағаларды басшылыққа ала бастайды, оларды қандай да бір дәрежеде қабылдай бастайды, бағалау тәсілін де игере бастайды. Екінші жағынан, баланың өзі де басқаларды бағалау тәсілін меңгереді, алдымен ересектердің бағаларын қайталайды, кейінірек оларды өзі құрастыра бастайды. Осылай ол өзін басқалармен салыстыруды үйренеді, бағалау тәсілі арқылы ақырындап өзінің Менін тани бастайды, оның бойында өзі туралы бастапқы түсініктері пайда болып, содан кейін өзінің басқалардан айырмашылықтарын түсіну арқылы Мен бейнесін құрастырудағы алғашқы тәжірибесі қалыптасады [15].

Сонымен қатар, бір немесе көп адамның мінез-құлқын ұқсас жағдаяттарда бақылау нәтижесінде түсініктер, содан соң адамдардың кейбір психологиялық сапасы мен қасиеттері туралы ұғымдар да айқындалып, бұл сапаларды өзіне көшіру іске асады (өзін өзгелермен салыстырудағы «көшіру» механизмін алғаш бөліп көрсеткен Б.Г.Ананьев). Бірақ бұл деңгейде өзінің Мені туралы кейбір шамалы тұрақты түсініктері қалыптасқанымен, өзінің мәні туралы түсінікпен байланысты тұтас, шын мәніндегі ұғым әлі болмайды.

Өзін-өзі танудың екінші деңгейі үшін өзі туралы білімге байланыстылық «Мен – Мен» шеңберінде, әртүрлі уақытта, әртүрлі жағдайларда алынып, белгілі бір дәрежеде қалыптасқан, өзінде бар өзі туралы білімдерге сүйену тән. Өзін-өзі танудың бұл деңгейінің ішкі жетекші тәсілдері – міндетті түрде өзін-өзі қабылдау мен өзін-өзі бақылауға сүйенетін өзін-өзі талдау және өзіндік қорыту [4]. Бұл жерде ол өз іс-әрекетін, оның нәтижелілігін, басқа адамдармен өзара әрекетін, мінезінің ерекшеліктері мен тұлғалық қасиеттерін талдайды. Яғни, өзін-өзі тану айқындауға, бекітуге, талдауға, баға беруге және өзінде танылғанды қабылдауға қабілетті дербес үрдіс ретінде жұмыс істей бастайды [15]. Сонымен қатар, өзінің мінез-құлқын талдай отырып, адам оны іске асырып отырған мотивациялармен байланыстыруға тырысады. Осы бөліп алынған түрткілерді ол өзіне қоғамдық талаптар және өзінің өзіне талабын түсінуі тұрғысынан бағалайды. Мінез-құлық формаларын белгілі бір мотивациялармен, оларды талдау және бағалаумен байланыстыру нәтижесінде өзін белгілі бір тұтастық, сыртқы және ішкі болмыстың бірлігінен құрылғандық ретінде ұғыну пайда болады.

Сыртқы дүниемен өзара байланыстар жүйесінде адам әртүрлі сапада, әртүрлі рөлде көрініп, неше түрлі іс-әрекеттердің субъектісі болуына тура келеді. Заттар және адамдар әлемімен әрбір өзара әрекеттесуден адам өзінің «Мен» бейнесін барлық байлығымен, күрделілігімен және қарама-қайшылығымен «тудырады». Өзін-өзі әркез талдаған сайын өзінің «Мен» бейнесі жаңа байланыстарға қатынасады да, жаңа ұғымдарда белгіленетін барлық жаңа сапаларымен көрінеді. Объектілерден осылай жаңа мазмұн шығарылып, өзінің әркез басқа қырына бұрылып, онда жаңа сапалар айқындалады» [6].

Өзіндік сананың екінші компоненті *эмоциялық қобалжуларда* тұлғаның өзіне қатысты білгендері мен түсінгендеріне қатынасы бейнеленеді. Тұлғаның өзіне қатынасы өзіндік санасының нәтижесі ретінде пайда болып, бірмезгілде оның іргелі қасиеттерінің біріне айналады. Ол тұлғаның өзге психикалық ерекшеліктерінің тұтастай жүйесінің көріну формасы мен мазмұнды құрылымының қалыптасуына мәнді ықпал етеді. Мысалы, белгілі өмір жағдайында, тұлғаның өзіне эмоциялық-құндылық қатынасында өзін-өзі сыйлауының төмен деңгейі (адекватты болмаса да) қалыптасуы мүмкін. Әдетте өзіне мұндай қатынас мінез-құлықтың белгілі бір стилімен болатын нақты бір психикалық сапалардың тұтастай кешенімен байланысты. Бәрінен бұрын өзін-өзі сыйлаудың жеткіліксіздігі өзі туралы орнықты және тұрақты түсініктің қалыптасуына кедергі келтіреді. Керісінше, тұлғаның адекватты ұғынылған және бірізді эмоциялық-құндылықтық қатынасы (өзін-өзі ұнату, мақтаншы, өзін-өзі сыйлау, талапшылдық, ұждан, міндетті сезіну т.б.) оның ішкі психикалық әлемінің орталық бөлігі болып, тұлғаның өзіне қатынасында ішкі құндылықтарын келістіре және ретке келтіре отырып, бірлігі мен тұтастығын құрады. Тұлғаның өзіне деген қатынасының қалыптасуы алдымен оның өзгеге қатынасында қалыптасады, өзін өзгемен салыстыра отырып, ол өзінің өзіне деген қатынасын жасайды. Бұл процесте осы тұлғаға өзге адамдардың қатынасының маңызы да үлкен.

Өзіндік сананың үшінші компоненті *өзін-өзі реттеудің* дамуы заттарға сүйену процесінде өзінің әрекетін бөлу мен ұғынуда білінеді. Өзінің ұғынған әрекетін реттеу қабілетінің көрінуінің негізгі өлшемінің бірі – баланың заттарға қатынасында жағымды эмоцияларымен байланысты өздерінің әрекеттерін тежей, тоқтата білуі болып табылады. Бала таңдау жасайды, белгілі бір затты ұнатады және бұл таңдауды көңілін аударатын сәттерге қарамастан сақтайды. Өзін-өзі реттеу өзін-өзі тану және өзіне эмоциялық-құндылық қатынасымен терең ішкі бірлікте көрініп, тұтастай психикалық процесс - өзіндік сананың өмір сүруі мен іске асуының бірлігін құрады [4].

Өзіндік сана құрылымының түрлі компоненттері эксперименттік түрде біркелкі зерттелмеген. Өзін-өзі тану мәселесі өзінің аса өзектілігі мен маңызына қарамастан, психологиялық зерттеулердің басты легінен тыс қалды. Ең көп зерттелген өзін-өзі бағалау болып табылады. Өзін-өзі бағалауға арналған еңбектердің көпшілігі оны қалыптасып болған құрылым ретінде талдайды. Жоғарыдағы өзіндік сананың құрылымы мен оны анықтайтын факторлар, қалыптасу механизмдері туралы ғалымдардың пікірлерін жинақтай келе, өзіндік

сананың анықтамасына тоқталамыз. Сонымен, *өзіндік сана* – адамның өзінің іс-әрекеттері мен олардың нәтижелерін, ойларын, сезімдерін, моральдық бейнесін, қызығушылықтары мен мұраттарын және мінез-құлық мотивтерін саналы ұғынуы мен бағалауы, өзіне өзі және өзінің өмірдегі орнына берген тұтастай бағасы немесе *өзіндік сана* - өзінің өзге адамдармен өзара әрекетін және өзіне қатынасын құратын, индивидтің өзі туралы шартты түрде тұрақты, азды-көпті ұғынылған түсініктерінің қайталанбас жүйесі.

Өзіндік сананың қалыптасуы адамның психикалық және дене дамуының жас кезеңдерімен байланысты белгілі бір кезеңдерден өтеді. Әрбір кезең өзін тану мүмкіндігіне, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі реттеу қабілетіне сәйкес өзіндік айрықша деңгейге ие. Өзіндік сананың даму деңгейі ең алдымен, нақты жас кезеңіндегі өзге психикалық функциялардың – естің, ойлаудың, тілдің, әрекеттің ырықтылығының және т.с.с. дамуымен себептеледі. Өйткені, «сананың барлық актысы осы процестердің негізінде және тек солар арқылы қалыптасып, іске асады» (Чеснокова И.И., 1977). Басқаша айтқанда, өзіндік сананың онтогенетикалық деңгейлері сана мен психиканың тұтастай дамуымен анықталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рубинштейн Л.С. Самосознание личности // Психология личности: тексты / Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, А.А. Пузыря. – М.: Изд-во Моск. Ун-та, 1982. - 228 с.
2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. - М.: Политиздат, 1975.
3. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – Л., 1968.
4. Чеснокова И.И. Проблема самосознания в психологии. - М.: Наука, 1977.
5. Выготский Л.С. Развитие личности и мировоззрения ребенка / Психология личности: тексты / Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, А.А. Пузыря. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1982. – С. 161-165.
6. Спиркин А.Г. Сознание и самосознание. - М.: Политиздат, 1972.
7. Лурия А.Р. Об историческом развитии познавательных процессов. - М.: Наука, 1974.
8. Лисина М.И., Силвестру А.И. Психология самопознания у дошкольников. – Кишинев: «Штиинца», 1983.
9. Аймауытұлы Ж. Психология. - Алматы: Рауан, 1995. - 312 б.
10. Жұмабаев М. Педагогика. - 3-рет басылуы. – Алматы: «Ана тілі», 1992.
11. Тәжібаев Т. Баланың психикасының дамуы туралы//Халық мұғалімі. -1948. - № 3. - 33-44 бб.
12. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1982.
13. Мухина В.С. Современное самосознание народностей Севера//Психол. Журнал, 1988. № 4. – С. 44-52.
14. Бодалев А.А. Восприятие и понимание человека человеком. – М.: Изд-во МГУ, 1982.
15. Маралов В.Г. Основы самопознания и саморазвития: Учеб.пособие для студ.сред.пед. учеб.заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2002.

РЕЗЮМЕ

Мырзатаева Б.П., к.п.с.н.

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ПОНЯТИЕ САМОСОЗНАНИЕ И ЕГО СТРУКТУРА В ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКЕ

В статье рассматриваются теории и концепции ученых-психологов о подходах понятия самосознания. Так же, автором изучается структура, определяющие факторы и механизмы формирования самосознания.

Ключевые слова: личность, субъект, сознание, самосознание, деятельность, самопознание, Я, эмоционально-ценностное отношение к себе, эмоциональные переживания.

SUMMARY

*B.P. Myrzataeva, candidate of psychological sciences
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

THE NOTION OF CONSCIOUSNESS AND ITS STRUCTURE IN PSYCHOLOGICAL SCIENCE

This article discusses theories and concepts of academic psychologists approaches the notion of identity. As well, the author examines the structure, determinants and mechanisms of formation of identity.

Keywords: figure, actor, consciousness, self-awareness, self-knowledge, activities, emotional-I value attitude, emotional experience.

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА – ART AND CULTURE

ӘОЖ 75

КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕМЕЛЕРГЕ ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

*Г.А. Қалдыбаева, аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада бейнелеу өнерінің кескіндеме жазуда қолданылатын оқыту әдістемелері зерттеледі. П.П.Чистяков, Д.Н.Кардовский және К.Брюллов сияқты Ресейдің үздік педагог суретшілерінің оқыту әдістерін мысалға келтіре отырып, қазіргі уақытта қолдануға тиімді кескіндемеге оқыту әдістерін сараптайды.

Түйін сөздер: Кескіндеме, әдістеме, шығармашылық, үдеріс, оқу, таным, әдіс-тәсілдер.

Оқу әдістемесі – оқытушының студенттермен жұмысы барысында қолданатын, сабақта пайдаланатын тәсілі немесе жолы. Оқу әдістемесінің тәсілдері мен жолдары студенттердің білім алуларына қабілеттері мен мүмкіндіктерін қалыптастыруда, материалдық дүниетанымдары мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастырумен қатар, оларды дамыту жолдарын да қамтиды. Тәсіл жеке іс-әрекеттің бір бөлігі, ал әдістеме тәсілдің жиынтығы, яғни бірнеше тәсілдердің қосылып, бір бағыттағы іс-әрекеті. Әрбір әдістеме комплексті тәсілдерден құралады. Осы комплексті тәсілдер педагогикалық және дидактикалық мақсаттарға негізделінеді. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда оқу әдістемесі шешуші рөл атқарады. Әдістеме деген түсінік немесе сөз гректерден шыққан – «metobos» деп аталынады, оның жалпы мағынасы: белгісіз нәрсені түсіну үшін, түсіну жолындағы іс-әрекеттердің жүйелі түрде орналасуы. Бүгінгі таңда оқу әдістемесі төңірегінде, жеткілікті тәжірибелер жиналған. Қазіргі заман педагогикасы жалпы оқу әдістемелері белгілі бір принциптерге байланысты бірнеше топтарға бөлінеді. Оқу әдістемесінің классификациясы біздің зерттеулерімізге тікелей қатысы бар. Оқу әдістемесі мәліметтерді қабылдау, оны тарату мінездемелеріне байланысты төмендегідей болып бөлінеді: баяндау, көрнектілік және практикалық (С.П. Перовский, Е.Я. Голант). Негізгі дидактикалық міндеттерге байланысты оқу үдерісіне енгізудегі оқу әдістемесі:

1) Ептілік пен дағдыны қалыптастыруда алар білім әдістемесі;

2) Шығармашылық қызметте білімді қолдану әдістемесі;

3) Алған білімді баянды ету және білімді, дағдыны ептілікті тексеру. (М.А.Данилов, Б.П. Есипов).

Студенттердің танымдылық қызметінің ерекшелігіне байланысты, олардың алар білімдерінің мазмұнына байланысты төмендегідей әдістемелерге бөлінеді. Олар иллюстративті-түсіндіру әдістемесі, проблемалар арқылы түсіндіру әдістемесі, жеке ізденіс әдістемесі, немесе эвристикалық және іздену әдістемесі (М.Н.Скаткин, И.Я.Пернер). Оқу әдістемесін классификациялауда жиі кездесетін білім көзі және ой негізінен (Н.М.Верзилин), білім көзі және оқытушының өз бетімен оқу үдерісіндегі дайындық деңгейі (А.Н. Алексюк, И.Д.Зверев) және басқалар. Бүгінгі таңдағы педагогика оқу әдістемесін негізінен үш топқа бөледі:

- 1) оқу таным қызметін іске асыру және ұйымдастыру әдістемесі;
- 2) оқу таным қызметіне қызықтыру және оны дәлелдеу әдістемесі;
- 3) оқу таным қызметі бақылау әдістемесі.

Оқу таным қызметі, оны ұйымдастыру үдерісі барысында, біліммен ептіліктің қалыптасуы, қабылдау, ойлау, алған мағлұматтарды есте сақтау мәселелерімен тығыз байланыста болады. Осы мәселелерге байланысты бірінші топтағы оқу әдістемесі төмендегідей бөлінеді:

- ауызша әдістемесі (әңгіме, лекция, сөйлеу т.б.);
- көрнекті құрал әдістемесі (иллюстрация, кино, слайдтар);
- практикалық іс тәжірибе әдістемесі (жаттығу, лабораториялық жұмыстар, оқытушының іс жүзінде көрсетуі).

Екінші топтағы оқу әдістемесі – ол қызықтыру әдістемесі және оқу процесіне қызығушылығын дамыту әдістемесінен тұрады, сонымен қатар, оқушының оқуға деген жауапкершілігін қамтиды.

Үшінші топтағы оқу әдістемесі келесі құрамдардан құралады:

- ауызша қадағалау және өзін-өзі қадағалау әдістемесі;
- жазбаша қадағалау және өзін-өзі қадағалау әдістемесі;
- лабораториялық-практикалық қадағалау және өзін-өзі қадағалау әдістемесі.

Кескіндеме пәнін оқыту үдерісінде, осы үш оқу әдістемесінің ішінде алғашқы топтағы оқу әдістемесі, яғни оқу-таным қызметін жүзеге асыру және ұйымдастыру әдістемесінің мәні зор. Алайда, басқа топтағы оқу әдістемесі қолдануға болмайды деген ойдан алшақпыз. Кескіндеме өнеріне оқыту процесі әдістемелер мен дидактикалық принциптерге сүйенеді. Білімдердің басқа түрі сияқты бұл жерде де, тәжірибелі оқытушы белгілі бір жағдайда әртүрлі әдістеме мен тәсілдерді қолданады. Кескіндеме пәнін оқытуда, әсіресе оқытудың алғашқы кезеңінде, қандай әдістеме немесе тәсіл; қандай мөлшерде қолайлы жағдай туғызады деген мәселе төңірегіне келер болсақ, әртүрлі әдіс-тәсілдерді оқу үдерісінде қолдана отырып, солардың ішінде тиімдісі деп төменгі әдістерді анықтадық. Ол көрнекті құрал арқылы түсіндіру әдістемесі мен ауызша түсіндіру әдісі. Сонымен қатар, төменгі дидактикалық принциптер негіздерін кең түрде қолданудың, мысалы, ғылыми әдістеме, бірізділік және бір жүйелік және басқалар. Тұтас көру және тұтас бейнелеу әдістемесін талдау барысында, танымалы ірі суретшілер-педагогтар тәжірибесін зерттеу маңызды рөл атқарады. Әсіресе педагогикалық төменгі аталған суретші адамдардың қалдырған еңбектерінің үлесі мол болады. Олар: А.Венецияновтың, К.Брюлловтың, П.Честяковтың, И.Репиннің, П.Крыловтың, Д.Кардовскидің, Г.Шегальдің, Б.Иогасонның т.б. Олар жас суретшілерді тәрбиелеуде, өнерге үйретуде маңызды құнды, терең де әрі бай материалдар қалдырды (басылымнан шыққан мақалалар, бір-бірлеріне жазған хаттар, методикалық әдістеме, естелік, монография т.б.). Жалпы көркем өнер проблемасын, сондай-ақ өнер туралы жеке көзқарастарын сараптау мен өнерге оқыту әдістемелерін қамтиды. Бізге белгілі П.П.Чистяков тәжірибесі бір жағынан, өзіне дейінгі суретшілердің еңбек тәжірибесін мұра ретінде қалдырған еңбектерін талдау болса, екінші жағынан өз тұжырымдарын классикалық өнер шеберінен алып отырады. Олар үлкен ой елегі және педагогикалық тәжірибеге сүйене

отырып, өз «заңдарын» енгізді. Сол заңдылықтардың бірі оқушы өзіне дейінгі өнерді түсінуде үлкен зейінді зерттеуші болу керек және өз тәжірибесінде қолдана білуі қажет. Маңыздысы сол, ол өз шәкірттерін өнердің кейбір шешімдерін классикалық өнер шешімдерімен салыстыра отырып тексеруге баулуы. Суретші-педагогтардың өнер саласында оқытушылармен қандай оқу әдістемені немесе тәсілдерді пайдаланғанын зерттеу барысында анықталынды. Арнайы материалдардан белгілі, Лосенко сабақ жүргізгенде шәкірттерімен бірге отырып өзі де нұсқадан сурет салған және де оларға түсіндіру барысында шәкірт суретінің жанына, қысқа кейбір өнер заңдылықтарын түсіндіру мақсатында, оқытушы өз түсіндірме суреттерін салған. Ол шәкірттеріне адам анатомиясынан бірнеше таблицалар, көрнекті құралдар дайындап, оған қысқаша түсіндірмелер жазған. Кескіндеме өнеріне оқытудың алғашқы этапында олар «көшіріп салу», яғни тәжірибелі суретшілердің жұмыстарын көшіру барысында, суретшінің сурет салу әдіс-тәсілдерін игеру, жасалу техникасын үйрену мақсаты. Мысалы, педагог-суретші Г.Угрюмов алғаш рет сурет сабағының бір бөлігі ретінде нұсқа денелердегі кейбір бөлшектерді көшіріп салу жаттығуларын енгізген. Бұл жерде шәкірттерінен дене формаларын құру, оны түрлі түсті бояулар арқылы беру, осының арқасында шәкірттерінің байқағыштық, есте сақтау, образдық ойлау т.с.с. қабілеттерін арттырды. Суретші әрі педагог К.Брюловтың сабақ жүргізу, оқыту жүйесі басқаша болды. Оның оқыту жүйесінің алғашқы этапы – шәкірттері өнердің техникалық жақтармен танысу, яғни өнер технологиясын игеру еді. Екінші кезең, игерілген технологиялық мәселелерін тікелей өнермен, нұсқаны бейнелеумен байланыстыру мақсатымен жалғасты. Үшінші кезең, картина жазу процесі, яғни шәкірттің шығармашылық іс-әрекеті. Өнер Академиясындағы суретші педагогтар академияның алғашқы жылдарында, бейнелеу өнеріндегі үлгілі картиналарды көшіріп жазу әдістемесінен басқа, негізінен кең түрде өз тәжірибелеріне, сондай-ақ шәкірттер салған еңбектерге сүйенді. Сол кезде төмендегідей сабақ беру тәртібін орнатты: бір профессор нұсқа қоюмен айналысса, екінші профессор сол нұсқаны студенттер алдында жазу мәселесімен айналысты. Бізге белгілі ірі-ірі суретшілердің арнайы оқу орны болмаған заманда шәкірттері болған (Ван Дейк, Рубенс, Рембранд т.б.). Белгілі бір суретшінің шеберханасында қабылданған шәкірт, сол суретшінің толық «бағдарламасынан» өткен, яғни, кескіндеме технологиясынан бастап жазу әдіс-тәсілдеріне дейін: бояу ұнтақтау, дайындау, кенеп керу, оның технологиясын меңгеру т.б. Шәкірт қай кезде кескіндеме өнеріне жазу техникасын толық игергеннен кейін, оны шығармашылық полотно жазуға қосып отырған. Шәкірт уақытының көбісін ұстазына жұмсаған, яғни оның кенеп дайындауда, бояу ұнтақтарын езуге т.с.с. ең жауапты жұмыстарды атқарған. Демек, барлық кезде ұстаз алдында, оның картина жазу процесіне қатыса отырып, ұстаздың бейнелеу өнеріндегі іс-әрекет, әдіс-тәсілдерімен қанық болған және де ұстаздың «толық мектебін» осындай тәжірибелерімен алмасуымен сусындаған. Өнер Академиясының ашылуымен, осындай тәртіп бұзылып, арнайы бағдарлама бойынша лек-легімен, топ-тобымен дайындауға көшірілді. Жеке шәкірт дайындау біршама уақытқа созылды, оның жақтаушыларына Д.Кардовский, П.Чистяковтар және басқалар қолдады. Дегенмен жалпы топтап оқыту Академия мектептерімен қатар, жеке-дара өз мектептерін құрған ұстаздарда болды. Олар А.Венецианов және П.П.Чистяков мектептері және басқалар. Жеке өнер мектептерін ашу 1894 жылғы Академияны реформалаудан кейін де көптеген суретші ұстаздардың ойында болды. Ол заманда өзін қарсы қоя біліп және өнер мектебінде өз бағдарламасымен дәріс берген жалғыз суретші-педагог П.Чистяков болды. П.Чистяковтың негізгі оқу әдістемесі, ол нұсқаны образды қабылдау және образды бейнелей білу еді. Оның ойынша, шәкірт жәй денені бейнелеу барысында, ол сол денені бейнелеудің «жасақшысы» болу керек деген пікірде болды. «Қолөнершіге барлығы түсінікті, ал суретшіге ешнәрсе түсінікті емес» деген пікірі сол замандағы дәлел бола алады. Сол заманға классикалық өнер еңбектерді ғылыми түрде дәлелдей отырып, ол өзінің оқыту системасын жасады. П.Чистяковтың өнерді оқыту системасындағы ерекшелік, ол әрбір қойылымға қойылатын әдістемелік талаптардың жоғары болуында. Шәкірттері сол әдістемелік талаптарды орындау жолында әрқайсысы жеке шығармашылық еңбектермен шұғылдануға міндетті болды. Бұл

міндет ұстаз бақылауымен де және өз бетімен еңбек етуді талап етті. П.Чистяков кескіндеме сабағы процесін бірнеше этапқа бөлді [1].

Бірінші кезең – шәкірт нұсқа арқылы бейнелеуде дене түсін дәл табу және кеңістіктегі орнын анықтау болса, екінші этап – шәкірт дене формасына сәйкес, оның түс өзгеруін қанық білу, яғни дене болмысын көрсетудің негізгі шартын игеру. Үшінші этап – әртүрлі бояу түстері арқылы шәкірт сюжетті пластикалық міндеттерді шешу. Ол шәкірттер алдында теориялық және практикалық білім бере отырып, олардың ой арқылы бейнелеу қабілеттерін еске түсіру арқылы бейнелеу т.с.с. қабілеттерін артырады. Ол өзінің оқу-әдістемелік жолында, бейнелеу өнері ұстаздары арасында белгілі «параллельді әдістемені» жиі қолданған, яғни оқытушы нұсқадан қарап салу процесінде оны жауып қойып, еске түсіру арқылы бейнелеу. Осындай сабақ өткізу тәсілі, ойдың образдық ойлау қабілетін арттырумен қоса, дененің тұтас көріну, қабылдау құбылыстарын да жақсартады. Шәкірттері кеңістіктегі денені жазу қабілетін меңгергеннен соң, ол оқытушыларының алдында келесі міндетті қояды: яғни, кеңістіктегі дене түсін қалған денелер түсімен байланыстыра жазу, демек денелер түстерін бір-бірімен қатынастар арқылы бейнелеу. Мысалы, П.П.Чистяков ашық күн аспан астына маталарды қойып, шәкірттеріне жаздырған. Олар әртүрлі түсті маталардың бір-бірімен түстік байланысын және де олардың аспан күнмен шағылысуы, көк шөптің оларға ену әдісіне үйретті. Суретші-педагог Д. Кардовскийдің оқу процесінде қолдаған әдіс-тәсіліне үлкен мән беруіміз керек. Ол өзінің педагогикалық жұмысында екі тәсілді қатар қолдануы, яғни, ұстаз студенттермен қатар, бірге практикалық жұмыс жүргізсе (картина, сурет салу), екіншіден, студенттер жұмыстарын оқу процесі үстінде талдап, ауызша ескертулер немесе құптау істерін асырды. Шәкірттерінің бірінің айтуына қарағанда Д.Кардовский студент жұмысын түзете отырып, оның қате жақтарын толық түсіндіріп, дұрыс салыну жолдарын өзі көрсетіп отырған. Бұл сурет сабағында болса, ал кескіндеме сабағында тек ауызша пікір айтумен ғана шектелген, өйткені Кардовскийдің ойынша, әр адамның түс қабылдау ерекшелігі әртүрлі болу себебінен. Бұл жерде ұстаз, кескіндеме өнерінде форманы табу, оның тиімді тұстарын анықтауда үлкен көңіл қойғаны: «При отыскании пропорции, надо отметить наиболее длинную часть и наиболее короткую, наиболее широкую и наиболее узкую и держать «большой» цвет и «большой» характер «большой» свет и т.д. и идти в каждой задаче от общего к частному», – деп жазды ол. Дененің кіші бөлшектерін жазу үлгілерін де оқытушы студенттерге қажет уақыттарды көрсетіп отырады. Сондай-ақ П. Чистяковтың де, Д. Кардовскийдің де шеберханаларында жақсы жазылған студенттер картиналары ілініп тұратын болған. Осындай тәсілдерді суретші-педагогтардың пайдалануы қаншалықты көрнекті құралдың студенттер үшін маңызы зор екенін байқағандарында. Оқытушы мен студенттің арасындағы жұмыс мақсаты ол – шәкірттердің өз беттерімен шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіруден тұрады. Осы бағытта нәтижелі оқу әдістемелері бар, оның бірі – оқытушы студенттің әңгімеге түсуі (диалог). Оқытушы кескіндеме пәні бойынша бағдарлама төңірегінде студентке сұрақ беріп, оған студенті жауап қайтаруы арқасында, оның ойлау процесін, түсінігін, теориялық білім деңгейін бақылап отырады. Осы бағыттағы екінші бір тиімді оқу – әдістеме, ол – студенттер салған полотнарды қарсы өздеріне көрсетіп, оларды талдауда студенттерді қатыстыру. Бұл оқу әдістемесінің маңыздылығы сол, студенттер мектеп қабырғасындағы оқушылар суреттеріне талдау жасау, өз пікірлерін айту т.с.с. қабілеттерді қалыптастыру. Бұл тәсілдің тағы бір құндылығы, студент өзі салған жұмысты көріп, оны нұсқамен салыстыра қабылдауы және өз жұмыстарындағы қателерді түсінуі. Тұтас көру және тұтас қабылдаудың басты арқауы – шығармашылық процесс ретінде қарай отырып, оның жетекші рөлін атқаратын ойлау принциптік қатынасы болады. Бұл мәселе негізінен басты педагогикалық проблеманы құрайды, осы жағынан активті творчестволық ойлау қабілетіне ықпал ету, яғни кескіндеме оқытуда студенттерді нұсқа арқылы салу практикалық жұмыстарда, олардың ойлану, терең ой елегінен өткізіп барып, белгілі бір шешім қабылдаулары. Осы тұста, оқытушының атқарар орны бөлек, әрбір қойылымдағы тапсырмалардың маңызды мәселелерін көрсетуде, жаттығулардың орындалу реттік жолдарын анықтап беруінде.

Өткен ғасырлардағы суретшілер келешекке мұра ретінде жазған еңбектерінде, шәкірттері өнер техникасын меңгерулермен қатар кескіндеме жазуда күрделі шеберлік жолдарын да игерген. Бізге белгілі әрбір «шеберлік мектебі» кезеңінен өткен шәкірттер кескіндеме жазумен қатар, сол кездегі білімдерін ауызша түсіндіріп, дәлелдеп отырған. Сонымен практикалық тәжірибені теориялық біліммен ұштастырып отыру көптеген студенттердің күнделікті жұмысына айналады. Олар: Леонардо да Винчи, Ченнино Ченнини, Альберти Дюрер, Пуссен т.б. Кескіндеме, сурет, мүсін, архитектура өнерлерінде баға жетпес теориялық еңбектер қалдырды. Әсіресе табиғат құбылысын зерттеудегі еңбектері бүгінгі таңға дейін өзінің маңыздылығын жойған емес. Атап айтсақ, Леонардо да Винчидің жарық – көлеңке проблемасын қалыптастыруы, рефлекстің маңыздылығы, контрасты түстер т.б. еңбектері. Көптеген пайдалы кеңестерді А.И.Ивановтың, К.Брюлловтың, Н.Васнецовтың, А.Сапожниковтың еңбектерінен тапсақ, ал бейнелеу өнерінің әдістемелік жолдарын И.Репиннің, В.Серовтың, Д.Кардовскийдің еңбектерінен кездестіреміз. Әсіресе оқу-әдістемелік бағытта П.П.Чистяковтың, Д.Кардовскийдің, П.Крымовтың, И.Щегальдің, Н.Волковтың қалдырған мұраларының орны ерекше. Қазіргі уақытта бұл мәселе Қазақстан Республикасында кенже қалып келе жатқан проблема. ТМД және Ресей елдерінде көркемсурет факультеті студенттері, аспиранттары, ғылыми қызметкерлері осы проблемамен көптеген жылдар бойы айналысып, біршама ғылыми теориялық материалдар қорын жинады. Бейнелеу өнерінде әртүрлі боялған дене түстерінің бір-бірімен күрделі байланысын, сондай-ақ әртүрлі реңдердің бір-бірімен қатынасын түсінуде теориялық білімнің орны бөлек. Мысалы, қызыл түсті денелер, жасыл түстес реңдер табиғатта өте көп. Олар күн сәулесінің түсу күшіне байланысты тез арада өзгерістерге ұшырап жатады. Түс зерттеу ғылымында бұл проблема С.С.Алексеевтің, Н.Волковтың еңбектерінде терең жан-жақты қарастырылды. Суретші-педагог Р.Закин бояу түстерін зерттеуде былай деп жазды: «Значение основ цветоведения полезно поэтому, что помогает нам понять те явления на то, что при поверхностном взгляде может остаться незамеченным, иногда например, малопытный живописец не уловить верные отношения больших масс цвета (скажем, предмета к фону). Иной раз в таком случае понимание основ цветоведения может подсказать, что нужно обратить внимание на поиски цветовых контрастов в каком-то определенном направлении: теплые – холодные, насыщенные – сдержанные, светлые – темные. Но даже блестящие знания цветоведения не могут заменить живописцу развитого чувства цвета, умение видеть цвет в природе и сравнить их, передовать цветовые отношения. Только регулярная практическая работа в живописи может развить чувство гармонии и взаимодействия цветов».

Бейнелеу өнері немесе кескіндеме пәні оқытушысының міндеті – кескіндеме жазу құрылымындағы заңдылықтарды және қағаз, кенеп бетіндегі жазылу заңдылықтарды студенттерге ұқыпты түсіндіруден тұрады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Чистяков П.П. Письма, записные книжки, воспоминания. – М.,1953. – С. 37.

РЕЗЮМЕ

Калдыбаева Г.А., старший преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ О МЕТОДАХ ПРЕПОДАВАНИЯ ЖИВОПИСИ

В данной статье авторами широко исследуются методы преподавания изобразительного искусства в частности по живописи. Таких выдающихся педагогов-художников России как: П.П.Чистяков, Д.Н.Кардовский, К.Брюллов и др. Анализируя известные методы преподавания, авторы статьи выделяют эффективные методы, по живописи принимаемые в современное время.

Ключевые слова: живопись, методика, творческий, процесс, учеба, познание, методы.

SUMMARY

*Kaldybaeva G.A., senior lecturer
(Kazakh State Women's Teacher Training University)*

THEORETICAL STUDY ON THE TEACHING METHODS OF PAINTING

Theoretical research, the authors extensively investigated the method of teaching the art in particular for painting. Outstanding educators such as artists as Russian: P.P.Chistyakov, D.N.Kardovskii, K.Bryullov and others. Analyzing known methods teaching of the article release effective methods accepted in modern time.

Keywords: Painting, technique, creativity, process, learning, cognition, ways.

ӘОЖ 78

ДӘСТҮРЛІ ӘН ТҮРЛЕРІ

*Г.Қ. Сапарбаева, аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Халқымыздың дәстүрлі ән-жыры ауызша таралып келгені баршамазға мәлім. Ән өнерінің сан салалы мектептері ұлттық музыка өнеріміздің қасиетін арттыра түседі. Ендігі мақсат – дәстүрлі әннің тұла бойындағы нәрін аздырмай ұлттық болуын, стильдік тазалығын сақтай отырып, заман үніне сабақтастыра білу қажет. Бүгінгі ұрпақ өткен мен келешектің жанды көпірі.

Түйін сөздер: Халық әндері, толғау, ән сөзінің дұрыс айтылуы, терме-өсиет, дәстүрлі ән-жыр айтқанда орындаушы орындап жатқанда әннің арасындағы сөздерге және қайырымдарына мән беру, жеткізу.

Дәстүрлі ән-терме, толғау, арнау жырларымыз ерте кезден бірден-бірге халық жадында сақталып, ауызба-ауыз берілген. Дарыны жоғары болса, ондай жағдайда ән-терме шығарған шығармалары тыңдаушыларын қызықтырып, тез тарап кететін. Ал жақсы әнді, шығарманы қабылдаған әнші тиісті дәрежеде (нашар) орындай алмаса, ондай туындылар өзі таралады. Сонымен өміршеңдігі уақыт озған сайын әдеміленіп, жаңа буындарға жетуі орындаушы құдіретіне байланысты.

Қалай болған күндерде өткен ғасырдағы әншілер мен сал-серілердің жырларымен орындаушылық дәстүрлері мен шеберліктері, төл туындылары көркемдік эстетикалық жағынан терең мазмұндылығымен айрықшаланған. Олар қашанда халық құрметіне бөленген, қадірменді жандар екендігін түрлі саяхатшылар мен журналистердің назарына ілінген, яғни тарихымызда қалған. Қазақ өнеріне қосқан дәстүрлі әндер, термелер жыр деп батырлар ерлігін баяндайтын ауыз әдебиеті шығармаларын атайды. Батырлар жырының негізгі мазмұны ел мен жерді қорғаудағы батырлар мен жауынгерлердің ерен ерлігін насихаттау.

Көнеден қалған бүкіл қазына байлықтың қасиеттісі де, қымбатты да адамның өмірлік ғибратына жарар насихат, өсиет, нақыл сөздер. Ақыл дария-теңіз хикаяттарды сара пайымдалуынан өткізе отырып, тоқсан ауыз сөздің түйіні деген керемет тұжырымдарға, насихат өлеңдерге әкеп тіреп отырған. Олардың негізгі арналары ең алдымен елдік пен ерлікке, сүттей ұйыған ынтымаққа, адамгершілік пен парасатқа, кісілік пен қайырымдылыққа, адамға қажетті ғажайып қасиеттері тұс-тұстан келіп, толассыз құйылып жатады. Қазіргі ойы жүйрік, тілі көркем, ақпа ақындарымыздың ішінде де насихат сөз

қалдырғандары жетерлік. Қызыл тілді кеңінен пайдаланып, маржан сазды өлеңдер, дастандар жазған ақындардың шығармаларын молынан жаттап, елге жеткізушілер – жыршылар, термешілер, әншілер.

Әрбір ән мен терме өзіне тән тарихтың кезеңін ашып көрсетеді, тайға таңба басқандай бейнелеп береді. Сондықтан да ән-күйді қазақ халқының басынан өткен кезеңдерді суреттейтін тарих десек болады.

Қазақи көне үрдіспен орындауда әнді аса әшекейлемей, дыбыс иірімдерімен көркемдемей, қарапайым орындау қалыптасқандығы белгілі. Ал өнердің жарқын тұлғаларының туындыларын орындау еңбекті, ізденісті, күрделі техникалық шеберлікті қажет етеді. Дәстүрлі ән-терме орындалу тазалығын сақтау, кәсіби әндердегі өңірлік орындаушылық стильді сақтау домбыра сүйемеліндегі қағыстармен қабілетті көрсете білу әнші үшін қиын да жауапты іс. Бұлардың бәрін шебер орындаушы асқан көркемдікпен көрсетеді. Таңды күнге ұластырып, ұзақ жырлайтын кез келген айтқыш жыршы «әу» деп топқа түскенде тамағы қызып, шекесі тершігенше бірден ашыла қоймайды.

Ұзақ айтатындар бірте-бірте, бара-бара қалыпқа түсіп, содан соң салалы жолға төселе бермек. Оның жадында жыр-термелер де бірден ойына оралмай, ұмытыла беретіні сол. Мұндай жағдайда ол бір шығарманың басын, келесісінің ортасын, енді бірінің аяғынан шалып, аттап-аттап өте бермек. Сөз жоқ бұл жағдай жыршының дегбірін қашырып, көңіл-күйін бұзып, берісі сөзден шатасуына, әр ісі жолдан шығып, дауысын қарлықтырып алуына да әкеліп соғатын кездер болады.

Кей кездерде орындаушы айтып отырған негізгі әуеннен шыға тартып, сонда да болса жағымды құбылтып, қыза келе мақамдағы бұрынғы өрнектерді қайталамай, тыңнан тербеп, тосында әдемі иірімдер жасап отырады. Оның жырлау машығына тән шеберліктің бір үлгісі екі мақамның ара жігінде тұрып құбылтуы. Әрине, жыршы жырлап отырған сәтте, ерекше шабыт үстінде мақам-саздарда болатын осы өзгерістерді ертеңіне сұрасаң не болмаса сол қалпында айтып беруін өтінсең, ешқандай жыршының дәл сол қалпында қайталай алмасы анық. Бұл бүгінгі фольклортану ғылымындағы жыршы бір жаттаған мәтінін немесе үйренген әуен-сазын сол қалпында қайталап айтып беруші деген шалағай байламға түбірімен қарсы. Бірақ ол әлгі өрнекті енді екінші қайтара айтпайды деген сөз емес. Әрине, ол үшін арада бір уақыттың өтуі керек, жыршыда дәл сол күн, сол сәттегідей көңіл күйдің қайталануы шарт. Әлгі өрнек жыршының санасында жатып әбден пісіп, жетіліп, құбылып, әшекейленіп, қырланып, барынша көмек тарта бермек. Орындаушы өзін биік санап, тыңдаушылардың шала сауаттылығын беттеріне шығғырып басып отыратын жыр кештері де аз болмаған. Ондай кезде тыңдаушылардың меселі түсіп, дегбірі қашып, шақырылған қонақ, жайылған қонақасы, жайылған дастарқан, үй егесінің құрметі үшін ғана амалсыз отыратын кездер көп кездеседі. Мұндай әбестіктер бұрындары да жол алған, әсіресе соңғы заманауи жыршылар арасында жиі көруге болатын оғаш әдет. Орындаушының бағы тыңдаушысымен ғана жанбақ. Бұл жыршы мен тыңдаушының арасындағы жазылмаған заң. Олай болса, сауатты, сыпайы орындаушылар тыңдаушысының жонынан сипап, самал желдей әңгімесімен желпіп, бірде солардың ығына жығылып, бірде оларды өзінің ыркы мен еркіне көндіріп, жыр айтылған ұзақ таңда итжығыспен отыратын болған.

Бүгінгі ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруда ұлттық музыкалық мәдениетіміздің алатын орны ерекше. Бұл ретпен санау Қорқыт заманынан бастау алатын жыраулық мәдениетімізді де осылай ауызға алған болар едік.

Жырау қоғам сыншысы әрі ақылшысы, ел естелігін сақтап, келер ұрпаққа көркемдік келбетінде жеткізуші тұлға. Осы дәстүр Сыр бойында айрықша сақталған. Оған «Дад дастаны» секілді көлемді жырларды мысал ретінде келтіруге ықпал әбден болады. Жыраулық өнердің қыр-сырын анықтайтын осындай мақамдар ұлттық музыкалық мәдениетіміздің түп-тегін анықтау үшін аса маңызды.

Дәстүрлі әндердің бір бөлігіне тоқталсақ – терме. Терме сазымен әннің алмасуы ежелден келе жатқан жыр орындаушылардың дәстүрлі салты. Терменің ырғағы домбыраға да, сырнайға да, қобызға да үйлесіп келеді. Терме дегеніміз – халық жүрегінің нәзік

пернелерін шертіп айту, жию деген сөз. Сондықтан терме әнінде қысқа қайырымды жиынды ән. Термені жыршылар да кіріспе есебінде, өзін жыр айтуға дайындауда екпіндете, көтеріңкі орындаған.

Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқышта» терме деп ат қойылуының мәнісі бұл түрлі шығармалар бір нәрсенің жайында сөйлеп тұрмай, көп нәрсені теріп, сөз қылып өтеді. Терме айтушылар түрлі нәрсені сөз қылып, бірақ ешқайсысына кідірместен, ілгері қарай сырғи береді: Мысалы,

Байлыққа бақыт келмейді,
Алтынды белмен үйгенмен.
Кейбір жанның көңілі тар,
Бар болып дәурен сүргенмен.

Терме XIX ғасырда Батыс Қазақстан мен Сыр бойында кеңінен дамыды. Терменің пішіні мен мазмұны толғауға біршама жақын. Термеде сөз бен әуен сабақтасып келгендіктен ол синкретті өнерге жатады. Сөздің мағынасы, әсерлі ырғағы ширақ келуі қандай маңызды болса, әуеннің аспаптық (домбыра) сүйемелінің де сондай мәні бар. Термеде ән жанрына тән қайырма болмайды. Орындаушы термені «е-е-е» немесе «ш-ш-ш» деген дыбыстарды қайталап отырып қайырымын қайтарады. Терменің әр дыбысы өлең буынына түсіп отырады. Жоғарғы дауыспен басталатын кіріспемен де, кіріспесіз де айтылады. Терме – толғау, желдірме, сарын т.б. түрлерге бөлінеді. Терме көбіне орындалар кезде жүрдек ырғақты әуенге құрылып, соңы қысқа тұжырыммен бәсеңделіп аяқталады. Терменің өлеңдік құрылысына келсек, ол жеті, сегіз буынды тұрады да, айтайын деген ойдың логикалық тынысын тарылтпайды, шумақтық түзілісіне шек қоймайды. Әдетте, әуенді әндер сияқты әрбір терменің меншікті, тек сол сазға ғана өлеңі болмайды. Бір терме сазымен сан түрлі оқиғалар баяндала бермейді.

Терме сазы көбіне тұрақты келеді. Оны орындаушы шебер даяр тұрған тексті келесі жыр жолдарын айтумен қатар, кейде термеші өлеңді табанда шығарып та айта береді. Сондықтан ұйқаста заңдылық сақтала бермейді. Ол айтатын ой ағымына бағынып, төгіп-төгіп барып бірақ тынады. Ұйқас еркін әрі түрлі болады. Терменің өзіндік стилі, мақамы, формасы болады. Терме сөзі көркемді келісті болса, ал айшықты музыка сазы – оның мазмұнын байытып, көркемдігін арттырып, құлпырта түсетін негізгі компонент. Бұлар терменің бір тұратын, тұтастық формасын нығайтушы компоненттер. Сондықтан да терменің сөздік мәні мен оның музыкалық әуенін бөліп қарауға болмайды. Термеші өзі үшін емес, өзге үшін, тыңдаушысының құлақ құрышын қандырып, зердесінде сөз қалдыру үшін айтады. Ол микрофонға аузын тақап өнер көрсететін әншіден өзгеше, табиғи даусымен ерекшеленеді. Термешінің нотаға жазылған әнді орындайтын әншіден айырмашылығы – оның әуезді әуенді табан астында құбылтып, өзінше өрнектеп кететін қасиетінде. Сонда ғана ол тыңдаушысын еліртіп, өзіне баурап алады.

Бір сарынды сонаның ызыңындай әнмен, әуезбен айтатын термешіні тыңдаған жұрт қалғып та кетуі мүмкін. Терменің көбінде айтатыны нақыл, өсиет өлеңдер. Сондықтан әр сөздің мәні тыңдаушысына әбден жеткені абзал. Терме көбіне жеті-сегіз буынды өлшемнен тұрса, желдірме речитативтік орындаудың күрделіленген он бір буынды өлшемінен тұрады. Желдірме де термедегі секілді қысқаша кіріспе болады. Желдірменің методикалық мазмұны негізінен бір немесе бірнеше әуеннен тұрады да, шапшандықпен қайталанып отырады. Соңы баяу қалыпта аяқталады. Желдірме жолдарының ұйқасы терменікі сияқты еркін келеді. Бірақ, кейде желдірмеде қазақтың әуезді толқымалы әндерінің дәстүрлі (он бір буынды қара өлең) ұйқасы пайдаланылады.

Қазақтың эпикалық дәстүрі шеңберінде үлгілері көп емес. Желдірменің негізі ерекшелігі ішкі қуаныш, көтеріңкі көңіл күй сезімін түйдектете жөнелетін шұбыртпалы ұйқасқа негіздеп, жылдам, жүрдек мақаммен жеткізуінде. Оның он бір буынды өлшемге құрылуы шарт емес, кейде 7-8 буынды жыр өлшеміне де негізделуі мүмкін. Басты шарты желдіртіп ұшқындатып айту. Ол импровизациясының жойқын бір көрінісі. Поэзиялық арқауы, ішкі мазмұны жағынан желдірменің термеден айырмасы шамалы. Термеде бір

құбылыстың болмыс-бітімі жан-жақты, тәптіштеп жеткізілсе, желдірмеде шаттану, марапаттау үстем. Осы сипаты оны көркем кестелерге толы қара өлеңге ұқсатса, екінші жағынан ақыл, кеңес, ғибрат, дидактикаға негізделген термеден де даралайды. Термеге тән қайырымдар орнына «ш-ш-ш, ля-ля-ляй, а-ри-ри-тай» деп келетін қысқа, бірақ барынша жылдам орындалатын аяқтамалар жиі кездеседі. Мақамдық деңгейдегі терең толғаныс, әуен-саздық қорытынды мұнда жоқ. Оған қатысты пікірлер И.Байзақовтың бес желдірмесіне негізделіп жүргені мәлім. Ал желдірмені жеке жанр ретінде тану үшін оның халық поэзиясы мен музыкасынан елеулі орын алуы шарт. Төменде келтірілген мысалға көңіл аударыңыз.

Ал қалқа, келді кезің жайнайтуғын,
 Бұлбұлдай бақшадағы сайрайтуғын.
 Өнердің қиясына шыққан сайын,
 Болаттай тастан табан таймайтуғын!
 Жөнелдім желдей есіп желмаядай,
 Қырандай аспандағы самғайтуғын!
 Тізейін өлеңімді меруерттей,
 Есінен жұртшылықтың қалмайтуғын.
 Дабылым дауылпаздай шарықтаған,
 Екпінім самолеттей заулайтуғын.
 Өнерлі жастарымыз үйреніп ап,
 Ән еді желдірме атты самғайтуғын!

Музыкалық жағынан алғанда өте көркем, қызықты да асқақтата орындауды керек етеді. Мұндағы вокальдық аспаптық кіріспе көтеріңкі үнмен басталады. Ол әншіден аса биік шалқуды, шабытпен көтеріңкі, құлпырта орындаушылық қабілетті қажет етеді. Музыкалық иірімдері жағынан алғанда бұл асқақта алымды, қызықты да келіс кіріспесі бар халық желдірмелерінің ғажайып бір түрі. Көңіл аударатын бір жай соңғы бөлініп «таймайтуғын-ай» деген дорилік секстамен аяқтайтын, «и-чи-чи-чак, и-чи-чи-чак» буындарының алдындағы интонациялық көтеріңкілік және қайырма буындарында қайталанып айтылады.

Желдірме шығарманың авторы Иса Байзақовтың өзіндік орындаушылық мәнеріне қатысты мәселе. Басқа да халық ақындары, әншілері секілді Исаның өзі сүйіп салатын, өзінің арқасын қоздырып демейтін ерекше музыкалық сазы болған. Желдірмеге кіріспе Исаны желіктіріп отыратын музыкалық сүйемел екені сөзсіз. Тек өзіне ғана аян, жалыны лапыл қаққан, даусына лайық асқақ шырқауынан соң Иса желдірменің речитативті мазмұнын жүгірте жырлай жөнелетін. Бір анығы, желдірме – музыкалық эпикалық дәстүр шеңберінде туған жанрлардың бірі. Оның негізгі ерекшелігі –синкреттік сипатында. Сол себепті жыр, толғау, терме, желдірме өзара тектес, суырып салып айтуға негізделген өнер салалары. Олармен ерекшеліктері болса да жырды термеден, термені желдірмеден даралауға болмайды. Мақамдық-музыкалық, құрылымы жағына келгенде терме мен желдірме жанрларының айырмасы шамалы. Екеуі де тақпақ сазды речитативтік мақамға құрылған. Осы реттен желдірмені терменің асқан шабыт, ерекше көңіл-күй шапшаң әрі жылдам орындалатын үлгісі ретінде қабылдауға да болады. Бұл жанр – эпикалық дәстүр шеңберінде қалыптасады. Оның негізгі белгілерін де осы сипатынан іздеген дұрыс.

Дәстүрлі ән өнеріміздің бір бөлігі – толғау. Толғау – толғану, толыстырып айту, түйдектеп ой түйсік, тыңдаушысын бірде еліктіріп, бірде ұйытып отыру. Толғаудың музыкалық сазында ағыстың, аптықпалық емес, аталы сөз тастау, ғибрат себу, терең философиялық тебіреніс басым жатады. Осы тұрғыда әдебиеттік әсерлілігі туралы академик Ә.Марғұланның, профессорлар Е.Ысмайыловтың, З.Ахметовтың зерттеулерінде киелі пікірлер айтылған. Қазақ халқының әртүрлі жанрлары әр уақытта да халықтың ойын ұшқырлықпен көрсете білген. Сондықтан толғау музыкасы да мейлінше мазмұнды да мәнді, мәнерлі. Үннің қоңыржай, күмбірлі әуен қоғамдық, тұрмыстық үлкенді-кішілі оқиғалар жайлы арғы-берідегі бірқатар нәрселерді хабарлап жатады. Термедегі секілді музыкалық формасы нақтылы: кіріспесі, шарықтау шегі, қорытындысы болады. Термеге қарағанда, тек орталық шырқау-шарықтау шегі сәл ұзақтау болуы мүмкін.

Қазақтың ән творчествосын зерттеу мәселесінде М.Ахметова былай дейді: «Речитативтік саладағы басқа үлгілермен салыстыра қарасақ, терме мен желдірме соңғы уақыттың туындылары сияқты. Терме мен желдірме формаларының дамуына кейде шумақтың өлеңі әсер етеді. Өйткені қазақ ән творчествосының осы екі түрі де мелодиялық речитативтік сипатын сақтай отырып, текст өлеңдік шумақ құрылысына ауысқанда жоғарыдағыдай куплеттік формаға айналады. (М.Ахметов. Қазақ әндері. – А.,1970 ж.). Осы тұрғыдан қарағанда терме, желдірме, толғау үлгілері халық арасына кең тарап, мықтап орын тепкенін байқаймыз. Бұлар өзінің өміршеңдігімен өрнекті, нақышты қазақтың қазіргі профессионал музыкасынан да дәстүрлі мәртебелі орынға ие болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рустемов М. Таңдамалы өсиет термелер. – Шымкент, 1995.
2. Қоспақов З. Қазақтың әншілік дәстүрі. – Алматы, 1999.
3. Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары. – Алматы, 1991.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991.
5. Нұғманова Ә. Қазақтың әншілік дәстүрі. – Алматы: Қазақстан, 1975.
6. Сәрсенбай Қ. Өнер–Өмір. Әр жылдардағы жазбалар. – Алматы: Қазығұрт, 2004.

РЕЗЮМЕ

Сапарбаева Г.К., старший преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ВИДЫ ТРАДИЦИОННЫХ ПЕСЕН

В этой статье рассматриваются различные школы традиционного казахского песнопения. Освоение, исполнение особенных школ традиционного казахского песнопения очень важно. Потому что благодаря его сюжетам мы распознаем систему древних суеверий – доверий, особенности художественного мышления нашего народа, что дает общее видение культурно-эстетического вкусового понятия народа. И в них передается национальный калорит.

Ключевые слова: народные песни, правильно говорить слова музыки, речитатив-завета, традиционная песня, передавать.

SUMMARY

Saparbaeva G.K., senior lecturer,

(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

TYPES OF TRADITIONAL SONGS

This article discusses the various schools of traditional Kazakh song singing. Development of special schools performance of traditional Kazakh song singing is very important. Because thanks to his subjects we recognize the system of ancient superstitions - trusts, especially artistic thinking of our people, will give a general vision of the cultural and aesthetic concepts vkusavogo people in them is fully transferred to the National calories.

Keywords: folk songs, tolgau, properly speaking the lyrics, terme-osiet, traditional song, When the performer sings zhyr he must give importance to the words of songs, to deliver.

AN ART IS IN THE SYSTEM OF EDUCATION

*M.S. Sultanova, candidate of pedagogical sciences, acting professor,
A. Burshakbayeva, master
(city Almaty, Kazakh State Women's
Teacher Training University)*

Abstract: The problems of music education as the study of music in the classroom, related to literary sources, requiring teachers not only knowledge of the language of art, but also verbal expression where poetry serves as a cultural phenomenon, causing students' abstract thinking, imagination, intuition, and others.

Keywords: Cultural heritage, enlightenment, interpretations, world music, culturalist interpretation, zhyrau, folklore, poetry, emotional impact.

The state program «Cultural heritage» of Kazakhstan is a major document in the development of spiritual and educational activities. The main priority of the program «Carefully preserving the past, create the future» – largely accelerated the process of cultural changes in the republic. During the period of its history, the people of Kazakhstan has created an invaluable layer of rich musical culture. Ancestors of the Kazakhs – many tribes of unique civilization - have created a large set of instruments, instrumental music, original musical-poetic traditions. We have found a worthy continuation in the modern era. Without succession in the transfer of knowledge it is impossible of further development and education of younger generation, because to understand and appreciate the history of educators, musicians, taking into account the national mentality, is available only in the light of our present experience, the only way a country covered with its contradictions and difficulties.

Enlightenment in music education is seen as calling the teacher, his path to self-realization, the system of teachers' work with students with a view to bringing them to the achievements of the artistic culture - works forming «golden fund» of world music, forms of its existence, culturalist interpretations as a specific relationship to the world and man, deterministic particular sociocultural situation: historical perception of music as a natural phenomenon. Without continuity in the transfer of knowledge can not be further development of the education and upbringing of the younger generation, because to understand and appreciate the history of the activities of educators, given Kazakhstan reality, we can only make sense in light of our recent experience, just the way traversed the country with its contradictions and difficulties. Preserving all the best representatives of the Russian intelligentsia enlightenment enriched with new content than largely accelerated the process of cultural change in the country.

As is known, the Kazakh people, heir of Turkic culture, developed a rich literature that has amazing tradition. First of all, it refers to a verbal culture and artistic expression as the main art, because «language – the most important of all the arts». The beauty and elegance of expression Kazakh folk speakers Mikey bi, Ayaz bi, Asankaygy, Zhirenshe Sheshenya Bukhari and others drew zhyrau not from textbooks, and folklore of the source of folk sayings, saturated proverbs, aphorisms, and the edification of differing precision and poetic fine. History educators identified galaxy, which wrote and write academic researchers, revealing their importance in various fields of scientific knowledge, education, culture, art, etc., bringing to the foreground figures such as al-Farabi, I. Altynsarin, A. Kunanbaev, A. Baytursynov, Ch. Valihanov, M. Zhumabaev, Zh. Aymaulytov and others who contributed to the development of the artistic culture of the individual. One of the founders of progressive educational thought of the medieval East, world – historical figure, star of the first magnitude, which could give a synthesis of knowledge of his era, a genuine encyclopedia of his time, al-Farabi gave special attention to science as a necessary means of acquisition and accumulation of knowledge, and their mastery considered indicators of education. Important

scientist assigned the education, especially spiritual and moral, believing that only a teacher can achieve it, and this can only teacher who successfully combines twelve congenital and acquired six qualities, especially highlighting the iron logic, phenomenal memory, acute observation and brilliant speech.

Creative activities Sh.Kudayberdiuly thinker, in our opinion, a «spiritual bridge» connecting the nineteenth century to the twentieth century, the idea of ganging Chokan scientist, educator Ibrai, humanist poet Abai with the search S.Seifullin writer M.Auezov, etc. according to him, «mentors – holy men who live according to moral rules, navravlyayuschie young on the way home ministry, and teacher – educator – someone who has a good heart and a clever mind». Sh.Kudayberdiuly believed that «teachers need particular care to watch his speech, his behavior, respond to their own requirements, design a better person, to encourage independence all his thoughts, his actions». With his hand a great scholar, educator Democrat Ch.Ualihanov making an invaluable contribution to the musical science of Kazakhstan, Kazakh nation emphasized the tendency to poetic art, presenting the idea that poetry and music, developing on the basis of an oral tradition, the most complete and strong manifested creativity of the people, and this is due to the extraordinary richness of forms and types of musical creativity.

We are deeply convinced that the work of music teachers is supported by the desire to make artistic vision poetical strings to use quotations, outstanding statements in finding a tonally-shaped and expressive features of teaching skills through fluency emotionally vivid, imaginative and compelling logic of speech. Personal communication through music, its «poetic ambience» allows the teacher to the Executive not only enrich the inner world of new music student's experiences and thoughts about music, send it to the imagination, highlight the performing tasks, but also attach it to its values, its aesthetic and spiritual experiences aspirations.

Thus, a music teacher must be convinced that it is not enough to be a thinking erudite man convinced of the need to master a technical means of verbal art in shaping an individual's handwriting for performing the synthesis and speech qualities up not once, it is a complex developing a multi-faceted process in which artistic, musical ability to help implement educational activities, and shein turn contributes to a more complete disclosure of the talent and personality of the performer.

The music in a number of art occupies a special place, moreover, that in the education of emotions, feelings, tastes, beliefs, worldview, and moral development of the individual in many ways it is indispensable because it affects the most subtle emotional strings. It helps a person to understand the «personal meaning» in the words of psychologist A.N.Leontiev to be perceived personal and meaningful. No wonder the academic A.K.Zhubanov said: «Music – food for the soul. If literature is the science of anthropology, the music as an art form has a huge impact on the mental and psychological state. «These pedagogical thoughts are the source of ethical and philosophical views of AbayKunanbaev: «Listening kui, profound, as the words of the wise man, and he elevates himself with spirit upon the mortal world» [1]. So, the music helps to understand, to comprehend, to develop the content as trivial as theoretical consciousness, to understand the world and essence. Here we point out the special role of poetry as an important and integral «tool» of artistic and communicative activity of a music teacher. A music teacher should not only fulfill the piece of music, but also to be able to bright, expressive, and at the same time concisely and convincingly tell us about the nature of musical image characteristics of its development, using poetic lines.

Poetry, of course, can not replace the emotional impact of the music itself, but it helps to clarify and enrich the understanding of it deepens the perception, understanding why we did not, and no other impact. With the help of music teacher can enhance the aesthetic and emotional-psychological processes that appear with him in the course of direct communication with a music composition. Poetry is like a continuation of the music itself and therefore is painted in those colors and paints that are inherent in her emotional -shaped imagery.

The study of music pieces in the class linked with bibliography, it requires not only knowledge of the art language, but also an expression of the speech, where poetry stands as a cultural phenomenon, causing the psychological characteristics of students, such as abstract

thinking, imagination, intuition and others, emphasizing their attention to the events, phenomena, time, awareness of «artistic language of art». Shaped, rich, full-bodied, capacious language of poetry like the color in the visual arts as the timbre and tone of the music is actively working on the spiritual personality structure fills, enriches and develops it. Lively, full of varied palette of colors poetic lines is both a powerful tool for self-discovery, self-expression and a catalyst for the creative process in any kind of artistic and performing activities. Even in his time great Abay was able to achieve harmony of form and content in poetry, prose, translations and music, comparing the word art with «shimmering colors of peacock feathers», calling it «pearls» for those who deeply understand this art. A gifted teacher, an outstanding organizer, educator I. Altynsarin paying attention to training teachers pointed out that in education plays a major role – word poetry, «directing attention, analyzing, teaching, explaining about facilitates perception – a word of great pedagogical value» [1]. In this connection it is appropriate to resort to the opinion N.L. Grodzensky, which states that «...we use in talking not only to help the perception of the work but also to give some knowledge that will help them understand the music, increase their interest and deepen perception. It is not only an emotional perception but there will be times ... and involvement of intelligence». According to O. Apraksinoy, «musical perception – the ability to hear and experience the emotional content of music (musical imagery) as an artistic unity, as artistic and imaginative reflection of reality, not as a mechanical sum of different sounds» [2]. Thus, the perception of the poetic and musical work is a complex process, which is based on develop the ability to hear, to experience the content perceived as artistic and imaginative reflection of reality. It is important not so much to feel but to understand how much his idea.

Depending on the level of a music teacher, his knowledges and life experience of the perception of speech information about the music can be directly reflecting in the minds of their observable by the senses of objects, phenomena and processes or indirect based on the second signal system when the perception is created by verbal explanations of the teacher -musician during the conversation or by using literature. It is clear that indirect perception is based on concrete sensory - based on the idea of students using existing experience and knowledge. Organizing direct poetic perception of musical material, the teacher must deliberately choose his sources, to teach targeted surveillance, to direct the attention of students to the most important aspects of the studied objects and properties.

Of particular importance attaches to the teacher's ability to captivate the audience cause they need intense experience. This is especially characteristic of musical performance, which sharpens the personality traits such as emotions, the ability of self-expression, artistry, performing the will. According Asafiev with respect to the speech skills of the teacher-musician activated thinking skills highlights the accuracy, completely convincing and imaginative brightness musical performance and poetic speech. Successfully performed and conducted a conversation about music evokes a feeling of joy, satisfaction with the work done contributes to a need to communicate through music, and performing a convincing interpretation of the product activates the imagination, associative and creative thinking in the performing process.

We are deeply convinced that the work of music teachers is supported by the desire to make artistic vision poetical strings to use quotations, outstanding statements in finding tonally-shaped and expressive features of teaching skills through fluency emotionally vivid, imaginative and compelling logic of speech. Personal communication through music, its «poetic ambience» allows the teacher to the Executive not only enrich the inner world of new music student's experiences and thoughts about music, send it to the imagination, highlight the performing tasks, but also attach it to its values, its aesthetic and spiritual experiences aspirations. Thus, a music teacher must be convinced that it is not enough to be a thinking erudite man convinced of the need to master a technical means of verbal art in shaping an individual's handwriting for performing the synthesis and speech qualities up not once, it is a complex developing a multi-faceted process in which artistic, musical ability to help implement educational activities, and she in turn contributes to a more complete disclosure of the talent and personality of the performer. In summary we can say that the music and poetry is an integral part of the cultural heritage in the education system.

Carefully preserving the past is important to skillfully music teacher, expressive, and just use the folkloric source independently and selectively find «live» poetic word about the music, clearly and vividly own traditional syncretic form of execution – a story with music accompanying Kui, legends, epics, Terme-Dastan and others where the verbal and musical episodes are disclosing the content of music. And the call to ensure that it is always about the music was so lively and fiery that even in a conversation about the past, about the works of experienced era of popular works of classical composers, constituting the «golden fund» of music of Kazakhstan, gaze would be directed only forward to the future, and the sound of the call to be coming.

REFERENCES

1. Anthology of educational thought in Kazakhstan. - Almaty, 1995.
2. Apraksina O.A. Methods of musical perception. - M., 1985.

РЕЗЮМЕ

*Сұлтанова М.С., к.п.н., и.о. проф., Бұршақбаева А., магистрант
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

ИСКУССТВО В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

В статье рассматриваются вопросы системы музыкального образования как изучение музыкальных произведений на уроках, связанных с литературными источниками, требуя от учителя познания не только языка искусства, но и речевого выражения, где поэзия выступает как культурный феномен, вызывая у учащихся абстрактное мышление, воображение, интуицию и др.

Ключевые слова: Культурное наследие, мировая музыка, культуралист, интерпретация, жырау, фольклор, поэт, эмоциональное воздействие.

ТҮЙІНДЕМЕ

*Сұлтанова М.С., п.ғ.к., проф.м.а., Бұршақбаева А., магистрант
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨНЕР

Мақалада музыкалық шығармаларды әдеби дереккөздермен байланыстырып талдау секілді музыкалық білім беру жүйесінің өзекті мәселесі қарастырылады. Мәдени феномен ретінде поэзия оқушылардың дерексіз ойлауын, қиялын, сезімдік түйсігін қозғай отырып, мұғалімнен өнер тілін тануды ғана емес, сонымен қатар көркем сөйлеуді меңгеруді талап етеді.

Түйін сөздер: мәдени мұра, интерпретация, әлем әуені, мәдениеттанушы, жырау, фольклор, акын, эмоционалды әсер.